Жоғары ойлау дағдыларының біртұтас бірлігі ретіндегі оқу сауаттылығының мәнін, рөлін айқындау мен қалыптасу деңгейін бағалау бағытында Қазақстанда айтарлықтай тәжірибе жинақталды. Соның бірі ретінде 2020 жылдан бері өткізіліп, сенімді бағалау құралы қатарында жоғары маңыздылығы уақытпен дәлелденген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 14 жастағы оқушыларының функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалау тестін атауға болады. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалы «Педагогикалық өлшеулер орталығы» әзірлеген оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалауға арналған тест қажетті ақпаратты алу, оны түсіндіру және пайдалану, сыни талдау және өмірлік жағдайларда қолдану сияқты функционалды дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтап, оларды меңгертудегі проблемалық сәттерді айқындауға ықпал ететін зерттеу. Аталған зерттеудің нысаны – Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 14 жастағы оқушыларының білім жетістіктері. Тест үшін әдістемелік негіз ретінде PISA халықаралық бағдарламасының тұжырымдамасы таңдалды [5]. Сондықтан бұл еңбекте Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 14 жастағы оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін бағалау тестінің құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктеріне, нәтижелер мен қорытындыларға талдау жасап, аталған тест түрінің PISA зерттеуіне сәйкестігін қарастыру, нәтижелерде анықталған мәселелердің шешу жолдарын іздестіру мақсаты көзделді. Егер аталған бағалау құралы оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту бағытында оң динамика көрсетсе, PISA халықаралық зерттеуіне дайындық мақсатында маңызды құрал болары сөзсіз.

**Нәтижелер және талқылау**

PISA-да оқушылардың оқу сауаттылығын анықтауда ақпараттың мағынасын ашу және түсінік берудің үш негізгі параметріне (мәтін, жағдай, сұрақ) сүйенсе, ОФСҚДБТ(оқушылардың функционалды сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалау тесті) тапсырмаларын құрастыруда аталған параметрлер егжей-тегжейлі қарастырылып, 6 маңызды параметр назарға алынды:

- мәтін (мәтіннің сипаттамалары: түрі, форматы)
- оқу дағдысы (когнитивті дағдылар)
- контекс
- тапсырма түрі
- оқылым түрлері
- оқу сауаттылығының деңгейлері.

***Мәтіннің сипаттамалары***

Оқу процесі мен оқу сауаттылығына әсер ететін мәтіндердің сипаттамаларын қарастыра келе, бірқатар ерекшеліктерді атап өткен жөн:

1) Мәтіндер саны / мәтін құрылымы (бір мәтін / мәтіндер жиынтығы).

Тест құрылымына жеке бір мәтінге және мәтіндер жиынтығына негізделген түрлі деңгейдегі тапсырмалар енгізілді. Тест нәтижесін статистикалық өңдеу барысында оқушылардың бір мәтінді когнитивті өңдеу нәтижесінің (64%) мәтіндер жиынтығымен (бірнеше мәтін үзінділері, жұп мәтіндер) жұмыс жасаған нәтижеден біршама төмен (78%) екендігі анықталды, дегенмен тест құрастыру процедуралары кезінде бірнеше мәтінді қамтитын тапсырмалардың болжамды күрделілігі жоғары деп қарастырылған болатын. Бұл қарама-қайшылықтың туындау себебіне әсер еткен басты фактордың бірі бұл дағдының қазіргі жасөспірімдерде әртүрлі интернет көздерінен ақпаратты жедел іздеу қажеттілігіне байланысты жақсы дамуымен байланысты болуы мүмкін. Мұндай салыстырулар нәтижесі оқу сауаттылығын дамытуда мәтіндердің көлемі мен құрылымының да маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

2) Мәтін форматы (тұтас, тұтас емес, аралас, құрама мәтіндер).

*Тұтас мәтіндер* өзара сабақтаса байланысқан сөйлемдерден тұрады және мағыналық байланысына қарай абзацтарға, бөлімдерге, тарауларға топтастырылады. Абзацтар арасында мазмұндық байланыс логикалық бірізділікпен беріліп, мәтін құрылымын түсінуге көмектесетін тақырыппен, тақырыпшалармен белгіленеді.

*Тұтас емес мәтіндер* тізімдер, суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар, жарнамалар, кестелер, жарнамалық каталогтар, индекстер, түрлі сызбалар т.б. сияқты графикалық формалардың үйлесімінде берілген ақпараттардан құрылады. Мұндай мәтіндерді түсіну, өңдеу, қолдану әрекеттері басқа оқу дағдыларын қажет етеді.

*Аралас мәтіндер* форматтары бойынша ерекшеленеді: ақпараттары мен коммуникативтік белгілері тұтас абзацтардан тұратын тілдік тәсілдер арқылы жеткізілетін тұтас мәтіндер мен мазмұны кесте, сурет, диаграмма т.б. сияқты графикалық элементтер арқылы берілетін тұтас емес мәтіндердің сипаттамасын біріктіреді. Аралас мәтіндер құрылымы вербалды (тілдік) және бейвербалды (тілдік емес) бөліктердің кіріктірілуінен тұрады және тұтастық, толықтық, қисындық (байланыстылық), реттілік, аяқталғандық сияқты мәтінге тән ерекшеліктерімен сипатталады [6]. Зерттеу барысында жүргізілген эксперименттік бақылауда аралас мәтіндердегі ақпаратты реципиенттердің қабылдауына қатысты келесі ақпараттар анықталды: тек мәтіндік формада берілген ақпараттарды қабылдау көрсеткіші 7%, дыбыстау тәсілдерімен берілген ақпараттарды қабылдау 38%, визуалды форматта ұсынылған ақпараттар қабылдауды 55%-ға жеңілдетеді екен. Бұдан шығатын қорытынды аралас мәтіндерді тест құрылымында қолданудың оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға ықпалы зор.

*Құрама мәтіндер* мағына ғана емес, формат жағынан да әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз әртүрлі /бірнеше/ мәтіндерден құрастырылады. Сонымен қатар мұндай мәтіндердің құрамы бірнеше компоненттерден тұрғанымен, олардың барлығы біртұтас мағына беру қызметін атқарады.

Төменде оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтауға арналған тест дизайнының құрылымындағы мәтін форматтарының бөлінісі ұсынылған.




**1-сурет - Тест құрылымындағы мәтін түрлерінің бөлінісі бойынша 3 жылдық нәтижелер**

Жоғарыда аталған параметр бойынша 3 жылдық тест нәтижесінің талдамасына қарайтын болсақ, Назарбаев Зияткерлік мектептері 14 жастағы оқушылардың тест жұмыстарын орындаудың 3 жылдық нәтижесінде тұтас және аралас мәтіндермен жұмыс жасау бойынша өсу динамикасы айқын байқалады. 2022 жыл мен 2023 жыл аралығында аздап өсу бар екенін көрсетті (тұтас емес мәтіні бар тапсырмалар тұтас (60,07% – 2022ж; 63,08% – 2023ж.) және аралас мәтіндермен (64,23% – 2022ж; 66,00% – 2023ж.) салыстырғанда жоғары нәтиже көрсеткен (70,00% – 2022ж; 76,06% – 2023ж.). Бұл оқушылардың қазіргі әлемдегі ақпаратты берудің танымал формаларына сәйкес келетін тұтас емес мәтін түрімен жұмыс жасау дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптасқанын көрсетеді. Сәйкесінше, тұтас және аралас мәтіндердің тапсырмаларын орындау үшін оқушылардың талдау, жинақтау, иллюстрация жасау, генерация жасау, визуализация жасау секілді когнитивті дағдыларын әлі де жетілдіру қажеттігі анықталды. Жоғарыда берілген параметрде үш жылдың нәтижелері арасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалды. Оқушылар тұтас (71,00%) және аралас мәтіндерге (71,00%) негізделген тапсырмаларды 2022 және 2023 жылғы нәтижеге қарағанда біршама жоғары орындағанымен, тұтас емес (43,00%) және құрама мәтіндерге (26,00%) арналған тапсырмалардың орындау пайызының айтарлықтай төмендегенін көреміз. Біз 2024 жылы алынған тестің құрылымын, тексеретін дағдыларын сараптай келе, 2022, 2023 жылғы тест тапсырмаларының қарапайым болғанын анықтадық. 2024 жылғы тест тапсырмаларының тағы бір ерекшелігі – құрама мәтіндердің қолданылуы. Оқушылардың құрама мәтіндерге құрастырылған тапсырмаларды 26,00%-ға орындауы әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәселелерді бірізділіккe келтіру, әртүрлі элементтердің өзара байланысын түсіну, мәтіннің компоненттерін салыстыру және түсіндіру дағдыларының енді қалыптасып келе жатқанын байқатты. Осы параметр бойынша мәтін түрлерін араластырып қолданудың оқу сауаттылығын дамытудағы үлесі тест нәтижесінен айқын байқалды.

3) Мәтін түрлері

Зерттеу барысында мәтіндік сипаттамалар бойынша жоғарыда ұсынылған параметрлерден басқа мәтіндерде ақпараттың берілу формасы тұрғысынан да нәтижелерге талдау жасалды. Себебі тест нәтижесінде ақпараттың берілу формалары оқырманның ақпаратты табу, түсіну, қолдану, бағалау сияқты когнитивті процестерді жүзеге асыру барысына түрліше әсер еткен. Оқушылардың функционалды сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтауға арналған тест құрылымында қолданылған мәтін түрлері: сипаттау, баяндау, түсіндіру (талдау), негіздеу (дәлелдеу), нұсқаулық, интеракция, транзакция т.б.) [7].

**2-сурет - Мәтін түрлері бөлінісіндегі нәтижелер**

Тест тапсырушыларының орындаған барлық тапсырма нәтижелерінің талдауында (2-сурет) нақты әлеуметтік-коммуникативтік функциялары бар мәтіннің екі түрінде *(интеракция мен транзакцияда)* орындалу пайызы (73,7%) жоғары болды. Мәтіндердің бұл түрлерінің тиімді жұмыс жасауы күнделікті өмірдегі тұлғааралық өзара әрекеттесуді жүзеге асырумен байланысты деуге болады. Мұндай жоғары көрсеткіш осындай тапсырмаларды орындауға қажетті когнитивтік дағдылардың және әлеуметтік байланыстардың виртуалды кеңістікте жүзеге асырылатын қазіргі жастардың күнделікті тәжірибелерімен тығыз байланыста болуымен түсіндіріледі, бұл интеракция мен транзакция формасында берілген мәтіндермен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Оқушылар *түсіндіру (талдау, негіздеу, интерпретация)* түріндегі (72,2%) мәтін түрлерімен жұмыста біршама жақсы нәтиже көрсеткен. Аталған мәтін түрлеріне берілген тапсырмаларды орындау пайызының жоғары болуын мұндай мәтіндерге берілетін тапсырмаларды оқушылар оқу бағдарламасы аясында көптеген пәндер бойынша орындайды және бұдан оқушылардың жоғары ойлауға негізделген когнитивті дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптасқанын айқын байқатады.

Баяндау мақсатында берілетін мәтін түрі тест құрылымында қандай да бір жағдайды, оқиғаларды, фактілерді, кейіпкерлердің әрекеттерін көрсететін жаңалықтар, әңгімелер, есептер жанрында ұсынылған. Мектеп бағдарламасындағы баяндау мәтіндерінің айтарлықтай үлесіне қарамастан, тест қатысушыларының біршама бөлігі (67,7%) ғана тиісті тапсырмаларды сәтті орындады. Бұл көрсеткіш қазіргі жасөспірімдердің көпшілігінің қысқа көлемдегі жаңалықтарды, ойын-сауық сипаттағы хабарламаларды оқумен ғана шектеліп, толық көлемді мәтін түрінде берілетін жұмыстарды оқымайтынын көрсетеді.

Тест қатысушыларының көпшілігі үшін (65,7%) сипаттау мәтінінің түрі бар тапсырмалар жеңіл болған. Бұл жағдайда ақпарат белгілі бір объектіге және оның қасиеттерін сипаттап жеткізуге қатысты беріледі, ал мұндай сипаттағы мәтіндер жаратылыстану және гуманитарлық пәндер бойынша оқу құралдарының көпшілігінде басым болады, сондықтан бұл нәтижеде айқын көрініс тапқан.

Тест қатысушыларының жартысынан көбі (58,1%) нұсқаулық түріндегі мәтін тапсырмаларын сәтті орындады. Бұл нәтижелер аталған жанрдың күнделікті өмірде жиі кездесуімен және қолдану тәжірибесімен байланысты болуы мүмкін.

Тест тапсырушыларының орындаған тапсырма нәтижелерінің талдауында оқушылардың тапсырмаларды орындауға қажетті когнитивтік дағдылары ғана емес мәтіндегі ақпараттың берілу формасына қатысты мәтін түрлерімен жұмыс жасау тәжірибесінің болуы да функционалды дағдыларын дамытуға ықпал ететіндігі айқындалды.

Оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалау құралында тапсырманың тағы бір маңызды өлшемінің бірі – **контекст,** яғни тапсырманың түрлі коммуникативтік жағдайларға сәйкес болуы да маңызды талап ретінде ескерілді. Сондықтан тест тапсырмаларын әзірлеуде жалпыеуропалық құзыреттіліктерге сәйкес CEFR жіктемесі басшылыққа алынды. Оқылым дағдысы үшін қажет коммуникативтік жағдайлардың жіктемесі алғаш рет Еуропа Кеңесі үшін CEFR тұжырымдамасында ұсынылған (Council of Europe, 1996). Бастапқыда бұл жіктеу шет тілдерін оқытуға арналған, бірақ ол диагностикалық құралдарды әзірлеудің негізі ретінде ана тіліне де жарамды деп саналғаннан кейін оқу сауаттылығын тексеруге арналған тапсырмаларға да қолданылып келеді. CEFR оқылымның келесі контекстерін ұсынады: жеке, әлеуметтік, кәсіби және ғылыми. Контекстің мұндай түрлері «Modern Languages: learning, teaching, assessment. A Common European Framework of Reference, Cdn(95) 5 Rev. IV, Strasbourg» зерттеуінде де атап көрсетілген [8]. Сонымен тест тапсырмаларын құрастыру үшін мәтіндер 4 түрлі контекс тұрғысынан таңдалып, нәтижелерге де осы бағыттар бойынша талдау жасалды.

*Жеке контекстегі мәтіндер* адамның жеке мүдделеріне – практикалық, эмоционалдық және зияткерлік мүдделеріне қызмет көрсетеді. Мұндай мәтіндерге адам арасындағы жеке қарым-қатынасты қолдау және дамытуға арналған мәтіндер: жеке хаттар (блогтар, чаттар, смс хабарламалар), көркем әдебиет, өмірбаян, т.б. жатады.

*Әлеуметтік контесктегі мәтіндерге* қоғамдық ұйымдардағы іс-әрекеттер мен оқиғаларды сипаттайтын мәтіндер кіреді. Мысалы, ресми құжаттар, қоғамдық оқиғалар туралы ақпарат, газет жаңалықтары, интернеттегі форумдар т.б.

*Кәсіби контесктегі мәтіндерге* қандай да бір кәсіпке немесе істің орындалуына байланысты мәтіндер жатады. Мысалы, газеттің тиісті бөлімінде немесе интернетте жұмыс іздеу, жұмысқа қалай кірісу туралы нұсқаулық, мамандық түрлері, кәсіп түрлері, тауарлар, қызметтер алу туралы ақпарат, жарнама, нұсқаулықтар, көлік қозғалысының кестесі, афишалар және т. б.;

*Ғылыми контекстегі мәтіндер* кез келген білім беру мәселелерін шешуге қажетті ақпаратты жеткізуге арналған мәтіндер. Мысалы, анықтамалық әдебиеттер, публицистикалық мәтіндер [9].




**3-сурет - Контекст бөлінісінде тапсырмаларды орындау нәтижесі**

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі 14 жастағы оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтауға арналған тест тапсырмаларын орындаудың 3 жылдық нәтижелерін (3-сурет) талдай келе, барлық контекстер бойынша 2022ж., 2023ж. бірқалыпты өсу динамикасын айқын байқаймыз: жеке контекстегі мәтіндер (84,1% – 2022ж; 85.3% – 2023ж.); әлеуметтік контекстегі мәтіндер (73,4% – 2022ж; 75,7% – 2023ж.); кәсіби контекстегі мәтіндер (52,3% – 2022ж; 57,8% – 2023ж.); ғылыми контекстегі мәтіндер (41,2% – 2022ж; 45,4% – 2023ж.). Бұл оқушылардың өз тәжірибесіне негізделген және әлеуметтік сонымен қатар әртүрлі кәсіби, ғылыми саладағы мәтіндерден қажетті ақпаратты іздеу және оны тиімді қолдана алу, талдау, түсіну және бағалай алу қабілеттерінің біршама дамығандығын көрсетеді. 2022ж., 2023ж. оқушылар жеке және әлеуметтік контекстегі мәтіндердің тапсырмаларын кәсіби және ғылыми контекстегі мәтіндердің тапсырмаларына қарағанда жеңіл орындағанын байқаймыз. Оның бірнеше себептері болуы мүмкін:

✓ *Контекстің таныс болуы:* яғни жеке және әлеуметтік мәтіндер көбінесе оқушылардың күнделікті өмірімен, тәжірибесімен және қызығушылықтарымен тығыз байланысты. Оқушылар бұл мәтіндердегі тақырыптарды оңай қабылдап, талдай алады. Ал кәсіби және ғылыми контекстегі мәтіндерде жиі кездесетін теориялық тақырыптар жете түсінуге қажетті терең білім мен талдауды талап етеді.

✓ *Тілді түсінуі:* жеке және әлеуметтік мәтіндер кәсіби және ғылыми мәтіндерге қарағанда көбінесе қарапайым, түсінікті тілде жазылады. Сөздік қор мен грамматикалық құрылымдар оқушыларға таныс, бұл тапсырмаларды орындау процесін жеңілдетеді.

✓ *Дағдылардың қалыптасуы:* кәсіби және ғылыми мәтіндер логикалық құрылым мен аналитикалық дағдыларды және терең ойлау мен деректерді бағалауды талап етеді. Бұл дағдылар жеке және әлеуметтік контексте мейлінше қарапайым болады. Оқушылардың бұл дағдылары жеткілікті дамымаған болса, мәтіндерді түсіну қиынға соғуы мүмкін.

2024 жылы оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында өткізілген тестке қатысушылар әлеуметтік контексте берілген тапсырмаларды басқа контекстерге қарағанда анағұрлым сәтті орындаған (63,4%). Мұндай тапсырмалармен жұмыс істеу жасөспірімдердің өз білімдері мен дағдыларын нақты өмірде қолдана отырып, мектептегі міндетті білім шегінен тыс ересек өмірге дайындығын бағалауға көмектеседі [10].

Оқушылардың нәтижелерінен төмен орындалған контекстердің қатарына жеке (33,1%) және ғылыми (35,3%) контекстерді де жатқызуға болады. Бұдан біз Зияткерлік мектептердің 14 жастағы оқушыларының оқуды жеке және ғылыми мақсаттарда пайдалану қабілеттерінің

жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын және дайындығының аздығын көреміз. Жалпы 3 жылдық нәтижелерді талдау барысында оқушылардың ғылыми контекстегі мәтіндерге қатысты тапсырмаларды орындауда қиналатындығы анықталды. Ғылыми мәтіндерді түсіну үшін жоғары аналитикалық және логикалық дағдылар қажет, ал кейбір оқушылар бұл дағдыларды әлі меңгере алмауы мүмкін. Оқушылардың тілдерінің даму деңгейі мен сөздік қорының ғылыми терминдер мен күрделі құрылымдар сұранысына сәйкес келмеуі де әсер етеді. Оқу процесінде бұл факторларды ескере отырып, оқушыларды қолдау мен дамыту үшін арнайы дайындық жұмыстарын әзірлеу қажет.

PISA зерттеуінде **тапсырма түрлерінің** жабық және ашық түрлері қолданылып, бір немесе бірнеше жауапты таңдау, қысқа және егжей-тегжейлі толық жауап беру тапсырмалары қолданылады. Оқу сауаттылығының деңгейін анықтауға арналған тест жүйесіндегі бағалау жабық тапсырмалар негізінде жүзеге асырылады. 2024 жылғы тест құрылымында PISA зерттеуіндегі тест форматын қамту мақсатында бір немесе бірнеше жауапты таңдау, сәйкестікті, дұрыс реттілікті анықтау, пікір мен фактіні, дұрыс, бұрысты ажырату және т.б. тапсырма түрлері қолданылды. Бағалау саласындағы зерттеулер осы уақытқа дейін оқушылардың оқу жетістіктерін зерттеу және оқу нәтижелерін өлшеу үшін қандай тапсырма форматы жақсы деп танылуы мүмкін деген сұраққа әлі де жауап бермеді. Кейбір зерттеулерде, мысалы, бір немесе бірнеше жауапты жауап таңдау және егжей-тегжейлі толық жауап беру тапсырмалары әртүрлі дағдыларды тексереді, оларды орындау үшін әртүрлі сипаттағы сыни ойлау мен ақыл-ой әрекеттерін қажет етеді [11]. Мәтін бойынша берілетін тапсырмаларды дұрыс құрастырудың да оқу сауаттылығын дұрыс қалыптастыру үшін маңызы зор. Тапсырмалар орындаған кезде оқушы білу мен түсіну деңгейінде ғана қалып қойса, оқу сауаттылығын тиісті деңгейге жеткізу мүмкін емес.

Оқу сауаттылығын зерттеген ғалымдар не үшін оқып жатқанын біліп, **оқу стратегиясын** дұрыс таңдағандар тез әрі саналы оқиды деген қорытындыға келген. Себебі, оқылым бойынша орындалатын тапсырмалардың сапасы мәтінді түсіну деңгейіне тығыз байланысты екенін бәріміз білеміз. Осы орайда оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтайтын тест тапсырмаларына сәйкес оқу стратегияларының келесі түрлері тәжірибеде сәтті қолданылып жүр.

*Таныса оқу* - қосымша ақпаратқа назар аудармайтын, тек негізгі ақпаратты қажет ететін және жалпы мазмұнды қамтитын оқылым түрі. Оқылымның бұл түрі үшін мәтіннің 70 пайызын түсіну жеткілікті, маңыздысы – кілт сөздерді анықтау және түсіну қабілеті болуы керек.

*Көз жүгірте оқу* – оқуға көп уақыт жұмсамай, мәтінді жалпы қарап шығатын, оқырманға пайдалы қызықты / қызықсыз, құнды / қажет емес ақпараттың бар-жоғын көрсетуге арналған оқылым.

*Зерттеп оқу* – бұл ақпаратты толығымен түсінуге бағытталған оқылым, мәтіннен алынған ақпаратты келесі іс-әрекеттерде қолдануға арналған егжей-тегжейлі оқу.

*Іздеп оқу* – бұл белгілі бір ақпаратты берілген мәтіннен нақты ақпаратты табуға бағытталған оқылым. Іздеп оқу кезінде тиісті ақпаратты алу дискурсивті процестерді қажет етпейді және автоматты түрде жүзеге асады [12].




**4-сурет - Оқу түрлері бөлінісіндегі нәтижелер**

2024 жылғы Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі 14 жастағы оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтауға арналған тест нәтижелеріне сүйенетін болсақ, оқушылар зерттеп оқуға негізделген тапсырмаларды орындауда ең жоғары (71,6%) нәтижені көрсетсе, таныса оқуға негізделген тапсырмаларды орындауда ең төменгі (41,6%) нәтиже көрсеткен. Нәтижелерді талдай келе, зерттеп оқудың таныса оқуға қарағанда жоғары нәтижеге ие болуына бірнеше факторлар әсер етуі мүмкіндігі анықталды. Зерттеп оқу кезінде оқушылар мәтінді толық оқиды, негізгі тұжырымдарды және дәлелдемелерді анықтайды, мәтіннің құрылымын түсінеді және қосымша ақпарат іздеуге тырысады. Бұл олардың мәтінді толық және терең түсінуіне ықпал етеді. Таныса оқу кезінде оқушылар мәтінді жылдам қарап шығады және оның жалпы мазмұнын ғана түсінуге тырысады, бұл мәтінді толық түсінуіне ықпал етпейді. Сондықтан оқушылар зерттеп оқуды қажет ететін тапсырмаларға қарағанда таныса оқуға негізделген тапсырмаларды төмен орындаған.

PISA зерттеуіндегі оқу сауаттылығын бағалау моделінің бағаланатын құзыреттіліктеріне қатысты ерекшелігін ескере отырып, оқушылардың функционалды сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалау тапсырмаларында мәтінді өңдеп қолданудың ақпаратты іздеу және алу, түсіндіру (интерпретация) және интеграция, мағынаны түсіну және бағалау сияқты когнитивті процестері негізгі **оқу дағдылары** болып белгіленді. 5-суретте әр оқу дағдысының мазмұны ұсынылған.




**5-сурет - PISA шеңберінде басшылыққа алынған оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалауға негіз болатын мәтінді өңдеудің когнитивті процестері**

Оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін тестілеуде оқу сауаттылығымен байланысты алғашқы когнитивті процесс – ақпаратты іздеу немесе табу [6]. Кез келген мәтін бойынша тапсырма орындағанда орындалатын негізгі оқу әрекеті нақты ақпаратты табудан тұрады, ал сұраққа қажеті жоқ мәтіннің қалған бөлігі ескерілмеуі мүмкін. Ақпаратты тез және тиімді табу үшін оқырман ең алдымен тапсырмада тұжырымдалған сұранысты (сұрақты) және оған сәйкес келетін мәтіннің үзіндісін сенімді жауап ретінде байланыстыра білуі керек. Сондай-ақ аталған оқу дағдысына құрылған тапсырмалардың күрделілік деңгейі әртүрлі болу мүмкіндігі қарастырылған, яғни, аз көлемді қысқа мәтіндерге құрылған тапсырма үнемі төменгі деңгейді бағалайды деген сөз емес, қысқа мәтінге де жоғары ойлау дағдысын талап ететін күрделі тапсырма қолдануға болады. Бір сөзбен айтқанда, жоғарыда аталған когнитивті процестер барлық қиындық деңгейлерінде бағаланады.

Екінші когнитивті процесс – мағынаны түсіну арқылы түсіндіру (интерпретация) және интеграция – оқырманның мәтіннің мазмұны мен мағынасын немесе мәтіндер жиынтығын ойша талдауын қамтиды.

Оқу дағдысында жүзеге асырылатын үшінші танымдық процесс –түсіну және бағалау. Мұнда оқырмандар ақпараттың сапасы мен сенімділігін бағалау үшін мәтіннің сөзбе-сөз немесе болжамды мағынасын түсінуден асып түсуі керек.




**6-сурет - Оқу дағдылары бөлінісіндегі нәтижелер**

Оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалау тестінің 3 жылдық нәтижесін талдай келе, басқа оқу дағдыларына қарағанда ақпаратты іздеу және алу дағдысының жоғары нәтиже көрсеткені анықталды (72,4% – 2022ж.; 74,7% – 2023ж.; 57,4% – 2024ж). Бұл оқушылардың ақпаратты іздеу және табу бойынша білім мен дағдыларды тиісінше меңгергенін, яғни кілт сөздерді қолдануды немесе нақты деректерді таба алуды, мәтіннің бірнеше үзінділерімен (әсіресе құрама және аралас мәтіндермен) жұмыс жасауды, ол бөліктерден сұраққа сәйкес ақпаратты табуды жақсы меңгергенін көрсетеді. Оқушыларға біршама қиындық тудырған оқу дағдысы түсіну және бағалау екенін байқаймыз (49,3% – 2022ж.; 55,0% – 2023ж.; 55,8% – 2024ж). Төмен нәтиженің себебі мәтіндердегі ақпаратты салыстыру, мәтін бөліктері арасындағы қайшылықтарды анықтау, дереккөздердің сенімділігін, тұжырымдардың логикасы мен дұрыстығын, бір мәселе бойынша бірнеше авторлардың ұстанымдарының ұқсастығы мен айырмашылығын бағалау сияқты тексеру элементтері бар тапсырмаларды орындауға оқушылардың әлі де болса жаттықпағандары болуы мүмкін.

PISA халықаралық зерттеуіне оқушыларды дайындау мақсатында өткізілетін оқушылардың функционалды сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалайтын тест бойынша зерттеуге қатысушылардың когнитивтік дағдылары деңгейлік шкала бойынша бағаланады. **Оқу сауаттылығы деңгейінің** өлшемшарттары PISA зерттеуінде қолданылатын бағалау өлшемдері негізінде құрастырылды. Оқу сауаттылығының деңгейлері шкаласы 6 негізгі деңгейден тұрады [13]. Оқу сауаттылығының белгілі бір деңгейіне жеткен оқушының қол жеткізген білім, білік, дағдысын сипаттауда бір ғана параметрге сүйену жеткіліксіз. Сондықтан ең төменгі деңгейден (1c) білім алушылардан жоғары құзыреттерді талап ететін ең күрделі (5 және 6) деңгейлердің сипаттамалары, соған сәйкес қолданылатын мәтіндердің күрделілігінің деңгейі, тапсырмалардың ерекшеліктері және оқырманнан талап етілетін дағдылардың өзара сабақтастығы ескеріліп, нәтижелерге қойылатын талаптар жинақталды. Бұл оқу сауаттылығын анықтауға арналған тест құрамындағы өзгерістерді, бағалау үшін әзірленген жаңа тапсырмаларға қойылатын талаптарды көрсетуге мүмкіндік береді (1-кесте). Деңгейлер шкаласындағы ең төменгі деңгей саралау үшін ішкі деңгейлерге (1a, 1b, 1c) бөлінді. Тиісінше, 5 және 6 деңгейлер оқу сауаттылығы жоғары білікті оқырмандарға теңестірілді. 1-кестеде әр деңгейдің ерекшелігі қысқаша берілген.

**1-кесте - Оқушылардың функционалды сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтауға арналған тест зерттеуіндегі оқу құзыреттілігі деңгейлерінің мазмұны мен ерекшелігі**

| Деңгей | Мәтіндердің күрделілігі | Оқушыдан талап етілетін дағдылар | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| 6 | Бірнеше көзқарасты қамтитын бір немесе бірнеше ұзақ, күрделі, таныс емес тақырыптағы абстрактілі мәтіндер. Мақсатты ақпарат жасырын мәліметтер арқылы берілген. | Терең талдау, салыстыру, қарама-қарсы қою, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты біріктіру, түрлі дереккөздер арасында байланыс орнату, жасырын идеяны анықтау, егжей-тегжейлі жоспарлар жасау. | Ақпаратты сыни тұрғыдан бағалайды, жасырын мәліметтерден мақсатты ақпаратты ажыратады, қарама-қайшы ақпараттардың берілуіне қарамастан, жеке шешім қабылдау дағдыларын көрсетеді. |
| 5 | Түрлі дереккөздерден алынған бірнеше ақпараттан тұратын абстрактілі немесе парадоксалды түсініктері бар бір немесе бірнеше көлемді мәтіндер | Қарапайым логикалық талдау жасау, жауаптары бірнеше дереккөздің ішінде немесе арасында жасырылған жанама сұрақтарға жауап беру, арнайы тапсырмалар негізінде мәтінді түсіну, ақпаратты салыстыру және қарама-қарсы қою, фактіні пікірден, бейтарап көзқарасты біржақты көзқарастан ажырату. | Бейтаныс мәтіндерге түсінік береді, ақпараттың сенімділігі туралы қорытынды жасайды, сыни бағалау және гипотеза жасау қабілетін көрсетеді. |
| 4 | Бір немесе бір тақырыппен жанама және жасырын белгілермен байланыстырылған көлемді, күрделі, стандартты емес мәтіндердің комбинациясы | Тілдік реңктердің мағынасын біріктіру, әртүрлі контекстердегі айқын мәлімдемелерді салыстыру және қарама-қарсы қою, байланыс орнату және алдыңғы тапсырманы есте сақтауды қажет ететін тапсырмаларды | Біртұтас күйде берілмеген ақпараттың бірліктерін тауып, байланыстыра алады. Мәтіннің тұтас мағынасына сәйкес тілдік өзгешеліктерді түсінеді. Тақырып бойынша қорытындыларды бағалайды және бейтаныс контекстегі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | орындау | түсініктерді, кейіпкер позициясын түсіну және қолдану дағдыларын көрсетеді. |
| 3 | Күтілетін нәтижеге қайшы келетін немесе теріс тұжырымдалған идеялары бар, құрылымы айқын емес немесе мазмұндық құрылымы әртүрлі бір мәтін немесе мәтіндердің шағын жиынтығы | Жасырын түсініктерге негізделген ақпаратты табу, рефлексия жасау, таныс тақырып бойынша мәтін үзіндісін түсіну, салыстыру, түсіндіру, мәтіннің детальдерін бағалау, бірнеше мәтіннен ақпаратты жіктеу | Ақпараттың кейбір бөліктері арасындағы қатынасты анықтайды, талдайды. Мәтіннің бірнеше бөліктерін біріктіру арқылы басты идеяны анықтайды. Қарама-қайшы ақпарат пен оқушының болжамына сәйкес келмейтін мәтінді ұғады. Көпшілікке мәлім, күнделікті білім негізінде мәтінді түсінгенін көрсетеді. |
| 2 | Құрылымы айқын орташа көлемдегі бір немесе бірнеше мәтін | Ақпараттың бір немесе бірнеше бөлігін табу, байланыстарды, мәтін үзіндісіндегі мағынаны түсіну, жеке тәжірибе мен пікірге негізделген білім мен мәтінді байланыстыру | Жасырын немесе оқырман назарын басқа жаққа аударатын ұқсас ақпараттары бар мәтін бөлігінің негізгі идеясын түсінеді, мәтіннің бір ерекшелігіне негізделген салыстырулар жасайды, мәтін мен басқа тараптың білімі, тәжірибесі, пікірлері арасындағы байланыстарды түсінеді. |
| 1a | Оқырман назар аударуы тиіс айқын нұсқаулықтары мен фрагменттері бар бір немесе бірнеше қысқа мәтіндер | Сөйлемдердің немесе қысқа үзінділердің тура мағынасын түсіну, бір бөлікте берілген көршілес фрагменттердің арасында қарапайым байланыс орнату және оларды өз білімдерімен байланыстыру | Таныс тақырыптағы мәтіннің негізгі ойын, автордың мақсатын анықтайды. |
| 1b | Нұсқаулықтары мен сипаттамалық белгілері бар, түрі, контексі таныс, қарапайым синтаксиске құрылған, шағын мәтін | Қарапайым сөйлемдердің сөзбе-сөз мағынасын түсіну және түсіндіру, ақпараттың бір бөлігін табу, тікелей анықтамаларға негізделген орынды дұрыс таңдау | Өзіне таныс мәтіндегі айқын ақпаратты табады. ой салатын (ақпараттың қайталануы, суреттер немесе таныс белгілер) қарапайым мәтінмен жұмыс жасайды. Керағар /шектен тыс ақпаратты қамтымайтын мәтінді түсінеді. |
| 1c | Қысқа, синтаксистік жағынан жай сөйлемдер мен қарапайым сөздерден тұратын шағын мәтін | Тура мағынаны оқып, түсіну | Шектеулі уақыт ішінде қарапайым оқу тапсырмаларын орындайды. |

Кестеден көріп отырғанымыздай, деңгейден деңгейге ауысқан сайын когнитивті белсенділіктің мазмұны күрделене түседі. Күрделену динамикасын келесі дескрипторларға сүйене отырып байқауға болады: мәтіннің күрделілігі, қажетті оқу дағдылары, күтілетін нәтижелер. Бұл дескрипторлар оқу сауаттылығын қалыптастыру мақсатында оқушылардың оқу мазмұнын жаңартудың бастапқы нүктесі және PISA зерттеуіндегі бағалаумен сәйкес негізгі

бағыт болып табылады. Төменде оқу сауаттылығы деңгейлері өлшемі бойынша нәтижелер талдауы ұсынылды (7- сурет).




**7-сурет - Оқу сауаттылығы деңгейлері бойынша нәтиже**

Оқу сауаттылығын бағалау процесінде көрсеткен тест нәтижелері арқылы 14 жастағы НЗМ оқушыларының оқу сауаттылығы деңгейлері анықталды. 3 жылдық нәтижелерді талдай келе, 1 және 6-деңгейдегі оқушылар үлесі 3 жылда да біршама тұрақты болғаны анықталды. Оның себептерінің бірі 1-деңгей көбінесе өте қарапайым, оқушыларға таныс мәтіндер, жеңіл тапсырмалардан тұратындығынан болуы мүмкін. Бұл деңгейдегі оқушылар автордың негізгі ойын немесе мақсатын және таныс тақырыптағы мәтіннен үзінділерді түсіне алады. Оқушылар бірнеше іргелес ақпарат бөліктері арасында немесе ұсынылған ақпарат пен олардың бөлімдері арасында қарапайым байланыс орната алады. Сондықтан оқушылардың көпшілігі (87% - 2022ж., 86% - 2023ж., 88% - 2024ж.) осы деңгейде. 6-деңгейдегі оқушылардың үлесі басқа деңгейлерге қарағанда аз (31,0% - 2022ж., 35,7% - 2023ж., 26,3% - 2024ж.) және жыл сайын тұрақты болуы мәтін мен тапсырмалардың және тексеру элементтерінің басқа деңгейлерге қарағанда күрделі болып келуіне де байланысты болуы мүмкін деген болжам жасалады. Оқу сауаттылығының 6-деңгейіне жеткен оқушылар жоғары білікті оқырмандар. Олардың мәтіннен жаңа ақпарат алу және сыни ойлау қабілеті қазіргі заманғы ақпараттық қоғам үшін өте құнды. 6-деңгейдің тапсырмалары оқушыларға күрделі жоспарлар құруды, бірнеше критерийлерді біріктіруді және тапсырма мен мәтінді (мәтіндерді) байланыстыру үшін қорытынды жасауды талап етеді. Сондықтан оқушылардың аз бөлігі ғана соңғы 3 жылда шамамен тұрақты түрде 6-деңгейді игеруде. 2-деңгейдегі оқушылар үлесінде де соңғы 3 жылда осы тұрақтылық байқалады, оның да негізгі себептерінің бірі ретінде бұл деңгейдің де мәтіндері мен тапсырмаларының күрделілігі орта деңгейде болатындығынан деп болжаймыз. Графикте жылдар арасындағы елеулі айырмашылықты 4 және 5-деңгейдегі оқушылар үлесінен байқауға болады. Соңғы 2024 жылы осы деңгейдегі оқушылар саны алдыңғы жылдарға қарағанда 10-15 %-ға төмендегені анықталды. Тапсырма мазмұны мен құрылымын, форматын талдай келе, 2024 жылы қолданылған бағалау құралдарындағы ресурстардың, тапсырма форматтарының күрделілігі 2022ж, 2023ж. қарағанда осындай елеулі алшақтыққа себеп болуы мүмкін.




**8-сурет - Оқушылардың функционалды сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалаудың жалпы нәтижесі**

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі 14 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалау тестінің 3 жылдық ресми нәтижелері 14 жастағы оқушылардың оқу сауаттылығының 2022-2023ж.ж. аралығында өсу динамикасын байқатқанымен, 2024 ж. 8,5 %-ға пайызға төмендегенін көрсетті. Нәтижелердегі пайыздық алшақтық бойынша анықталған проблемалар аталған зерттеу жұмысын жүргізуге түрткі болып, негізгі зерттеу обьектісі ретінде қарастырылды.

2024ж. тестің барлық параметрлерін талдай келе, нәтиженің төмендеу себебіне келесі факторлар әсер еткені анықталды:

- Тапсырма түрлерінің өзгеруі (салыстыруға, сәйкестендіруге, факті мен пікірді, шын мен жалған ақпаратты ажыратуға арналған кесте түріндегі тапсырмалар қосылды). Мұндай тапсырмалар оқушылардан күрделі аналитикалық ойлау мен ақпаратты терең түсіну қабілеттерін талап етеді, бұл дағдылардың жетіспеушілігі тест нәтижелерінің төмендеуіне әкелуі ықтимал.
- Мәтін форматының күрделенуі (тұтас емес мәтіндердің саны көбейді, құрама мәтін форматындағы күрделі ресурстар қолданылды). 2024 ж. тест тапсырмаларында тұтас емес мәтіндер санының артуы, сондай-ақ күрделі ресурстарды қолдану, оқушыларға мәтіннің құрылымын, негізгі идеясын және контексін түсіну қабілетін тереңдетуді талап етеді. Құрама мәтін форматындағы күрделі ресурстар мен тұтас емес мәтіндердің санының артуы, оқушылардың назарын шоғырландыруын және мәтіннің негізгі идеясын түсінуін қиындатты. Оқушыларға жаңа форматтағы мәтіндермен жұмыс жасауға үйрену үшін уақыт пен күш жұмсау керек болды, ал кейбір оқушылардың бұл өзгерістерге бейімделе алмағандары байқалды.
- Мәтін түрлері түрлендірілді (сипаттау, баяндау, түсіндіруден (талдау) басқа негіздеу (дәлелдеу), нұсқаулық, интеракция, транзакция т.б. нақты әлеуметтік-коммуникативтік функциялары бар мәтіндер қосылды). Мұндай мәтіндермен жұмыс жасау үшін оқушыларға жоғары деңгейдегі сыни ойлау мен талдау дағдылары қажет. Оқушылардың кейбірінде бұл дағдылар әлі де жеткілікті деңгейде қалыптаспағандықтан, нәтижесінде оқу сауаттылығының төмендеуі байқалды.

**Қорытынды**

Оқу сауаттылығында мәтін бойынша тапсырма орындау үшін оқушылар түрлі когнитивті дағдылар мен қабілеттерді игеруі керек. Олардың ішінде ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау және шығармашылық ойлау дағдылары ерекше орын алады. Осы дағдылар арқылы оқушылар мәтінді тиімді пайдалануды және оны өз білімдері мен дағдыларын дамыту үшін қолдануды үйренеді. Мәтіндердегі ақпаратты салыстыру, мәтін бөліктері арасындағы қайшылықтарды анықтау, дереккөздердің сенімділігін, тұжырымдардың логикасы мен дұрыстығын, бір мәселе бойынша бірнеше авторлардың ұстанымдарының ұқсастығы мен айырмашылығын бағалау сияқты тексеру элементтері бар тапсырмаларды орындауға оқушылардың әлі де болса жаттықпағандары нәтиженің төмендеуіне әсер еткен. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру үшін олардан оқу материалдарын терең түсінуге және оларды сыни талдау қабілеттерін дамытуға бағытталған дағдыларды талап ету маңызды. Бұл дағдылар оқушылардың мәтіндерді оқып түсінуіне ғана емес, сонымен бірге оларды өмірде қолдануына және өзінің пікірін қалыптастыруына мүмкіндік береді [14].

Жоғарыда берілген талдаулар негізінде оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру бағытында жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін бірқатар ұсыныстар жинақталды.

*Оқу сауаттылығы бойынша жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне арналған ұсыныстар*

- Оқылымның алғашқы кезеңдерінен бастап оқушының «жақын қашықтықта» мәтінімен жұмыс істеу әдетін қалыптастыру керек, ақпаратты бір-ақ рет оқуға немесе еске түсіруге сенбей-ақ, өзін екі рет тексеру керек («Мен не жеп тұрғанын дұрыс түсіндім бе?», «Бұл туралы автор осылай айтты ма?»). Мәтінге үнемі жүгіну әдеті дағдылардың бірінші тобына жататын ақпаратты іздеу және алуға арналған тапсырмалардың сәтті орындалуына кепілдік береді. Оқу дағдыларының қалған топтарын игерудің сәттілігі осы негізгі дағдылардың қалыптасуына байланысты. Оқылымды кезең-кезеңімен бақылау оқушыны біртіндеп мәтін бойынша ақпаратты нақтылауға үйретеді.
- Сыныптағы өзара әрекеттесу мен ынтымақтастық кеңістігін ұйымдастыра отырып, оқу процесін терең саралауды және әр оқушыға мақсатты қолдау көрсетуді мұқият жоспарлау керек.
- Оқу дағдыларын қалыптастырудың төмен деңгейін көрсеткен оқушыларға оқу мотивациясы мен табысқа жету жағдайларын жасау үшін қолдау қажет. Бұл санаттағы оқушылардың оқу сауаттылығының деңгейін көтеру олардың өзін-өзі бағалауына және сыныптастарының оларға деген көзқарасына тікелей байланысты. Сондықтан оқушының жетістіктерін де атап өту маңызды, сонымен қатар нақты ақпаратты іздеуге тапсырмалар беру, жауап бере алатындай қысқа сұрақтар қою, оқушыны өзін көрсете алатын және өзін жайлы сезінетін топтық жұмысқа қосу әрекеттері ұсынылады. Бірлескен жұмысқа қатыса отырып, оқушы басқалардың жұмыс тәсілдерін қабылдайды, кеңестер мен практикалық көмек алады.
- Оқу дағдыларын қалыптастырудың жеткілікті деңгейі бар оқушыларға басқа тапсырмалардан ерекшеленетін тапсырмаларды ұсына отырып, логика мен мағынаны түсінуге жүйелі түрде көмек көрсету ұсынылады. Оларға ұсынылатын мәтінде себеп-салдар байланысын қалпына келтіретін, мәтіннің әртүрлі фрагменттерінің бөлшектерін байланыстыратын арнайы сұрақтар болуы мүмкін. Оқушылардың назарын мақсат қоюға, іс-әрекетті жоспарлауға, өзін-өзі бақылауға (мысалы, шолу немесе тереңдетіп оқу, қайталап оқу, абзацтарды қорытындылау, бірнеше дереккөздерден алынған ақпаратты байланыстыру және т.б.) аудару қажет.
- Оқу дағдыларын қалыптастырудың орташа және жоғары деңгейлері бар оқушылар үшін мәтін фрагменттерін іздеуге және қалпына келтіруге арналған тапсырмалар санын қысқарту ұсынылады, астарлы мағынадағы немесе мәтіннен тыс ақпаратты талдауды қажет ететін сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру керек. Осы деңгейдегі оқушыларда кездесетін

қиындықтар белгілі бір әрекетпен байланысты болуы мүмкін: мысалы, ақпаратты қорытындылау, кестенің немесе графиктің мақсатын түсіну, кез-келген мәселені шешу үшін кестедегі ақпаратты пайдалану, тұжырымдау. Бұл деңгейдегі оқушыларға жеке көмек көрсетуді мұқият жоспарлау және олардың қалыптасу сатысында тұрған оқу дағдыларын дамыту қажет.

- Оқу дағдыларын қалыптастырудың жоғары деңгейі бар оқушыларға мақсатты қолдау көрсету үшін жобалау-зерттеу типіндегі, сондай-ақ рефлексияны, талдауды, әртүрлі көзқарастарды сыни бағалауды, гипотезаларды тұжырымдау мен проблемалық мәселелерді шешудегі вариативтілікті қамтитын тапсырмаларды ұсынуды талап етеді. Мұндай тапсырмаларды орындау мәтіннің сапасы мен сенімділігін бағалауды, әртүрлі, бір-бірін жоққа шығаратын көзқарастарға мүмкіндік беретін жағдайда қосымша, мәтіннен тыс білімді пайдалану мүмкіндігін қажет етеді. Рефлексия сұрақтары оқушыдан салыстыру, қарама-қарсы қою және болжам жасау үшін өз тәжірибесіне немесе біліміне сүйенуіне мүмкіндік беретіндей құрылымда болуы керек [15].

Жоғарыдағы аталған жұмыс формаларын тиімді жүргізіп, оқылым дағдысын дұрыс ұйымдастыру барысында біз сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық таныта білетін, оқу сауаттылығы жоғары тұлға тәрбиелей аламыз. Қорыта келе, білім алуды ұйымдастырушы ретінде оқушының оқу сауаттылығын дұрыс бағытта дамытып, алдағы өміріне бағыт – бағдар беру – мұғалім алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Зерттеу жұмысымыздың өнімі ретінде мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдың дайындалып жатқанын және осы бағытта қазақ және орыс сыныптары арасында оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалау тест нәтижелеріне салыстырмалы зерттеу жүргізетінімізді мәлімдейміз.

Қазақстанның PISA халықаралық зерттеуіне қатысуы білім саласын дамытуда стратегиялық маңызға ие. Зерттеу нәтижесінде алған мәліметтер еліміздің білім сапасы мен әлемдік білім беру жүйесіндегі орны жөнінде ой өрбітуге мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. OECD (2009). PISA 2009 Framework: Key Competencies in Reading, Mathematics and Science. OECD Publishing: Paris.
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау саясаты. № 11 хаттама. 2022ж.
3. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2023-2029 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. 2023. Ресми жарияланым.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.
5. ЭЫДҰ (OECD). PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do. 2019. OECD Publishing: Paris.
6. Шалабай, Б. Мәтінді зерттеудің ғылыми негіздері // Ұлағат. – 2007. – № 10. – Б. 80-87.
7. Дүйсебек, А. PISA халықаралық зерттеуі аясында оқу сауаттылығын бағалаудың ерекшеліктері // Педагогикалық ғылымдар журналы. 2022.
8. Цукерман, Г.А. Оценка читательской грамотности. Москва 2010.
9. Жұмағалиева, Б. Оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді стратегиялары мен әдістері. Әдістемелік құрал. 2024.
10. Даулетова, Н.А. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалары (PISA халықаралық зерттеулері бойынша) әдістемелік құрал. 2019.
11. Асқарова, Г.М. Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту арқылы оқу сауаттылығын арттыру. Ғылыми-әдістемелік жинақ. 2023.

12. Бегашева, И.С., Васильева, Н. И., Коликова, Е. Г., Пяткова, О. Б., Хафизова, Н. Ю., Шайкина, В. Н. Формирование функциональной грамотности школьников в контексте преподавания учебных предметов. Учебное пособие. 2021, Челябинск.

13. Сағымбаева, А.Е., Заславская, О.Ю. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын критериалды бағалау // ҚазҰПУ Хабаршысы. 2021.

14. Тұрғынбаева, Г.А. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық негіздері. Монография немесе ғылыми мақала. 2020.

15. Оқушылардың оқу суаттылығының қалыптасу деңгейін бағалауға арналған тест нәтижелері бойынша детальді есеп / Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы». 2024, қараша.

**К.Е. Кунева, Ж.Ж. Рустемова**

## ВАЖНЫЕ ПАРАМЕТРЫ РАЗВИТИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ: ИССЛЕДОВАНИЯ И ОПЫТ

В мировом контексте функциональная грамотность рассматривается как один из ключевых параметров подготовки к жизни в современном обществе. В этом направлении в статье особо выделяется проект теста по оценке уровня сформированности функциональной грамотности учащихся, разработанный филиалом автономной Назарбаев Интеллектуальные школы» «Центр педагогических измерений», который рассматривается как один из важнейших опытов подготовки к исследованию PISA. Особое внимание уделяется эффективному использованию его результатов для определения уровня сформированности функциональных навыков учащихся – получения необходимой информации, её понимания и использования, критического анализа и применения в жизненных ситуациях, а также выявления проблемных моментов в освоении этих навыков. Кроме того, в статье рассматриваются меры и стратегии, направленные на совершенствование учебного процесса и развитие функциональной грамотности учащихся на основе анализа полученных результатов, а также важные параметры и эффективные пути формирования читательской грамотности. Авторы делятся своим опытом правильного выбора заданий для чтения, текстов, когнитивных навыков и учебных стратегий, предоставляют рекомендации на основе результатов исследования и подчеркивают, что корректная постановка заданий для чтения является ключевым условием достижения ожидаемых результатов.

Ключевые слова: функциональная грамотность, когнитивные навыки, параметры, читательская грамотность, международный стандарт, контекст, формат, стратегии чтения

**K. Kuneva, Z. Rustemova**

## IMPORTANT PARAMETERS OF READING LITERACY: RESEARCH AND PRACTICE

In the global context, functional literacy is considered one of the key parameters for preparing individuals for life in modern society. In this regard, the article highlights a test project designed to assess the level of students' functional literacy, developed by the branch of the autonomous educational organization "Nazarbayev Intellectual Schools" – the Center for Pedagogical Measurements. This project is regarded as one of the most significant experiences in preparing for the PISA study. Special attention is given to the effective use of its results to determine the level of students' functional skills – obtaining necessary information, understanding and applying it, critical analysis, and use in real-life situations – as well as to identify problem areas in mastering these skills. Furthermore, the article discusses measures and strategies aimed at improving the educational process and developing students' functional literacy based on the analysis of the obtained results, as well as important parameters and effective ways to develop reading literacy. The authors share their experience in properly selecting reading tasks, texts, cognitive skills, and learning strategies, provide recommendations based on the research findings, and emphasize that the correct design of reading tasks is a key factor in achieving the expected outcomes.

**Keywords:** functional literacy, cognitive skills, parameters, reading literacy, international standard, context, format, reading strategies

## References

1. OECD (2009). PISA 2009 Framework: Key Competencies in Reading, Mathematics and Science. OECD Publishing: Paris.
2. «Nazarbaev Ziiatkerlık mektepterı» DBBŪ oqýshylarynyń oqý jetıstıkterın baǵalaý saıasaty. No. 11 hattama. 2022.
3. QR Oqý-aǵartý mınıstrlıgı. Oqýshylardyń fýnktsıonaldyq saýattylyǵyn damytý jónındegı 2023-2029 jyldarǵa arnalǵan ulttyq ıs-qımyl josparasy. 2023. Resmı jarıalanym.
4. Oqýshylardyń fýnktsıonaldyq saýattylyǵyn qalyptastyrýdaǵy mektep jáne otbasynyń ózara ıs-áreketınıń mazmúny men túrlerı. Ädıstemelık qural. Astana: Y. Altynsarın atyndaǵy Ulttyq bilım akademıasy, 2013.
5. EIDŪ (OECD). PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do. 2019. OECD Publishing: Paris.
6. Shalabaı, B. Mätındı zertteýdıń ǵylymı negızderı. Ulaǵat. 2007, no. 10, pp. 80-87.
7. Dúısebek, A. PISA halyqaralyq zertteýı aıasynda oqý saýattylyǵyn baǵalaýdyń erekshelıkterı. Pedagogıkalyq ǵylymdar jýrnaly. 2022.
8. Cukerman, G.A. Ocenka čitatel′skoj gramotnosti [Assessment of reading literacy]. Moskva 2010.
9. Žumaǵalıeva, B. Oqý saýattylyǵyn qalyptastyrýdyń tıımdı strategıalary men ädısterı. Ädıstemelık qural. 2024.
10. Dauletova, N.A. Oqýšylardyń oqý saýattylyǵyn damytýǵa arnalǵan tapsyrmalary (PISA halyqaralyq zertteýlerı boıynša) ädıstemelık qural. 2019.
11. Asqarova, G.M. Oqýšylardyń synı oılaý daǵdylaryn damytý arqyly oqý saýattylyǵyn arttyrý. Ǵylymı-ädistemelık žınaq. 2023.
12. Begaševa, I.S., Vasil′eva, N. I., Kolikova, E. G., Pâtkova, O. B., Hafizova, N. Û., Šaîkina, V. N. Formirovanie funkcional′noî gramotnosti škol′nikov v kontekste prepodavanija učebnyh predmetov [Formation of functional literacy of schoolchildren in the context of teaching academic subjects]. Učebnoe posobie. 2021, Čelâbinsk.
13. Saǵymbaeva, A.E., Zaslavskaıa, O.Iu. Oqýshylardyń fýnktsıonaldyq saýattylyǵyn krıterıaldy baǵalaý. QazŪPÝ Habaršysy. 2021.
14. Turǵynbaeva, G.A. Fýnktsıonaldyq saýattylyqty qalyptastyrýdyń pedagogıkalyq negızderı. Monografıa nemese ǵylymı maqala. 2020.
15. Oqýšylardyń oqý sýattylyǵynyń qalyptasý deńgeıın baǵalaýǵa arnalǵan test nätiželery boıynša detaldi esep [Detailed report on the results of the test for assessing the level of formation of students' reading literacy] / Nazarbaev Ziiatkerlık mektepterı DBBŪ «Pedagogıkalyq ólšeýler ortalyǵy». 2024, qarasha.

***Авторлар туралы мәлімет:***

**Кунева Қарлығаш Елеусизовна** - магистр, эксперт, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы, Астана қаласы, Қазақстан, kuneva_k@cpi.nis.edu.kz.

**Рустемова Жайна Жарасовна** - магистр, эксперт, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы, Астана қаласы, Қазақстан, rustemova_z@cpi.nis.edu.kz.

***Сведения об авторах:***

**Кунева Қарлығаш Елеусизовна** - магистр, эксперт, филиал «Центр педагогических измерений» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», г. Астана, Казахстан, kuneva_k@cpi.nis.edu.kz.

**Рустемова Жайна Жарасовна** - магистр, эксперт, филиал «Центр педагогических измерений» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», г. Астана, Казахстан, rustemova_z@cpi.nis.edu.kz.

***Information about the Authors:***

**Kuneva Karlygash** - Master, expert, the branch of AEO «Nazarbayev Intellectual Schools» «Center for Pedagogical Measurements», Astana, Kazakhstan, kuneva_k@cpi.nis.edu.kz.

**Rustemova Zhaina** - Master, expert, the branch of AEO «Nazarbayev Intellectual Schools» «Center for Pedagogical Measurements», Astana, Kazakhstan, rustemova_z@cpi.nis.edu.kz.

**ҒТАМР 16.21.25** https://doi.org/10.63597/UTO3105-4161.2025.4.4.003

**М.Б. Абсатова*[1], А.Б. Баймурзаева[2], Ж. Қайратқызы[3]**
[1,2,3]«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
*email: absatova_m@cpi.nis.edu.kz

*[1]ORCID 0009-0005-2222-3576, [2]ORCID 0000-0002-1288-4785,*
*[3]ORCID 0000-0003-3827-8393*

# БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ БАСПАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ ОҚУДЫ ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІ

Оқу орындарында оқулықтар көбінесе цифрлық және баспа форматтарына кеңінен қолданылатын оқу стратегияларына бағытталған. Түрлі зерттеулер баспадан немесе экраннан мәтінді оқып түсіну қалай әсер ететіні туралы әртүрлі нәтижелерді көрсетеді. Бұл мақалада білім алушылардың цифрлық оқуға қатысты көзқарасы мен тәжірибесін зерттейтін зерттеу нәтижелері ұсынылады. Қала және ауыл мектептерінің 82 білім алушыларынан (5-6-сыныптар) сауалнама алынып, баспа және сандық мәтінді қолдану ерекшелігі талданды. Талдау көрсеткендей, жынысына, оқығанын есте сақтау дағдыларына, қағаздағы, экрандағы немесе екеуіндегі мектеп тапсырмаларының артықшылықтарына қарай нәтижелердің ұқсас екенін байқатты. Оқу құралына қарамастан, есте сақтау дағдылары жақсы және өзін-өзі бағалауы жоғары оқушылар жақсы нәтиже көрсетті, ұлдар қыздардан асып түсті, ал баспалық және компьютерлер арқылы оқуға бірдей дайын оқушылар компьютерлерді ұнататын оқушылардан асып түсті. Бұл зерттеудің нәтижелері оқуды түсіну үшін баспа және сандық мәтіндерді икемді пайдаланудың артықшылықтарын көрсетеді. Дегенмен цифрлық оқудың танымалдылығына қарамастан, баспа мәтіндерін оқудың ұзақ уақыт есте сақтау, жан-жақты талдап оқу және қайта қарастыра алу жағынан оқушылар тарапынан жоғары бағаланды. Аталған мақала тақырыбының қазіргі мектеп үрдісінде маңыздылығы жоғары, ақпараттық технологияны, жасанды интеллектіні қолдану әлемдік деңгейде кез келген оқу орындарының күнделікті жұмыстарының бір бөлігіне айналып отыр.

**Түйін сөздер:** оқу дағдылары, баспа мәтіні, сандық мәтін, өзін-өзі бағалау, нәтиже.

## Кіріспе

Қазіргі таңда білім саласы дәстүрлі оқытудан, сандық білім беру кеңістігінде оқытуға жаппай көшуді бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев педагогтердің съезінде сөйлеген сөзінде: «Білім беру үдерісін цифрландыру қарқынын жеделдету маңызды. Қазақстанда шынымен де мықты мектептер бар... Ал цифрлық шешімдер озық педагогикалық тәжірибені тез әрі тиімді ауқымдауға мүмкіндік береді. Олардың көмегімен тіпті ең шалғай аймақтардағы оқушыларды ел мен әлемнің үздік мұғалімдерінің материалдарымен және сабақтарымен қамтамасыз етуге болады» [1], – деп атап көрсеткен болатын. Осыған байланысты білім беруді цифрландыру – оқу деңгейіне жаңа серпілістер беріп, білім беру жүйесін технологиялық жаңарту және жақсартуға бағыттап, оқытудың жаңа цифрлық мазмұнын жетілдіруге жағдайлар жасай бастады. Сондай-ақ, оқытудың дәстүрлі түрлерін жаңашаландыруға көңіл бөлінуде. Дегенмен оқу құралдарына қатысты цифрлық оқудың даму қарқынына қарамастан, баспалық мәтіндерді оқудың ұзақ уақыт есте сақтау, жан-жақты талдап оқу және қайта қарастыра алу мүмкіндігі де аз айтылмайды. Мысалы, PISA-2022-ге қатысушы елдерде/аумақтарда тестілеуді өткізудің негізгі әдісі ретінде компьютерлік форматта жүргізілді. Тестілеудің бейімделмеген нұсқасы PISA-2022-де қағаз форматында тапсырған елдерде/аумақтарда қолданылды [2].

Оқу дағдылары академиялық жетістік үшін өте маңызды. Оқуда маңызды орын алатын

оқыту нысаны – мәтін. Осыған байланысты мұғалім мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және оқушының сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады [3]. Осындай мәселе аясында бұл зерттеу оқушылардың баспалық немесе сандық мәтінді оқығанын түсіну деңгейін қарастырды. Аталған факторлардың әртүрлі ақпарат құралдарында оқуды түсіну нәтижелеріндегі айырмашылықпен қалай байланысты екенін зерттеді. 5-6-сынып оқушылары арасында оқуды түсіну нәтижелері салыстырылды (82 оқушы): оқушылардың барлығы баспа және сандық мәтінді түсіну тапсырмаларын орындады.

Оларға екі мәтін берілді: біреуі қағазда, екіншісі экранда. Баспа мәтіндері мен цифрлық мәтіндерді оқыған оқушылар бірнеше сұрақтарға (баспалық мәтінде ашық типті – 9 сұрақ (қысқа жауапты қажет ететін), жабық типті – 7 сұрақ, цифрлық мәтінде ашық типті – 10 сұрақ (қысқа жауапты қажет ететін), жабық типті – 7 сұрақ) жауап берді.

**Әдебиеттерге шолу**

Қазіргі кезде мектеп оқулықтарының да басым көпшілігі цифрлық форматқа көшірілгені белгілі. Алайда заманауи оқулықтардың пайда болуы қоғамда дәстүрлі оқулықтардың қолданыстан шығып қалуы мүмкін деген алаңдаушылық бар. Балалар қазір көп уақытын компьютерде, гаджетте өткізеді. Сабақ барысында ғаламторға тәуелділігі артатын болады. Баланың ағзасына компьютер технологияларының зиянды жағы бар екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Мәтіндерді оқу арқылы тапсырмаларды орындауға қатысты кейбір зерттеулерде студенттер баспа мәтіндерін сандық мәтіндерден артық көретіні айтылады [4]. Дәстүрлі форматтағы кітап оқу зейінді шоғырландыруға көмектеседі. Зерттеулер көрсеткендей, қағаз бетімен өзара әрекеттесу экраннан оқуға қарағанда оқырман мен мәтін арасында терең байланыс қалыптастырады. Алайда, Singer және Alexander (2017a) зерттеуінде студенттер сандық мәтіндерді артық көрді [5]. Islami, J. D., мен Warni, S. (2020) оқушылар ойын толық шоғырландырып оқудан гөрі атүсті қарап шығу, көз жүгіртіп оқумен айналысады деп атап өтеді. Яғни сандық оқу баспа материалдарын оқуға қарағанда тек түйін сөздерді іздеу тұрғысынан ерекшеленуі мүмкін. Сондай-ақ, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-сы мәтінмен жұмыс істеуді оқытудың заманауи әдістемесіне ерекше мән берілетінін, бұл жұмысты жүргізу кезінде жаңашыл педагогтердің озық тәжірибесіне де, өз зерттеулерінің нәтижелеріне де сүйену қажет екендігін, мәтінмен әдістемелік сауатты ұйымдастырылған жұмыс алынған ақпаратты түсіну мен өңдеудің күрделі дағдыларын дамытуға ықпал ететінін атап көрсетеді [6].

Цифрлық оқу оқушылардың нақты ақпаратты табу, қорытынды жасау, идеяларды байланыстыру және дәлелдер құрумен айналысуға көмектеспейді деп санайды [7]. Алайда, зерттеу көрсеткендей, білім алушылардың баспа мәтіндерін жан-жақты, нақты түсінікпен жақсы оқитыны анықталды. Білім алушылар цифрлық мәтінді оқуды белгілі бір мақсаттарға сәйкес қолданған дұрыс деп атап өтті. Бұл тұжырымдарды Schwabe және бірлескен авторлар (2022) растайды, цифрлық мәтіндердің мүмкіндіктері оқушыларға әртүрлі жанрдағы мәтіндерді түсіну тұрғысынан оң әсер етуі мүмкін екендігіне назар аударады [8]. Дегенмен соңғы жылдары оқу сауаттылығының анықтамасын кеңейту тенденциясы байқалады, ол әртүрлі форматтағы, баспа және цифрлық мәтіндермен жұмыс істеуді, пікірлерді фактілерден ажыратуды, сондай-ақ жаңа білімді құруды талап етеді [9].

Технологияның қарқынды дамуы аталған пікірлердің маңыздылығының ескіргенін көрсетеді. Ackerman мен Lauterman (2012) мәтіндерді цифрлық және баспа түрінде оқу метакогнитивті түрде ерекшеленеді деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, баспа мәтіндерінің артықшылықтары, мысалы, қағаздың үйреншікті оқу құралы екендігіне немесе беттерді физикалық түрде алып, мәтінді ұстап тұру мүмкіндігіне, сондай-ақ қағазға жазбалар жазып, мәтіннің астын сызу мүмкіндігіне негізделген деп айтылады [10]. Elyan Rizky мен Hesti Wahyuni

Anggraini өз зерттеулерінде ғасырлар бойы баспалық мәтіндер оқытудың негізгі құралы болғанын, технологияның пайда болуы сандық мәтіндердің тез таралуын, жаңа дағдыларды дамытуды талап ететінін атап көрсетеді [11]. Сандық және баспалық мәтіндердің когнитивті процестерге әсері мен оқушылардың оқуды түсінуі жүйелі зерттеуді қажет етеді. Өйткені оқу перцептивті және когнитивті процестердің бір мезгілде қатысуын анықтайды, оқуды (баспа немесе сандық мәтінмен) өзгерту когнитивті процестердегі айырмашылықтарға әкеледі, - деп, Çağrı Kaygısız зерттеудің маңыздылығын айтады [12]. Learning and Individual Differences-ның редакциялық алқасы (2025): мәтіндерді оқуды әртүрлі тұрғыдан қарастырады. Баспалық және сандық мәтіндерді, оқушылар арасындағы жеке айырмашылықтарды, тапсырмаларды және т.б. байланыстырады [13]. Ал Noemí Bresó-Grancha, María José Jorques-Infante және Carmen Moret-Tatay өз зерттеулерінде сандық мәтіндермен жұмыс істеуді қолайлы көретін студенттер баспалық мәтінге қарағанда цифрлық мәтіндерді оқуды түсінуде және лексикалық шешім қабылдауда кедергілер аз болады деп ойлайды [14]. Tarisa Fenny мен Widya Catherine Perdhani зерттеу нәтижесінде оқушылардың баспаға да, цифрлық материалдарға да оң көзқараспен қарағанын, дегенмен цифрлық материалдарға сәл көбірек артықшылық беретінін анықтады [15]. Шын мәнінде, қолданушыға ыңғайлы мобильді құрылғылар, компьютерлер және түрлі қосымшалар көбейді және АКТ күнделікті адам өмірінің бір бөлігіне айналды. Ақпараттық технологияларды пайдалану мектеп жасындағы балалар арасында да жиі кездеседі және АКТ айтарлықтай жетілдірілді. Сондықтан бізге де цифрлық мәтінді оқу оқушылардың оқуды түсінуіне қаншалықты әсер ететінін анықтау үшін ақпарат қажет болды.

**Зерттеу материалдары мен әдістері**

Аталған зерттеу оқушылардың баспалық және сандық мәтінді оқып, тапсырмаларды орындау арқылы олардың түрлі мәтінді түсіну деңгейін анықтауға бағытталған. Атап айтқанда, ол:

1. Оқушылардың баспадан немесе экраннан мәтінді оқып түсіну, оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейлерін анықтауға (сауалнама арқылы);
2. Баспалық және сандық мәтінді оқып, тапсырмаларды орындау нәтижелерін анықтауға (мәтінге қатысты тапсырмалар);
3. Мектептердегі қала мен ауыл бөлінісіне, жынысы мен сыныптарға топтастырылған оқушылардың баспалық және сандық мәтінді оқып, тапсырмаларды орындау нәтижелері арасындағы айырмашылықты анықтауға (сауалнама және мәтінге қатысты тапсырмалар);
4. Оқушылардың баспалық және сандық мәтінді оқып, тапсырмаларды орындау дағдыларының деңгейі арасындағы маңызды байланысты тексеруге бағытталған (мәтінге қатысты тапсырмалар).

Зерттеу жұмысында бағалау және корреляциялық зерттеу дизайнына сәйкес сипаттамалық әдіс қолданылды. Ол оқушылардың баспалық және сандық мәтінді оқып, тапсырмаларды орындау дағдылары мен баспалық және сандық мәтінді түсінуі олардың оқуына ықпал етуін зерттеуге арналған.

Қатысушылар:

Қазақстан өңірлеріндегі қалалық және ауылдық жалпы орта білім беретін 4 мектептің 5-6-сынып оқушылары. Зерттеуге қатысушылар саны - 82, ер бала - 38, қыз бала – 44. Оқушылардың қатысуы - ерікті. Респонденттерге жиналған мәліметтер қатаң құпиялылыққа сәйкес өңделетіні туралы ақпарат берілді.

Зерттеуде екі зерттеу құралы қолданылды. Біріншіден, баспадан немесе экраннан мәтінді оқып түсіну, оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейлерін анықтау үшін  үшін 4 сұрақтан тұратын сауалнама қолданылды.

Зерттеу жұмысы нақты екі сұрақ төңірегінде талданды:

1) оқушылардың баспа және сандық мәтінді оқуды түсініп, тапсырмаларға жауап беруінде айырмашылықтар бар ма?

2) қала мен ауыл бөлінісіне, жынысына қарай, оқушылардың қағаздағы, экрандағы немесе екеуінде де орындауда тапсырмаларға жауап беруіне қатысты өзін-өзі бағалауы қандай?

Деректерді мектеп мұғалімдері әр сынып үшін бір апта ішінде екі түрлі екі сағаттық сабақтарда жинады. Сауалнама сұрақтары бойынша оқушылар өзі үшін тиімді оқу құралын белгілеп, компьютерді қолданушы ретінде, цифрлық және баспалық тапсырмаларды орындау деңгейіне қатысты өзін-өзі бағалады. Баспалық 1-мәтінге қатысты тапсырмаларды оқушылар қағаз бетінде, ал цифрлық 2-мәтін тапсырмаларын компьютер экранында орындады.

Оқуды түсіну оқу сауаттылығын зерттеуге арналған екі түрлі сипаттамалық мәтіндер арқылы тексерілді. 1-мәтінде (Тасбақаның тарихы) 450 сөз, 2-мәтінде (Ер қанаты - ат) 380 сөз болды. Мәтіндер көлемді, баспалық бірнеше парақта орындалады, цифрлық мәтінді компьютерде төмен қарай жүргізу арқылы оқып орындайды. Мәтіндердің көлемі мен түрі оқушылардың жас ерекшелігіне сай жасалған. Оқушылар баспа мәтінін оқығанда, олар қағазда жауап берді, цифрлық мәтінде тапсырмаларды электрондық үлгіде орындады. Мәтіндердің реті әр сыныпта әр түрлі болды. Оқушыларға мәтінді оқуға 6 минут уақыт берілді. Осыдан кейін мәтіннен таңдалған ақпаратты алуды, құрылымдық, мазмұндық, талдау жасауды талап ететін тапсырмаларды орындады. Тапсырмалар бойынша баспалық мәтінде ашық типті – 9 сұрақ (қысқа жауапты қажет ететін), жабық типті – 7 сұрақ, цифрлық мәтінде ашық типті – 10 сұрақ (қысқа жауапты қажет ететін), жабық типті – 7 сұрақ) болды.

Ашық сұрақтар мен жабық сұрақтар бойынша жалпы балл екі тапсырма үшін де балдарды қосу арқылы есептелді (мин. = 0, макс. = 33). Жабық және ашық сұрақтар үшін жиынтық балл оқу сауаттылығын түсіну дағдыларының көрсеткіші. Зерттеудің мақсаты баспалық және цифрлық мәтіндерді оқып түсіну арқылы тапсырмаларды орындау кезінде оқушылардың нәтижелерін бағалау болды.

Құралдардың ішкі сәйкестігі үшін алдын ала тексеріліп, Кронбах альфа мәні қолданылды. Екіншіден, баспалық және сандық мәтінді оқып, тапсырмаларды орындау нәтижелері алынды. Құралдар талдаудан өтті, Кронбах альфа, орташа нәтижесі алынды.

**Нәтижелер және талқылау**

Оқушылардың сауалнамаға жауап беруі, түрлі мәтіндерді түсіну деңгейі және олардың тапсырмаларды орындау дағдылары туралы мәліметтерді талдау үшін орташа, стандартты ауытқу, жиілік және пайыз сияқты сипаттамалық статистика қолданылды. Талдау жасалған логикалық статистика таңдалған айнымалыларға сәйкес топтастыру кезінде маңызды айырмашылықты және баспа және сандық мәтіндерді түсіну дағдыларын тексеру үшін пайдаланылды.

Сауалнама сұрақтары және оның нәтижелері төмендегідей:







**1-сурет – Жыныс бөлінісіндегі жауаптар деңгейі** **2-сурет – Барлық оқушылардың өңір бойынша сұрақтарға қатысты пайыздық көрсеткіші**

(Дереккөз: авторлар әзірлеген)

Сауалнама нәтижелері оқу процесінде оқушылардың жартысынан көбі цифрлық (компьютерлер мен планшеттер) және дәстүрлі оқу құралдарын (кітаптар мен дәптерлер) бір уақытта пайдалануды қалайтынын көрсетеді, бұл респонденттер арасында ең көп таралған таңдау/жауап, яғни, барлық қатысушылардың 55,4%-і екі оқу құралын, 29,3%-і кітаптар мен дәптерлер, 14,6%-і компьютерлер мен планшеттерді қолданатынын көрсеткен. Бұл дәстүрлі әдістерді цифрлық технологиялармен толықтыратын оқыту үрдісін көрсетеді.

Жынысы бойынша, ұл балалар көбінесе компьютер мен планшетті (21,1%), қыз балалар кітап пен дәптерді (31,8%) таңдаған. Сондай-ақ, қыз балалар ұл балаларға қарағанда сандық және дәстүрлі оқу құралдарын біріктіріп/қатар (шамамен 60%) қолдануды жөн санайды (1-сурет).

Сонымен қатар, алынған деректерді талдау оқу құралдарын таңдауда гендерлік айырмашылықтардың болуын көрсетеді: ұл балалар (21,1%) қыз балаларға (9,1%) қарағанда тек компьютер мен планшетті пайдаланғанды жөн санаса, ал қыз балалар (31,8%) кітап пен дәптер сияқты тек баспа материалдарын таңдауға бейім екенін көрсетеді (1-сурет).

Тұрғылықты өңіріне байланысты респонденттердің қалауын талдау оқу құралдарын пайдалануда айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады. Ауылдық жерлерде тұратын ұл балалар (61,9%) қалалық ұл балалармен (41,2%) салыстырғанда оқу құралдарының екеуін де бірдей біріктіріп қолдануға айтарлықтай бейім, ал қалалық ортада қос оқу құралын таңдауда қыз балалар арасында белсенділік байқалады (64%), бұл ауыл қыз балаларының көрсеткішінен жоғары. Бұл деректер өңірлік және гендерлік факторлардың білім беру ресурстарын таңдауға әсерін, білім беру стратегияларындағы айырмашылықтарды көрсетеді (2-сурет).

Осылайша, оқушылардың компьютерді де, кітапты да бір уақытта пайдалануға деген таңдаулары аралас оқытудың заманауи тенденцияларын көрсетеді және бір-бірін толықтыра отырып, тиімдірек оқытуға ықпал етеді. Гендерлік ерекшеліктер ұл балалардың цифрлық технологияға көбірек көңіл бөлетінін, ал қыз балалар дәстүрлі оқу материалдарына артықшылық беретінін анықтады. Көптеген ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, ұл балалар әдетте электрондық құрылғыларға көбірек қызығушылық танытады, бұл әдетте оқу процесінде де көрініс табуы мүмкін, ал қыз балалар мәтіннің деталіне, терең оқылымға көбірек көңіл бөліп, классикалық баспа материалдарына көбірек көңіл бөледі.

Цифрлық оқу құралдарының қол жетімділігі және оларды қолдану деңгейі негізінен географиялық орналасуға да байланысты. Инфрақұрылымы дамыған қалаларда балалар

цифрлық оқу құралдарына оңай қол жеткізеді, ал оқушылардың баспалық оқу құралдарының пайдасына таңдау жасауын өңірінде интернетке қол жетімділіктің шектеулі болуымен, цифрлық қамтамасыз етілмеген өңірлерде ақпаратты жақсы игеру үшін баспалық оқу құралдарымен жұмыс істеу қажеттілігімен байланыстыра аламыз, яғни бұл өңірлерде дәстүрлі кітаптардың жоғары құндылығы сақталған және компьютер мен планшеттер оларды тек толықтырушы ретінде қарастыруға болады.

Мұндай тенденциялар әртүрлі әлеуметтік топтардағы білім беру нәтижелерін арттыруға қатысты сандық оқу құралдарын да, дәстүрлі білім беру тәжірибелерін де ескеретін аралас оқыту үшін жағдай жасаудың маңыздылығын растайды.




**3-сурет – Оқушылардың сабақ барысында оқу құралын қолдану мен үлгерім деңгейі арасындағы өзара байланыс**

(Дереккөз: авторлар әзірлеген)

Сауалнама нәтижелері оқу құралдарын қолдану мен оқушылардың академиялық жетістіктері арасында айқын байланыс бар екенін көрсетеді. Жауаптардың топтар бойынша бөлінісін қарайтын болсақ, барлық оқу құралдарын аралас қолданатын (қағаз жүзіндегі материалдарды да, цифрлық құралдарды да қатар қолданатын) оқушылардың үлгерімі жоғары екенін байқауға болады.

Бұл тенденция әсіресе қаладағы қыз балаларда айқын байқалады: олардың 64%-і екі оқу құралын да бірдей қолданатынын көрсетіп отыр және олардың сәйкесінше үлгерім бойынша көрсеткіші де өте жоғары (4,40 балл). Бұл аталмыш санаттағы оқушылардың ақпарат көздерін жан-жақты пайдалануға дағдыланғанын, ақпараттық бейімделу мен интегративті ойлау дағдыларының қалыптасқанын, ал ол өз кезегінде оқу материалын тиімді меңгеруге ықпал ететінін білдіреді. Ауылдық өңірдегі қыз балаларда бұл көрсеткіш сәл төмендеу (53%), алайда олардың да үлгерімі жоғары(4,32 балл). Кейбір ресурстардың қолжетімді болмаса да, бұл ұқсас тенденцияның ауылдық жерде байқалатынын көруге болады (3-сурет).

Ауылдағы ұл балалардың 62%-і кітап, дәптерді де, компьютер, планшеттерді де бірдей\теңдей қолданатынын көрсеткенімен, олардың үлгерімі ең төмен (3,71 балл) (3-сурет). Бұл жағдай сабақ барысында түрлі оқу құралдарына қолжетімділік болса да, ол өзі жоғары академиялық нәтижеге кепіл бола алмайтынын аңғартады. Оның мүмкін себептері мыналар болуы ықтимал: сауалнаманың басқа сұрақтары көрсеткендей, функционалдық сауаттылықтың (оқу және цифрлық дағдылардың) төмендігі, ақпаратты өз бетінше іздеу, өңдеу және талдау

дағдыларының жеткіліксіздігі; оқу құралдарымен жұмыс жасау кезінде тиісті бағыт-бағдар/қолдаудың болмауы т.с.с.

Оқу құралдарын пайдалану тиімділігі олардың саны мен алуан түріне ғана емес, негізгі оқу құзыреттерінің (АКТ, сыни ойлау, түсініп оқу сияқты) қалыптасу деңгейіне тәуелді екенін көрсетеді.




**4-сурет – Сыныпта басқалармен салыстырғанда компьютерді қолдану деңгейі**
(Дереккөз: авторлар әзірлеген)

Оқу процесінде компьютерді қолдану деңгейіне арналған сауалнама нәтижелерін талдау тұрғылықты өңірі мен жынысы бойынша топтар арасындағы айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады. Ауылдық ұл балалар арасында 23,8%-і компьютерді пайдалану деңгейін «өте жақсы», 33,3% «жақсы» және 42,9% «орташа» деп бағалады. Қаладағы ұл балалар бойынша «өте жақсы» жауабын таңдағандардың үлесі жоғары болды (29,4%), 47,1%-і «жақсы» жауабын таңдап, тек 23,5%-і ғана қолдану деңгейін «орташа» деп бағалады. Ауылдағы қыз балалардың жартысына жуығы (47,4%) компьютерді қолдану деңгейін «жақсы» деп бағаласа, ал «өте жақсы» және «орташа» деп бағалағандардың үлестері бірдей болды (26,3%), бұл салыстырмалы түрде цифрлық құзыреттіліктің төмен деңгейін және компьютермен жұмыс жасау тәжірибесінің шектеулі екенін көрсетуі мүмкін.

Қаладағы қыз балалар көбінесе компьютерді қолдану деңгейін «өте жақсы» (36%) деп бағалайды, алайда респонденттердің бірдей/дәл сондай үлесі де «орташа» (36%) деңгейін белгілейді, тек 28%-і «жақсы» деңгейін көрсеткен, бұл бір жағынан білім беру және күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды белсенді қолдануда цифрлық сауаттылықтың жоғары деңгейін көрсетсе, екінші жағынан тәжірибеде немесе осы топтағы компьютерлік ресурстарға қол жеткізуде айтарлықтай өзгергіштікті/өзгерісті көрсетуі мүмкін (4-сурет).

Жалпы қаладағы мектептердегі оқушылар компьютерді қолданудың жоғары деңгейін көрсетеді: берілген топтағы «өте жақсы» және «жақсы» бағалардың жалпы үлесі шамамен 70% құрайды. Бұл қаладағы қыз балалардың АКТ-ны білім беру қызметінде белсенді қолдануымен және цифрлық ортаға көбірек қатысумен байланысты болуы мүмкін.

Өз кезегінде, қаладағы ұл балалар мен ауылдағы қыз балалар негізінен «жақсы» деңгейін көрсеткен (шамамен 47%), бұл компьютерлік құзыреттіліктің жеткілікті жоғары екенін көрсетеді, бірақ ол жоғары деңгей емес. Ауылдағы ұл балалар арасында жауаптардың ең көп үлесі «орташа» (43%) санатына жатады (4-сурет), бұл технологияға қол жетімділіктің шектеулі болуымен немесе қалалық құрдастарымен салыстырғанда компьютерді аз қарқынмен пайдалануымен байланысты болуы мүмкін.

Көптеген зерттеулердің нәтижелері оқушылардың цифрлық сауаттылық деңгейін қалыптастырудағы географиялық контексттің/фактордың маңызды рөлін көрсетеді, әлеуметтік-экономикалық статусына да байланысты болуы мүмкін. Технологияға қол жетімділік пен компьютерлерді пайдалану сапасы қалалық және ауылдық аймақтар арасында айтарлықтай ерекшеленеді.




**5-сурет – Оқушылардың компьютерді қолдану деңгейі мен үлгерімі арасындағы өзара байланыс**

(Дереккөз: авторлар әзірлеген)

Қаладағы қыз балалардың қос көрсеткіш бойынша да жетекші позицияда екені байқалады: бұл топтағы респонденттердің 36%-і өздерінің компьютерді қолдану деңгейін «өте жақсы» деп бағалаған, ал үлгеріміне келсек, үлгерімдері жоғары (орташа балл 4,40). Бұл нәтижені цифрлық құзыреттіліктің қалыптасуымен, оқу мотивациясының жоғары болуымен, қала мектептеріне тән оқу инфрақұрылымының дамығандығы және қолайлы білім беру ортасымен байланыстыруға болады.

Ал ауылдағы ұл балалар, керісінше, компьютерлік технологияларды меңгеру деңгейі жағынан да (тек 24% ғана өз дағдыларын «өте жақсы» деп бағалаған), үлгерім көрсеткіші бойынша да (орташа балл 3,71) ең төмен нәтиже көрсетіп отыр. Цифрлық сауаттылық жағынан әлсіз топқа жатып тұр және бұл олардың оқу көрсеткішіне де теріс әсер етуде.

Бұл цифрлық ресурстарға қолжетімділіктің шектеулі болуымен, ауылдық және шалғай аймақтарда мектептердің материалдық-техникалық жабдықталуының әлсіздігімен байланысты болуы мүмкін. Оқушылардың цифрлық құралдармен жұмыс істеуін педагогикалық тұрғыда сүйемелдеу және мотивациясын арттыру қажет.

Қаладағы ұл балалар мен ауылдық қыз балалар көрсеткіштері де осы тенденцияны растайды: цифрлық дағдылар оқудағы жетістіктің маңызды көрсеткіші болып табылады, компьютер қолдану дағдылары жоғарылаған сайын, олардың үлгерім деңгейі де арта түседі. Ауылдағы қыз балалар компьютерді қолдану деңгейі 53% болғанына қарамастан, қалалық оқушылармен бәсекелесе алатын нәтижені көрсетіп отыр (орташа балл 4,32) (5-сурет).




**6-сурет – Цифрлық мәтіндерді оқып, тапсырмаларды орындау деңгейі**
(Дереккөз: авторлар әзірлеген)

Нәтиже бойынша барлық топтарда оң бағалардың басымдылығын көруге болады, «өте жақсы» және «жақсы» деңгейі жауаптардың 75%-інен 94%-іне дейін құрайды. Бұл оқушылардың көпшілігінің цифрлық деректері бар тапсырмаларды орындау кезіндегі жоғары цифрлық құзыреттілігін көрсетеді.

«Орташа» балдың үлесі 5,9%-тен 19%-ке дейін өзгереді, бұл біраз оқушылардың дағдыларының аз болуын көрсетеді.

Сауалнама бойынша, қаладағы деңгейі «жақсы» ұл балалардың ең көп үлесі – 64,7%, ал деңгейі «орташа» болатындардың үлес небәрі 5,9%. Бұл жоғары сапалы цифрлық инфрақұрылымды және компьютерлік технологияны қолданудың тұрақты тәжірибесін және цифрлық дағдыларды сенімді меңгеруді, тапсырмаларды орындауда қиындықтары бар оқушылардың минималды санын көрсетеді.

Ауылдағы ұл балалардың қалалық құрдастарымен салыстырғанда деңгей «жақсы» деп жауап берген ауылдағы ұл балалардың проценті төмен (52,4%), ал «орташа» деңгей үлесі айтарлықтай жоғары (19%), бұл цифрлық деректермен жұмыс істеуде белгілі бір қиындықтарға тап болған оқушылардың көбірек екендігін және сандық ресурстарға қол жетімділіктің шектеулі екендігін көрсетеді.

Ауылдағы және қаладағы қыз балалардың «өте жақсы» және «жақсы» бағаларының жиынтық үлесі жоғары, шамамен 90%-ке тең, бірақ ауылдағы қыз балаларда «өте жақсы» деңгейін таңдағандар саны (42,1%)қаладағы қыз балаларға қарағанда (36%) жоғары, ал қаладағылар көбінесе «жақсы» деген бағаны таңдаған (56%). Бұл ауылдағы қыз балалардың цифрлық мәліметтері бар тапсырмаларды орындауда белгілі бір жекелеген аспектілерінде мықты жақтары басым екендігін немесе білім деңгейі мен өздеріне деген сенімділігі жоғары екенін білдіруі ықтимал (6-сурет).

Баспалық мәтін оқу дағдысы мен үлгерім арасында жалпы оң байланыс бар: «өте жақсы» деп бағалайтын оқушылар, көбіне жоғары нәтижелер көрсетеді. Ауылдық өңірдегі ұл балалар мен қыз балалар, қалалық жердегі қыз балалар бұл байланысты нақты растайды.

Алайда ерекше назар аударатын қаладағы қыз балалар көрсеткіші. Бұл топта оқу деңгейін «өте жақсы» деп бағалағандардың үлесі бар болғаны 16%-ті құрайды, бұл барлық топ ішіндегі ең төмен көрсеткіш. Соған қарамастан, олардың үлгерімі ең жоғары деңгейде (4,40 балл). Бұл

факт академиялық жетістікке әсер ететін балама факторлардың маңыздылығын айқындайды. Өзін-өзі бағалау мен нақты оқу нәтижелері арасында сәйкессіздік те кездесуі мүмкін.




**7-сурет –Баспа және цифрлық мәтінге қатысты тапсырмаларды орындаудың орташа көрсеткіштері**

(Дереккөз: авторлар әзірлеген)

Ашық типті тапсырмаларды орындаудың орташа көрсеткіші ауылдағы ұл балалар арасында шамамен 42,9%, бұл қаладағы ұл балалар (53,5%) мен қаладағы қыз балалар (53,3%) көрсеткішінен едәуір төмен. Ауылдағы қыздардың нәтижесі 51,6% ауылдағы ұл балаларға қарағанда жоғары, бірақ қалалық топтарға қарағанда төмен. Бұл ауылдағы ұл балалардың ашық типті тапсырмаларды орындауда қиналатынын көрсетеді. Жабық типті тапсырмаларды орындауда ауылдағы ұл балалардың орташа көрсеткіші 54,4%, қаладағы ұлдарда 58%, ауылдағы қыз балаларда 56,4%, қаладағы қыз балаларда 55,8%. Араларындағы айырмашылық ашық типті тапсырмаларға қарағанда аздау, бірақ қаладағы ұл балалар сәл жоғары нәтижеге жеткен. Жалпы тапсырма орындау көрсеткішіне келсек, ауылдағы ұлдардың нәтижесі - 47,6% (осал/әлсіз топ), бұл қаладағы ұл балалар (55,4%), қаладағы қыз балалар (54,3%) және ауылдағы қыз балалар (53,6%) көрсеткіштерінен айтарлықтай төмен.

Баспа мәтін бойынша барлығында ашық типті тапсырмалардың орташа мәні жоғары деңгейде, шамамен 70%-75% аралығында (ауылдағы ұл балалар - 70,4%, ауылдағы қыз балалар - 75,4%, қаладағы ұл балалар - 71,2%, қаладағы қызд балалар - 76,2%). Бұл оқушылардың жынысы мен тұрғылықты жеріне қарамастан, баспа мәтінмен жұмыс жасағанда ашық типті сұрақтарды жақсы орындап шыққанын көрсетеді. Қаладағы қыз балалардың (баспа мәтін бойынша) тапсырмаларды орындау орташа көрсеткіші шамамен 74,4% құрайды, бұл қаладағы ұл балалардың (69,5%) және ауылдағы ұл балалар мен қыз балалардың (ауылдағы қыз балалардың көрсеткіші 75,3%) көрсеткіштерінен жоғары. Бұл қаладағы қыз балалардың, әсіресе баспа мәтінге қатысты тапсырмаларда жақсы нәтиже көрсеткенін айғақтайды.

Цифрлық мәтінге келетін болсақ, орташа көрсеткіштер айтарлықтай төмен, ауылдағы ұл балаларда тек 42,9%, ауылдағы қыз балаларда - 51,6%, қаладағы ұл балаларда - 53,5%, қаладағы қыз балаларада - 53,3%. Бұл ашық типті тапсырмаларды цифрлық форматта орындау оқушыларға қиынырақ болғанын білдіреді. Мұнда сандық мәтінді түсінмен қатар, тиісті ақпаратты саралай, талдай алу, цифрлық сауаттылық дағдылары қажет. Жалпы алғанда баспа мәтінге қатысты ашық типті тапсырмаларды орындау деңгейі цифрлық материалдармен жұмыс істеу дағдыларына қарағанда әлдеқайда жоғары, оқушылар үшін цифрлық мәліметпен жұмыс

істеудің қиындығын байқаймыз. Сонымен қатар, қыз балалар ұл балаларға қарағанда сәл жоғары нәтиже көрсетеді.

Жабық типті тапсырмалар негізінен фактілі білімді, оқу материалы бойынша жылдам бағдарлана алуды талап етеді. Зерттеу нәтижелерінен баспа мәтінге қатысты жабық типті тапсырмалардың орташа көрсеткіштері ашық типті тапсырмаларға жақын деңгейде (ауылдағы ұл балалар–68,7%, ауылдағы қыздар - 75,2%, қаладағы ұл балалар - 67,2%, қаладағы қыз балалар - 72,1%) екенін көруге болады. Бұл олардың оқу материалын жақсы түсініп, жауаптарды баспалық мәтіннен жылдам таба білетінінің айқын көкрсеткіші.

Цифрлық мәтінге қатысты жабық типті тапсырмаларды орындау бойынша нәтижелер төмендеу, алайда цифрлық мәтінге қатысты ашық типті тапсырмаларды орындау нәтижелеріне қарағанда жоғары (ауылдағы ұл балалар – 54,4%, ауылдағы қыз балалар – 56,4%, қаладағы ұл балалар - 58%, қаладағы қыз балалар - 55,8%). Бұл жабық типті тапсырмалардың ашық типті тапсырмаларға қарағанда жеңілдеу болып көрініп ,оң орындалатын болып көрінгенімен, цифрлық мәтін бойынша нәтижелер баспа мәтінге қарағанда төмен.

Диаграммадағы жалпы проценттік көрсеткіш барлық тапсырма (ашық және жабық типті тапсырмалар) бойынша, үлгерімнің толық көрінісін береді.

Баспа мәтіні бойынша жалпы деңгей жоғары, ашық және жабық типті тапсырмаларды орындауда ыңғайлы формат болып тұрғаны байқалады, орташа есеппен көрсеткіш 69,5%-тен (қаладағы ұл балалар) 75,3%-ке дейін (ауылдағы қыз балалар), бұл дәстүрлі форматтағы оқу материалын жақсы түсінетінін көрсетеді. Цифрлық мәтін бойынша жалпы көрсеткіштер төмен, 35,3%-тен (ауылдағы ұл балалар) 54,3%-ке дейін (қаладағы қыз балалар), бұл цифрлық мәтінмен жұмыс істеудегі, әсіресе ауылдық жерлердегі қиындықтарды анық көрсетеді, яғни әлі де қосымша дағдыларды дамытуды талап етеді, цифрлық сауаттылықты, ақпаратты іздеу, талдау қабілетін дамыту қажеттігін көрсетеді.

Қаладағы оқушылар баспа және цифрлық мәтіндер бойынша тұрақты түрде жоғары нәтижелерге ие, мысалы, цифрлық мәтін бойынша қаладағы ұлдардың көрсеткіші ауылдағы ұл балалардан шамамен 8%-ке артық, бұл білім беру ресурстарының қолжетімділігі мен цифрлық сауаттылық деңгейінің жоғары болуымен байланысты болуы мүмкін. Қыз балалар орташа есеппен алғанда ашық типті тапсырмаларда жақсырақ нәтиже көрсетеді. Баспа мәтінінде қыздардың табыстылығы шамамен 75% құрайды, бұл ұлдардан жоғары бұл олардың қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларға бейімділігін, жоғары мотивациясын аңғартады (7-сурет).

Қала мен ауылдық өңір арасындағы айырмашылық білім беру инфрақұрылымын жақсартуды, оқыту әдістерді жетілдіруді, цифрлық мәтінмен жұмыс жасау бойынша дайындықты күшейтуді қажет етеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижесіне сәйкес баспа мәтіндері айтарлықтай жоғары нәтижелерді қамтамасыз етеді, ал цифрлық мәтіндермен жұмыс әлі де қосымша дағдыларды талап етеді және қала мен ауылдағы оқушылар арасында нәтижеде айырмашылық сақталып отыр. Ашық типті тапсырмалар бойынша орындалу көрсеткіштері барлық категорияда төмендеу, алайда қыздар жағы бұл тапсырмаларда жақсы нәтижелер көрсетеді.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижелері бойынша, ауыл және қала мектептері оқушыларының тапсырмаларды орындау дағдылары мен сандық және баспалық мәтіндерді түсіну деңгейі, оқу үлгерімдері туралы маңызды мәліметтер алынды. Жалпы алғанда, оқушылардың өзін-өзі бағалауы, мәтіндерді түсінуі жақсы деңгейде дамығаны байқалды. Аталған зерттеудің нәтижелерін ұлдар мен қыздардың, сондай-ақ қала мен ауылдың бөлінісіне сәйкес оқу құралдарын қолдану деңгейлерін және олардың өзін-өзі бағалауын анықтау, оқығанын түсіну үшін баспа және

цифрлық мәтіндердің тиімдісін қолдану мүмкіндігін арттыру деп түсіндіруге болады. Ақпараттық сауаттылық білімді ұрпақтың қалыптасуына ықпал етеді. Оқушылардың өз бетінше білім алу, іздену, жаңа технологияларды қолдану қабілеттері жетістікке жеткізудің бірден-бір жолы. Оқу құралдарының электрондық нұсқасы оқушылардың ізденісін дамытуға септігін тигізеді. Дегенмен оқушылардың шығармашылық ойлау, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететін оқу құралдарына баса назар аудару керек. Келешекте баспа және цифрлық оқу арасындағы айырмашылықтар азаюы да мүмкін. Зерттеу алдағы уақытта жалғасын табады. Осы тақырыпта жан-жақты талдаулар жүргізіледі. Бұл зерттеудің тақырыбы қазіргі мектеп контексінде өте өзекті. Қазіргі таңда ақпараттық технологияны, ЖИ-ді білім беру саласында тиімді қолдану басты назарда. Қалай дегенмен де оқушылардың өз білім деңгейіне қарай білім беру жүйесіне, оқуына қол жеткізуге мүмкіндік туғызу болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Глава государства принял участие в Республиканском съезде педагогов, 5 октября 2023 года. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-respublikalyk-pedagogter-sezine-katysty-595143.

2. Ұлттық есеп PISA-2022 зерттеуіндегі Қазақстан нәтижелері, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ», Астана, 2024 ж. https://taldau.edu.kz/kz/publikaciya/ltty-esep-pisa-2022-zertteuindegi-azastan-ntizheleri.

3. Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, 2024 ж. https://uba.edu.kz/storage/app/media/50%2050%2050%2050%2050%2050%20%20KZ%20%20KZ%20%20KZ.pdf.

4. Aydemir & Oeztuerk, 2012, The effects of reading from the screen on the reading motivation levels of elementary 5th graders https://www.researchgate.net/publication/277008958_The_effects_of_reading_from_the_screen_on_the_reading_motivation_levels_of_elementary_5th_graders.

5. Alexander, P. A., Singer, L. M. (2017, October). The enduring power of print for learning in a digital world. The Conversation. https://theconversation.com/the-enduring-power-of-print-for-learning-in-a-digital-world-84352.

6. Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, 2024 ж. https://uba.edu.kz/storage/app/media/50%2050%2050%2050%2050%2050%20%20KZ%20%20KZ%20%20KZ.pdf

7. Islami, J. D., Warni, S. (2020). EFL Students' Perceptions of Reading Electronic Books. Journal of ELT Research, 5(1), 37-52. https://doi.org/10.22236/JER.

8. Schwabe, A., Lind, F., Kosch, L., Boomgaarden, H. G. (2022). No Negative Effects of Reading on Screen on Comprehension of Narrative Texts Compared to Print: A Meta-analysis No Negative Effects of Reading on Screen on Comprehension of. Media Psychology, 00(00), 1-18. https://doi.org/10.1080/15213269.2022.2070216.

9. «Орта білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша кешенді талдау» аналитикалық есебі _gluster_2025_2_28_13725e4b09d39fd0467972002c785edf_original.4265907 (1).pdf https://www.gov.kz/memleket/entities/control/press/news/details/948656.

10. Ackerman, R., Lauterman, T. (2012). Taking reading comprehension exams on screen or on paper? A metacognitive analysis of learning texts under time pressure. Computers in Human Behavior, 28(5), 1816–1828. https://doi.org/10.1016/j.chb.2012.04.023.

11. Elyan Rizky, Hesti Wahyuni Anggraini, Students' perceptions of the use of digital and printed textbooks, The Journal of English Literacy Education The Teaching and Learning of English as a Foreign Language 10(1):1-8, 2023, https://www.researchgate.net/publication/372213560_STUDENTS'_PERCEPTIONS_OF_THE_USE_OF_DIGITAL_AND_PRINTED_TEXTBOOKS.

12. Çağrı Kaygısız, Comparision of digital and printed text reading process, Education and Information Technologies, 20 June 2025, https://link.springer.com/article/10.1007/s10639-025-13668-5

13. Learning and Individual Diǫerences, Digital reading and what makes it hard for whom: Individual differences in learning from digital texts 124, 2025, https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1041608025001773.

14. Noemí Bresó-Grancha, María José Jorques-Infante, Carmen Moret-Tatay, Reading-digital-versus print-easy texts: a study with university students who prefer digital sources, Bresó-Grancha et al. Psicologia: Reflexão e Crítica, 2022, https://prc.springeropen.com/articles/10.1186/s41155-022-00212-4.

15. Tarisa Fenny, Widya Catherine Perdhani, Investigating Students' Perceptions of Digital vs. Print Reading Materials, urnal Pendidikan Bahasa Vol.11, No.1: Mei 2024, https://e-journal.unimudasorong.ac.id/index.php/interactionjournal/article/view/2262/1142.

**М.Б. Абсатова, А.Б. Баймурзаева, Ж. Қайратқызы**

## УРОВЕНЬ ПОНИМАНИЯ УЧАЩИМИСЯ ЧТЕНИЯ ЦИФРОВЫХ И ПЕЧАТНЫХ ТЕКСТОВ

В учебных заведениях учебники часто сосредоточены на стратегиях обучения, которые широко применяются к цифровым и печатным форматам. Различные исследования показывают разные результаты о том, как чтение текста с печати или экрана может повлиять на понимание. В этой статье представлены результаты исследования, в котором изучается отношение и опыт учащихся в отношении цифрового обучения. Опросили 82 обучающихся городских и сельских школ (5-6 классы), проанализировали специфику использования печатного и цифрового текста. Анализ показал, что результаты были одинаковыми в зависимости от пола, навыков запоминания прочитанного, предпочтений школьных заданий на бумаге, экране или обоих. Несмотря на учебное пособие, учащиеся с хорошими навыками памяти и высокой самооценкой показали хорошие результаты: мальчики превзошли девочек, а учащиеся, одинаково готовые к обучению с помощью печати и компьютеров, превзошли учеников, предпочитающих компьютеры. Результаты этого исследования показывают преимущества гибкого использования печатных и цифровых текстов для понимания прочитанного. Тем не менее, несмотря на популярность цифрового чтения, чтение печатных текстов было высоко оценено учащимися с точки зрения долговременной памяти, всестороннего анализа и возможности переосмысления. Тема данной статьи имеет большое значение в современном школьном процессе, использование информационных технологий, искусственного интеллекта становится частью повседневной работы любых учебных заведений на мировом уровне.

**Ключевые слова:** навыки чтения, печатный текст, цифровой текст, самооценивание, результаты.

**M. Absatova, A. Baimurzaeva, Zh. Kairatkyzy**

## STUDENTS' LEVEL OF UNDERSTANDING DIGITAL AND PRINTED TEXTS

In educational institutions, textbooks are often focused on learning strategies that are widely used in digital and print formats. Different studies show different results on how reading text from a print or screen affects understanding. This article presents the results of a study that examines students ' views and experiences regarding digital learning. 80 students of urban and rural schools (grades 5-6) were surveyed and the specifics of using printed and digital text were analyzed. The analysis showed that the results were similar, depending on gender, reading memory skills, and the benefits of school assignments on paper, on the screen, or both. Regardless of the manual, students with good memory skills and high self-esteem performed well, boys

outperformed girls, and students equally willing to study through publishing and computers outperform students who prefer computers. The results of this study show the benefits of flexible use of printed and digital texts for reading comprehension. However, despite the popularity of digital reading, printed texts were highly appreciated by students in terms of long-term memory, the ability to read, analyze and revise in detail. The topic of this article is of great importance in the Modern School process, the use of Information Technology and artificial intelligence is becoming part of the daily work of any educational institution at the world level.

**Key words:** reading skills, printed text, digital text, self-esteem, result

## References

1. Glava gosudarstva prinial uchastie v Respublikanskom s"ezde pedagogov, 5 oktiabria 2023 goda. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-respublikalyk-pedagogter-sezine-katysty-595143.

2. Ulttyq esep PISA-2022 zertteuindegi Qazaqstan nátiyjeleri, Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministrligi «Ahmet Baytūrsynūly atyndağy «Taldau» ulttyq zertteuler jäne bilimdi bağalau ortalyğy» AQ», Astana, 2024 j. URL: https://taldau.edu.kz/kz/publikaciya/ltty-esep-pisa-2022-zertteuindegi-azastan-ntizheleri.

3. Tíldík pənder sabaqtarynda mátínderdí paydalanu boyynsha ádístemelík ūsynymdar. Qazaqstan Respublikasynyñ Oqu-ağartu ministrligi Y. Altynsarin atyndağy Ulttyq bilím akademiyasy, Astana, 2024 j. https://uba.edu.kz/storage/app/media/50%2050%2050%2050%2050%2050%20%20KZ%20%20KZ%20%20KZ .pdf.

4. Aydemir & Oeztuerk, 2012, The effects of reading from the screen on the reading motivation levels of elementary 5th graders. https://www.researchgate.net/publication/277008958_The_effects_of_reading_from_the_screen_on_the_reading_motivation_levels_of_elementary_5th_graders.

5. Alexander, P. A., Singer, L. M. (2017, October). The enduring power of print for learning in a digital world. The Conversation. URL: https://theconversation.com/the-enduring-power-of-print-for-learning-in-a-digital-world-84352.

6. Methodological recommendations on the use of texts in the lessons of language disciplines, Y. Altynsarin National Academy of Education, Astana, 2024 https://uba.edu.kz/storage/app/media/50%2050%2050%2050%2050%2050%20%20KZ%20%20KZ%20%20KZ .pdf.

7. Islami, J. D., Warni, S. (2020). EFL Students' Perceptions of Reading Electronic Books. Journal of ELT Research, 5(1), 37-52. URL: https://doi.org/10.22236/JER.

8. Schwabe, A., Lind, F., Kosch, L., Boomgaarden, H. G. (2022). No Negative Effects of Reading on Screen on Comprehension of Narrative Texts Compared to Print: A Meta-analysis No Negative Effects of Reading on Screen on Comprehension of. Media Psychology, 00(00), 1-18. URL: https://doi.org/10.1080/15213269.2022.2070216.

9. «Orta bilím beru ūyymdaryndağy bilím alushylardyñ bilím jetístíkteríne moniytoriyng júrgízu nátiyjelerí boyynsha keşendí taldeu» analiykalyq esebí _gluster_2025_2_28_13725e4b09d39fd0467972002c785edf_original.4265907 (1).pdf. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/control/press/news/details/948656.

10. Ackerman, R., Lauterman, T. (2012). Taking reading comprehension exams on screen or on paper? A metacognitive analysis of learning texts under time pressure. Computers in Human Behavior, 28(5), 1816–1828. URL: https://doi.org/10.1016/j.chb.2012.04.023.

11. Elyan Rizky, Hesti Wahyuni Anggraini, Students' perceptions of the use of digital and printed textbooks, The Journal of English Literacy Education The Teaching and Learning of English as a Foreign Language 10(1):1-8, 2023, https://www.researchgate.net/publication/372213560_STUDENTS'_PERCEPTIONS_OF_THE_USE_OF_DIGITAL_AND_PRINTED_TEXTBOOKS

12. Çağrı Kaygısız, Comparision of digital and printed text reading process, Education and Information Technologies, 20 June 2025, https://link.springer.com/article/10.1007/s10639-025-13668-5

13. Learning and Individual Diǫerences, Digital reading and what makes it hard for whom: Individual differences in learning from digital texts 124, 2025, https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1041608025001773

14. Noemí Bresó-Grancha, María José Jorques-Infante, Carmen Moret-Tatay, Reading digital- versus print-easy texts: a study with university students who prefer digital sources, Bresó-Grancha et al. Psicologia: Reflexão e Crítica, 2022, https://prc.springeropen.com/articles/10.1186/s41155-022-00212-4

15. Tarisa Fenny, Widya Catherine Perdhani, Investigating Students' Perceptions of Digital vs. Print Reading Materials, urnal Pendidikan Bahasa Vol.11, No.1: Mei 2024, https://e-journal.unimudasorong.ac.id/index.php/interactionjournal/article/view/2262/1142

***Авторлар туралы мәлімет:***

**Абсатова Мейрамкул Бакираевна -** магистр, эксперт, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы, Астана қаласы, Қазақстан, absatova_m@cpi.nis.edu.kz.

**Баймурзаева Анар Батыргазыевна -** магистр, аға менеджер, Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы, Астана қаласы, Қазақстан, baimurzayeva_a@cpi.nis.edu.kz

**Қайратқызы Жұпаргүл -** магистр, аға менеджер, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы, Астана қаласы, Қазақстан, zhkairat16@gmail.com

***Сведения об авторах:***

**Абсатова Мейрамкул Бакираевна -** магистр, эксперт, филиал «Центр педагогических измерений» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», г. Астана, Казахстан, absatova_m@cpi.nis.edu.kz.

**Баймурзаева Анар Батыргазыевна -** магистр, старший менеджер, филиал «Центр педагогических измерений» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», г. Астана, Казахстан, baimurzayeva_a@cpi.nis.edu.kz

**Қайратқызы Жұпаргүл -** магистр, старший менеджер, филиал «Центр педагогических измерений» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», г. Астана, Казахстан, zhkairat16@gmail.com

***Information about the Authors:***

**Absatova Meiramkul -** Master, expert, the branch of AEO «Nazarbayev Intellectual Schools» «Center for Pedagogical Measurements», Astana, Kazakhstan, absatova_m@cpi.nis.edu.kz

**Baimurzaeva Anar Batyrgazyevna -** Master, senior manager, the branch of AEO «Nazarbayev Intellectual Schools» «Center for Pedagogical Measurements», Astana, Kazakhstan, baimurzayeva_a@cpi.nis.edu.kz

**Kairatkyzy Zhupargul -** Master, senior manager, the branch of AEO «Nazarbayev Intellectual Schools» «Center for Pedagogical Measurements», Astana, Kazakhstan, zhkairat16@gmail.com

**ҒТАМР 16.21.07** https://doi.org/10.63597/UTO3105-4161.2025.4.4.004

**И.У. Сагиндиков[1], Г.С. Ерсултанова[2], Н.Б. Тоғызбай[*3], Н.Н. Жумаханова[4]**
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, Астана қ, Қазақстан Республикасы
*e-mail: nur83b@mail.ru

*[1]ORCID 0009-0004-5522-0649, [2]ORCID 0000-0001-9503-7217,*
*[3]ORCID 0009-0002-8644-6830, [4]ORCID 0009-0001-2296-1262*

# ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АШЫҚ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ: ЖАЗЫЛЫМ МЕН АЙТЫЛЫМ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі ашық тест тапсырмаларының ғылыми-әдістемелік негіздері мен олардың тілдік құзыреттілікті кешенді бағалаудағы рөлі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында ашық тест тапсырмаларының ерекшеліктері, қысқаша мазмұны, жазылым мен айтылым дағдыларының құрылымы, мазмұны және бағалау критерийлері егжей-тегжейлі талданған. Ашық форматтағы тапсырмалар дайын жауап нұсқаларын таңдауға емес, тестіленушінің өз ойын еркін, логикалық жүйеде және грамматикалық тұрғыдан дұрыс жеткізу қабілетін анықтауға бағытталады. Мұндай тәсіл тілдік білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану икемін, коммуникативтік және когнитивтік дағдыларды, шығармашылық қабілеттер мен мәдени сәйкестікті бағалауға мүмкіндік береді. Жазылым мен айтылым дағдылары Блум таксономиясы және коммуникативтік құзыреттілік теориясы тұрғысынан қарастырылып, олардың когнитивтік, социолингвистикалық және психолингвистикалық қырлары сараланған. Жазылым және айтылым тапсырмаларына зерттеу жүргізу барысында, аймақтық тест нәтижелерін салыстыру оңтүстік өңірлерде айтылым көрсеткіштерінің басым, ал жазылым нәтижелерінің төмен екенін көрсетті. Бұл тілдік ортаның ауызекі коммуникацияға бағытталуымен және жазба тіл тәжірибесінің жеткіліксіздігімен байланысты. Мақалада қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау сапасын жетілдіру, жазылым мен айтылымды интеграцияланған оқыту және ұлттық-мәдени контексті ескеретін бағалау жүйесін дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген.

**Түйінді сөздер:** ҚАЗТЕСТ, ашық тест тапсырмалары, жазылым, айтылым, бағалау критерийлері, тілдік құзыреттілік, социолингвистика, психолингвистика.

## Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесінде тілдік құзыреттілікті дамыту мен оны объективті бағалау мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Тілді меңгеру деңгейін анықтау – жеке тұлғаның коммуникативтік, мәдени және когнитивтік қабілеттерін кешенді бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіш. Заманауи педагогикалық парадигма бойынша тіл үйрету тек грамматикалық ережелер мен лексикалық бірліктерді меңгерумен шектелмей, сол білімді нақты өмірлік жағдаяттарда орынды әрі тиімді қолдана білу дағдысын қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыда ҚАЗТЕСТ тапсырмаларының мазмұны тілдік құзыреттіліктің барлық құрамдас бөліктерін қамтуға бағытталған. Жазылым мен айтылым тапсырмалары тестіленушінің ой-санасын, шығармашылық қабілетін, тілдік білімін нақты қолдану қабілетін көрсетеді. Сонымен қатар, тапсырмалардың құрылымы когнитивтік, социолингвистикалық және мәдени аспектілерді ескере отырып жасалған, бұл әртүрлі контексттерде тілдік әрекет қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

ҚАЗТЕСТ жүйесінің ғылыми негізі тілдік білімді функционалды-коммуникативтік тұрғыдан бағалау тұжырымдамасына сүйенеді. Бұл бағыт тіл үйренушінің грамматикалық сауаттылығын ғана емес, сонымен қатар оның нақты әлеуметтік және мәдени жағдаяттарда тілді орынды қолдану білігін кешенді түрде өлшеуге мүмкіндік береді [1, 2]. Мұндай тәсіл тілді

меңгерудің сапалық деңгейін дәл бағалап, оны халықаралық тілдік стандарттармен (мысалы, CEFR – Common European Framework of Reference for Languages) салыстыруға жағдай жасайды.

Сондықтан тілдік құзыреттілікті өлшеу мен бағалауда ҚАЗТЕСТ жүйесін ғылыми тұрғыдан зерделеу – қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқытудың тиімділігін арттыру, бағалау үдерісін стандарттау және тіл үйретудің сапасын арттыру бағытындағы маңызды ғылыми-әдістемелік міндеттердің бірі болып табылады.

Бұл жүйе тіл үйренушінің қазақ тілін меңгеру деңгейін халықаралық стандарттарға сәйкес айқындауға бағытталған және тілдік құзыреттіліктің барлық құрамдас бөліктерін – тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын кешенді түрде қамтып, тілдік білімнің функционалдық жағын анықтауға бағытталған. Бұл дағдылардың ішіндегі жазылым мен айтылым тапсырмалары ашық тест тапсырмалары ретінде беріледі және тестіленушінің тілдік құзыреттілігін кең көлемде бағалауға бағытталады.

Ашық тест тапсырмалары – бұл тестіленушіге дайын жауап нұсқалары ұсынылмайтын, еркін түрде өз ойын жазбаша немесе ауызша түрде білдіруді талап ететін тапсырма түрі. Ол көп таңдаулы тесттермен салыстырғанда тестіленушінің тілдік дағдыларын тереңірек бағалауға әсіресе, тілдік білімді практикалық тұрғыда қолдануға басымдық береді. Сонымен бірге, тапсырмалар арқылы тек лексика-грамматикалық білім ғана емес, ойды жүйелеу, дәлелдеу, пікір білдіру сияқты жоғары деңгейлі тілдік дағдылар бағаланады. Адамның тілдік қорын, логикалық ойлауын, пікірін дәлелдей алуын және тілдік жағдаятқа бейімделуін бағалауға мүмкіндік туады [3, 4].

**Зерттеу материалдары мен әдістері**

Тілді меңгеру үдерісінде тестіленуші тұлғаның негізгі міндеті – өз ойын жүйелі, түсінікті және мәдени контекстке сай түрде жеткізе алу. Осы тұрғыда жазылым мен айтылым дағдылары – тестіленушінің тілдік құзыреттілігін бағалаудың басты көрсеткіштері.

Жазылым дағдысының әдіснамалық сипатына тоқталатын болсақ, жазылым дағдысы тестіленушінің тілдік білімін жүйелеу және өз ойын логикалық құрылымда жеткізу қабілетін бағалайтын маңызды көрсеткіш (1-кесте).

**1-кесте – ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі ашық тест тапсырмаларының әдіснамалық және бағалау ерекшеліктері**

| Ерекшелік түрі | Қысқаша сипаттамасы |
|---|---|
| Еркін жауап формасы | тестіленуші ойын өз сөзімен, еркін құрылымда жеткізеді |
| Коммуникативтік құзыреттілікті бағалау | тілдік білімнен бөлек, ойды жүйелеу, дәйектеу, стильдік дәлдік дағдылары бағаланады |
| Сапалық бағалау | тапсырма нәтижесі балдық жүйе арқылы арнайы әзірленген бағалау критерийлері негізінде сарапшылар тарапынан бағаланады |
| Уақыт пен ресурсты қажет етеді | автоматтандырылған жүйемен бағаланбайды, сондықтан бағалау барысында тіл мамандары мен сарапшылар қатысады |

Б. Блумның танымдық таксономиясы бойынша жазылым жоғары деңгейдегі ойлау операцияларын – талдау, жинақтау және бағалау қабілеттерін іске қосады. Тестіленуші жазба мәтін құрастыру барысында тек тілдік білімін емес, сонымен қатар сыни ойлау және өзіндік пікір білдіру қабілетін көрсетеді [5].

Флауэр мен Хейес ұсынған модельге сәйкес, тестіленуші жазба мәтін құрастыру барысында төрт негізгі кезеңнен өтеді:

1. Жоспарлау – тестіленуші мәтін тақырыбын талдап, негізгі ойды анықтайды;
2. Мәтінді құрастыру – ойды жүйелі сөйлемдер арқылы жеткізеді;
3. Редакциялау – тілдік және грамматикалық қателерді түзетеді;
4. Бағалау – жазылған мәтіннің құрылымдық, мазмұндық және стильдік сәйкестігін тексереді.

Бұл кезеңдер жазылым тапсырмаларын орындау барысында тестіленушінің когнитивтік белсенділігін және тілдік жауапкершілігін арттырады [6].

Жазылымды бағалау ойды жүйелі, түсінікті жеткізу қабілеті, лексикалық сөз байлығы, грамматикалық және орфографиялық сауаттылық және мәдени сәйкестік сияқты аспектілерге сүйенеді. Мысалы, эссе кезінде тестіленуші өз көзқарасын нақты дәлелдермен негіздеп, қазақ мәдениетіне тән тілдік ерекшеліктерді орынды қолдана білуі тиіс.

Осылайша, тестіленушінің жазылым нәтижесі оның тілдік құзыреттілігін ғана емес, тұлғалық ойлау деңгейін және мәдени бағдарын да айқындайды.

Айтылым тестіленушінің тілдік бірліктерді нақты жағдаятта орынды қолдану дағдысын көрсететін бағалау түрі. Д. Хаймстың коммуникативтік құзыреттілік теориясы бойынша, айтылымды меңгерген тұлға грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеумен қатар, әлеуметтік жағдаятқа сай тілдік мінез-құлық таныта білуі қажет [7].

Айтылым тапсырмаларын орындау кезінде тестіленушінің келесі дағдылары бағаланады:

– сөйлеудің анықтылығы мен мәнерлілігі – ойды түсінікті және әсерлі жеткізе білу;

– грамматикалық дұрыстық – сөйлем құрылымдарының сауатты қолданылуы;

– дыбыстау мен интонацияның табиғилығы – қазақ тіліне тән фонетикалық нормаларды сақтау;

– лексикалық қор мен сөйлеу қарқыны – сөз байлығы мен коммуникативтік еркіндік деңгейі.

Тестілеу кезінде айтылым әрекеті көбіне монолог пен ситуациялық сұрақтарға жауап беру түрінде ұйымдастырылады. Мұндай тапсырмалар тестіленушінің тілдік білімін өмірлік жағдаяттармен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Тілдік білім берудің басты мақсаты – тіл үйренушінің тілдік тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету, яғни оның коммуникативтік құзыреттілігін дамыту. Осы тұрғыда тілдік қатысымның өнімді түрлері саналатын жазылым мен айтылым дағдыларының әдіснамалық негіздерін ғылыми тұрғыдан талдау өзекті мәселе болып табылады. Бұл дағдылар адамның когнитивтік, лингвистикалық және әлеуметтік тәжірибесін біріктіре отырып, тілдік әрекеттің мағыналық және мәдени қырларын айқындайды.

**Нәтижелер және талқылау**

Бүгінгі күні аталған мәселені шешу жолында қазақстандық бағалау жүйесі ҚАЗТЕСТ тест тапсырмаларын әзірлеуде көп жылғы тәжірибе, педагогикалық өлшемдер мен білім сапасын бағалауда үлкен жетістіктерге қол жеткізген халықаралық ұйымдар мен шетелдік тест компанияларының тәжірбиесін зерделеп, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдануда.

ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі жазылым тапсырмалары – тестіленушінің жазбаша тілдік құзыреттілігін жан-жақты анықтауға бағытталған. Бұл тапсырмалар адамның ойын қағаз бетінде логикалық, грамматикалық және стилистикалық тұрғыдан дұрыс жеткізе білу қабілетін анықтайды. Тіл үйренуші тек сөздерді білуімен немесе грамматиканы меңгеруімен ғана емес, сол білімді нақты жазбаша коммуникацияда қолдана алуымен бағаланады. Сондықтан жазылым тапсырмалары тілдік білімнің практикалық құндылығын тексеруге мүмкіндік береді.

Бұл тапсырмалар арқылы адамның қазақ тіліндегі жазу дағдылары, ойды құрылымды, логикалық түрде жеткізу қабілеті, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтау деңгейі бағаланады.

**2-кесте – ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі жазылым дағдысын бағалау өлшемдері мен ерекшеліктері**

| Ерекшелік | Қысқаша сипаттама |
|---|---|
| Құрылымдылық | Жазба жұмыста кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды болу |
| Мазмұнның тереңдігі | Тақырыпты ашу, дәлел келтіру, нақты мысалдар беру |
| Тілдік құралдарды қолдану | Грамматикалық дұрыстық, сөйлем құрылымы, стилистика |
| Орфография мен пунктуация | Сауатты жазу дағдысы ескеріледі |
| Ұлттық-мәдени контекст | Қазақ тіліне тән лексика мен стильдік ерекшеліктер қолданылады |

Әр ерекшелігіне толықтай тоқталатын болсақ, ең алдымен олардың құрылымдылық сипатқа ие екенін айту қажет. Әрбір жазба жұмысында кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды сияқты бөліктердің болуы талап етіледі. Бұл құрылым тестіленушінің ойын жүйелі жеткізуіне, мәтіннің логикалық бірізділігін сақтауға мүмкіндік береді. Кіріспе бөлімде тақырып таныстырылып, негізгі ой айқындалады; негізгі бөлімде дәлелдер мен мысалдар келтіріледі; ал қорытындыда жалпы түйін жасалып, пікір қорытындыланады.

Екінші ерекшелік – мазмұнның тереңдігі. Жазба жұмысында тақырыптың мәнін ашу, ойды нақты дәлелдермен негіздеу және өмірлік немесе әдеби мысалдар келтіру маңызды. Терең мазмұн тестіленушінің танымдық деңгейін, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін және дербес пікір қалыптастыру дағдысын көрсетеді. Келесі ерекшелік ретінде тілдік құралдарды қолдану атап өтіледі. Жазба жұмысында грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлемдер құрау, сөз тіркестерін орынды пайдалану және стилистикалық үйлесімділікті сақтау талап етіледі. Бұл аспект тіл мәдениетінің деңгейін және жазу шеберлігін айқындайды.

Сонымен қатар, орфография мен пунктуация да маңызды рөл атқарады. Сауатты жазу дағдысы – тілдік нормаларды меңгерудің басты көрсеткіші. Дұрыс жазылған мәтін оқырманға түсінікті әрі әсерлі болады, ал тыныс белгілерін дұрыс қою ойдың нақтылығын қамтамасыз етеді.

Соңғы ерекшелік – ұлттық-мәдени контексті сақтау. Қазақ тілінде жазылған жұмыстарда ұлттық дүниетанымға, мәдениетке тән лексика мен стильдік ерекшеліктердің қолданылуы мәтіннің табиғилығын арттырады. Бұл тестіленушінің ұлттық құндылықтарға құрметін және ана тілін меңгеру деңгейін көрсетеді. Осылайша, жазба жұмыстары тек тілдік біліктілікті ғана емес, сонымен қатар ойлау жүйесін, мәдени сауаттылықты және шығармашылық қабілетті көрсететін күрделі оқу-танымдық әрекет түрі болып табылады.

IELTS, TOEFL сияқты халықаралық жүйелерде де жазылым тапсырмалары, көп жағдайда академиялық стильге бағытталып, бейтарап мәдени ортаға бейімделген. Ал ҚАЗТЕСТ жүйесінде жазылым – ұлттық контекске, қазақ тілінің стильдік нормалары мен мәдени мазмұнына сәйкес құрастырылады.

Жазылым тапсырмаларына эссе, сурет бойынша сипаттама жазу сияқты түрлері кіреді, олар тестіленушінің нақты өмірлік немесе академиялық жағдайларда жазбаша қарым-қатынас жасау қабілетін көрсетеді. Эссе – жазылым тапсырмаларының кең таралған, мазмұнды және күрделі түрі. Эссе жазу арқылы тестіленушінің тілді меңгеру деңгейі ғана емес, ойлау қабілеті, көзқарасын дәлелдеу шеберлігі**,** логикалық жүйелілік сияқты маңызды дағдылары анықталады [8] .

*Эссе алу мақсаттары:*

- Ойын жүйелі түрде жеткізе білу қабілетін тексеру;
- Сын тұрғысынан ойлау деңгейін бағалау;
- Тілдік қор мен грамматикалық құрылымдарды тиімді қолдануын байқау;
- Коммуникативтік жағдаятқа сай жазбаша жауап дайындай алуын бағалау;
- Тақырыпты түсіну және оған жеке көзқарасын білдіре алуын анықтау.

Эссе – тек лингвистикалық тұрғыда емес, тұлғалық тұрғыдан да бағалауға мүмкіндік береді. Ол тестіленушінің пікірін айту біліктілігін**,** мәтін құрау логикасын**,** тілдік және мәдени нормаларды сақтауын бір мезгілде тексереді.

*Эссе арқылы бағаланатын дағдылар:*

Эссе арқылы бағаланатын дағдылар бірнеше негізгі аспектілерден тұрады, олардың әрқайсысы тестіленушінің ойлау қабілеті мен тілдік құзыретін жан-жақты көрсетеді. Біріншіден, танымдық дағды маңызды рөл атқарады. Бұл дағды арқылы тестіленуші берілген ақпаратты талдап, оны басқа деректермен салыстырып, логикалық қорытынды шығара білуі тиіс. Танымдық тұрғыдан дамыған эссе авторы өз ойын дәлелмен, дәйектемемен ұштастыра алады.

Екіншіден, коммуникативтік дағды бағаланады. Эссе жазу барысында тілдің нақты жағдаятқа сай қолданылуы, ойдың айқын әрі түсінікті жеткізілуі үлкен мәнге ие. Автор өз көзқарасын оқырманға әсерлі түрде ұсына білуі керек.

Үшіншіден, грамматикалық дағды эссенің сапасын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Мұнда морфологиялық және синтаксистік құрылымдарды дұрыс пайдалану, сөз тіркестерін сауатты құра білу дағдылары бағаланады. Тілдік нормалардың сақталуы – жазбаша жұмыстың мәдени деңгейін көрсететін белгі.

Сонымен қатар, стилистикалық дағды да ерекше назарда болады. Автор ресми және бейресми стильдерді ажыратып, таңдалған тақырыпқа сай тілдік құралдарды орынды қолдануы қажет. Стильдің бірізділігі мен мақсатқа сәйкестігі эссенің әсерін күшейтеді.

Соңғысы – мазмұндық дағды. Бұл дағды тақырыпты толық ашу, нақты дәлелдер мен мысалдар арқылы ойды негіздеу қабілетін қамтиды. Эссе мазмұнының тереңдігі мен қисындылығы жазушының жалпы білім деңгейін және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін айқындайды.

Осылайша, эссе жазу процесі тек тілдік білімді ғана емес, сонымен бірге танымдық, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерді кешенді түрде дамытады.

Сонымен қатар, жазылым тапсырмаларына суретті қолданудың негізгі ерекшелігі –сурет тестіленушінің ойлануына, қиялын дамытуға және мазмұнды мәтін құрастыруына түрткі болуы. Сурет жазылымға тікелей бағыт-бағдар беріп, тақырыпты нақтылауға және идеяны визуалды түрде ұсынуға көмектеседі. Біріншіден, сурет тестіленушінің тақырыпты түсінуін жеңілдетеді, өйткені ол абстрактілі ойды нақты бейнелер арқылы қабылдайды, көрнекі материал назарды шоғырландырып, жазуға ынталандырады.

Екіншіден, сурет ойды жүйелеуге және мәтін құрылымын жоспарлауға мүмкіндік береді. Тестіленуші суреттегі оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын өз қиялымен толықтыра отырып, логикалық тізбекті сақтауға ұмтылады.

Үшіншіден, сурет арқылы жазылым тапсырмасы шығармашылық дағдының деңгейін көрсетеді. Тестіленуші өз сезімін, көзқарасын, болжамын немесе пікірін бейнеге сүйене отырып еркін жеткізеді. Сонымен бірге, коммуникативтік және тілдік дағдыларды қатар дамытуға ықпал етеді. Сурет мазмұны сипаттала отырып, сөздік қорының деңгейін, грамматикалық құрылымдарды орынды қолдануы және өз ойын жүйелі жеткізуге машықтануы көрініс табады. Осылайша, жазылым тапсырмасына сурет беру – тестіленушінің шығармашылық белсенділігінің деңгейін, ойлау мен тілдік дағдыларды табиғи, қызықты жолмен жеткізудегі тиімді әдісі болып табылады.

Бағалау критерийлері – бұл белгілі бір тапсырма немесе қызмет нәтижесін бағалау үшін қолданылатын нақты талаптар мен өлшемдер жиынтығы. Олар оқушының, студенттің немесе тестіленушінің жетістігін объективті, айқын және жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік береді. Критерий – белгілі бір талап немесе өлшем, яғни тапсырманың қандай қасиеттері мен параметрлері бағаланатыны ал, Бағалау критерийлері – бұл бірнеше критерийлерден құралған кешенді жүйе, олар бойынша нәтиже салыстырылады және баға беріледі.

Бағалау критерийлерінің мақсаты мен маңызына тоқталса,

1. Айқындық пен әділдік басты орында**.** Критерийлер тапсырмада не талап етілетінін нақты көрсетеді. Бұл бағалаудың ашық әрі әділ өтуін қамтамасыз етеді.

2. Объективтілік. Бағалау субъективизмге жол бермей, нақты көрсеткіштерге сүйенеді. Бұл әсіресе тестілеу мен емтихандарда өте маңызды.

3. Кері байланыс үшін негіз**.** Оқушыға немесе тестіленушіге өз нәтижесін түсініп, келесі жетілдіру бағыттарын анықтауға көмектеседі.

4. Оқыту мен оқудың интеграциясы**.** Критерийлер оқу мақсаттарымен тығыз байланысты болғанда, олар оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға, оқу материалын жетілдіруге септігін тигізеді.

Жазылым бөлігінде бағаланатын басты критерийлер,

*1. Мазмұнның толықтығы мен құрылымы*

Жазылымның ең басты критерийлерінің бірі – мазмұнның тапсырма тақырыбына толық сәйкес болуы және оның логикалық құрылымы.

Мазмұнның толықтығы – тестіленуші берілген тақырыпты жан-жақты ашып, қажетті мәселелерді қамтып, ойды толық жеткізуі керек. Мазмұнның шектеулі немесе қисынсыз болуы бағаға кері әсер етеді.

Құрылымның болуы – кез келген жазбаша мәтіннің кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұруы талап етіледі. Кіріспеде тақырып ашылып, мәтіннің негізгі бағыты көрсетіледі. Негізгі бөлімде ой толығымен жеткізіліп, дәлелдер, мысалдар келтіріледі. Қорытынды бөлім – мазмұнды тұжырымдап, негізгі ойды қорытындылайды. Бұл құрылым мәтінді түсінуді жеңілдетеді және жазылымның әсерлі болуына ықпал етеді.

*2. Грамматикалық және орфографиялық сауаттылық*

Жазылымдағы тілдік дұрыстық – маңызды бағалау критерийі. Ол грамматика мен орфографияның дұрыс қолданылуын қамтиды. Грамматикалық сауаттылық – сөйлем құрылымы, етістіктің шақтары, септік, сөз таптарының үйлесімділігі сияқты грамматикалық нормалардың сақталуы. Қате көп болған жағдайда мәтіннің түсініктігі төмендеп, бағасы төмендейді. Орфографиялық сауаттылық – сөздерді дұрыс жазу, тыныс белгілерін орынды пайдалану. Бұл жазылымның кәсіби деңгейін және оқырманға жеткізушілігін арттырады.

*3. Сөз байлығы және стильдік бірізділік*

Жазылым тапсырмаларында қолданылатын лексика мен стиль де бағалау критерийлері қатарына жатады. Сөз байлығы – тестіленушінің тақырыпқа сәйкес және мағыналы сөздер мен тіркестерді қолдануы. Қайталаулардың аз болуы және синонимдер қолдану мәтіннің бай және тартымды болуын қамтамасыз етеді. Стильдік бірізділік – мәтіннің белгілі бір стильде жазылуы (ресми, бейресми, ғылыми, публицистикалық және т.б.). Стильдің өзгермей, мақсатқа сай келуі мәтінді кәсіби және сенімді етеді.

*4. Логикалық байланыс пен ойдың жүйелілігі*

Жазылымдағы логика – мәтіннің бөлімдері арасындағы және сөйлемдер арасындағы байланыстардың үйлесімділігіне байланысты. Логикалық байланыс – мәтіндегі идеялар мен ойлар бірінен соң бірі түсінікті және мақсатқа сай жалғасуы қажет. Бұл үшін байланыстырушы сөздер мен конструкциялар (мысалы, «сондықтан», «яғни», «екіншіден», «сонымен қатар»)

қолданылуы тиіс. Ойдың жүйелілігі – автордың негізгі идеясы айқын, дәлелдері нақты және олар бір-біріне байланысты болуы керек. Ойлар шатаспауы, тақырыптан ауытқымауы маңызды.

Айтылым дағдысын бағалау барысында қолданылатын критерийлер тестіленушінің ауызша тілдесім әрекетін жан-жақты сипаттайды және оның тілдік, коммуникативтік қабілеттерін кешенді түрде айқындауға мүмкіндік береді. Бұл критерийлер сөйлеу мәдениетін, тілдік нормаларды сақтау деңгейін бағалауға бағытталған. Біріншіден, сөйлеудің анықтылығы мен мәнерлілігі айтылым сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Айтылған ойдың нақты, түсінікті әрі әсерлі жеткізілуі тыңдаушының қабылдауына тікелей әсер етеді. Бұл аспект сөйлеушінің логикалық жүйелілігін, тілдік нормаларды сақтауын және интонациялық өрнекті орынды қолдануын қамтиды. Мәнерлі сөйлеу тілдің көркемдік және экспрессивтік мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану арқылы жүзеге асады. Екіншіден, грамматикалық дұрыс құрылым айтылымның тілдік сауаттылығын сипаттайды. Тестіленуші сөйлемдерді морфологиялық және синтаксистік ережелерге сай құрастырып, сөздердің байланысын дұрыс орнатуы тиіс. Грамматикалық дұрыстық сөйлеудің логикалық тұтастығын қамтамасыз етіп, тыңдаушының назарын негізгі мазмұнға шоғырландыруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, дыбыстау ерекшеліктері (акцент және интонация) айтылымның фонетикалық мәдениетін көрсетеді. Дұрыс дыбыстау, сөз екпінін және сөйлем интонациясын сақтау сөйлеудің табиғилығын арттырады. Акценттің шамадан тыс басым болмауы, дауыс ырғағы мен кідірістердің орынды қолданылуы сөйлеушінің тілдік мәдениетінің жоғары деңгейін білдіреді. Төртіншіден, лексикалық қор және сөйлеу қарқыны де маңызды бағалау өлшемдері болады. Сөздік қордың жеткілікті болуы сөйлеушінің ойды әртүрлі тілдік құралдар арқылы жеткізу қабілетін көрсетсе, сөйлеу қарқынының үйлесімділігі тыңдаушының мәтінді қабылдауына әсер етеді: тым жылдам немесе баяу сөйлеу қарым-қатынас тиімділігін төмендетуі мүмкін [9-13].

Айтылымдағы бағалау критерийлері тестіленушінің тілдік сауаттылығын, сөйлеу мәдениетін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Бұл критерийлердің барлығы тілдік тұлғаның қалыптасуына, оның өз ойын еркін, анық және әсерлі жеткізе алуына бағытталған.

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу нәтижесі көрсеткендей, сөйлеу әрекетінің өнімді түрлері Жазылым және Айтылым бойынша талдаулар жүргізілу барысында, еліміздің кейбір аймақтарында жауап беру нәтижелері – тілдік білімді аймақтық, әлеуметтік-лингвистикалық және психолингвистикалық тұрғыдан түсіндіруді қажет ететін тұстары бар екендігін көрсетті. Қазақ тілін меңгеру деңгейін аймақтық контексте талдау соңғы жылдары лингводидактика мен социолингвистикада өзекті бағыттардың біріне айналды. Тестілеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы тестіленушілер (әсіресе Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстары) айтылым бойынша жоғары көрсеткіштерге**,** ал жазылым бойынша салыстырмалы түрде төмен нәтижелерге ие. Бұл құбылысты ауызекі сөйлеу мәдениеті басым аймақтардың тілдік тәжірибесімен**,** жазба тілдің нормаларын меңгеру ерекшеліктерімен және психолингвистикалық факторлармен түсіндіруге болады.

*Социолингвистикалық фактор: ауызекі тілдің басымдығы***.** Оңтүстік аймақтарда қазақ тілі тұрмыстық және қоғамдық коммуникацияның негізгі құралы ретінде кең қолданылады. Бұл өңірлерде қазақ тілі табиғи ортада қолданыс табатын тірі тілдік кеңістік болып саналады [14].

Сондықтан тестіленушілердің:

– айтылым қабілеті (ауызекі тілде ойды еркін жеткізу, тілдік интонация, сөйлеу қарқыны) жоғары деңгейде қалыптасқан;

– ал жазылым – яғни грамматикалық нормалар мен орфографиялық ережелерді саналы қолдануды қажет ететін дағды – салыстырмалы түрде жасанды ортада қалыптасады.

Тілдің ауызекі формасы табиғи жолмен меңгерілетіндіктен, оңтүстік аймақ тестіленушілері көбіне коммуникативтік құзыреттілік тұрғысынан жақсы нәтиже көрсетеді, бірақ грамматикалық және орфографиялық нормаларды жазба түрде рәсімдеуде қиындыққа кезігеді.

*Лингвистикалық фактор: диалект және ауызекі ерекшеліктердің әсері.* Оңтүстік аймақта сөйленіс тобына тән бірқатар диалектілік және фонетикалық ерекшеліктер жазба тіл нормасынан өзгеше болып келеді.

Мысалы:

–дыбыстық ассимиляция («жүргі» → «жүрді» типтес);

–кейбір сөздердің ауызекі нұсқада жиі қолданылуы («бәсе», «қойшы енді» т.б.);

–етістік формаларының қарапайым түрлерін жиі қолдану.

Осы ерекшеліктер сөйлеуде табиғи және түсінікті болғанымен, жазба жұмыста қате ретінде тіркеледі.

Сондықтан оңтүстік тестіленушілердің жазылым нәтижесіне диалектілік интерференция әсер етеді.

*Психолингвистикалық фактор: сөйлеу мен жазу арасындағы когнитивтік айырмашылық.* Психолингвистика тұрғысынан айтқанда, айтылым мен жазылым әртүрлі когнитивтік процестерді іске қосады:

- Айтылым – жедел, автоматтандырылған, табиғи әрекет;
- Жазылым – жоспарлауды, грамматикалық бақылауды және тілдік нормаларды саналы қадағалауды талап ететін күрделі әрекет.

Оңтүстік аймақтарда тілдік тәжірибе негізінен ауызекі қарым-қатынасқа бағытталғандықтан, тестіленушілердің ойлау жылдамдығы мен сөйлеу қарқыны жоғары, бірақ жазба мәтін құрастыру кезінде ой жүйелілігі мен құрылымдық ұйымдастыру әлсіз көрінуі мүмкін.

*Әдістемелік фактор: жазба тілдің оқыту тәжірибесінің шектеулілігі.* Көптеген мектептер мен оқу орталықтарында қазақ тілін оқыту ауызекі қарым-қатынасқа бағытталған, ал жазба дағдысына аз уақыт бөлінеді.

Оңтүстік аймақтарда жазу мәдениетіне арнайы көңіл бөлу көбіне жоғары сыныптар мен емтихандық дайындық кезеңінде ғана іске асады. Ал тілдік дағдылардың тең дамуы үшін айтылым мен жазылымның бір-бірімен интеграцияланған оқытылуы қажет. Бұл талап орындалмаған жағдайда, тестіленушілерде коммуникативтік тепе-теңдік бұзылады: яғни ауызекі тіл күшті, жазба тіл әлсіз қалыптасады.

*Мәдени-коммуникативтік фактор: тілдік орта мен жазу тәжірибесінің айырмашылығы.* Оңтүстік өңірлердегі қазақтілді қоғамда ауызекі коммуникацияның мәдени беделі жоғары, ал жазба тіл – ресми және формалды ортаға тән. Сөйлеу арқылы эмоциялық, экспрессивтік қатынас орнату дәстүрі күшті болғандықтан, тестіленушілер интонация, дыбыстау және мағыналық екпін қоюды жақсы меңгереді, бірақ жазба тілдің бейтарап, ресми, құрылымды сипатына бейімделу қиын. Бұл айырмашылық М. Халидидің «сөйлеу тілі мен жазба тілдің функционалдық стильдік ерекшелігі» туралы теориясымен түсіндіріледі [15].

Зерттеу нәтижелерін төмендегі кестелерден көруге болады. 2025 жылғы тестіленушілердің нәтижелері алынды. Бұл көрсеткіштер қатысушылардың жақсы және жоғары деңгейге жеткенін білдіреді (3-кесте).

**3-кесте - Жоғары балл көрсеткіштері (31-50 ұпайлар қосындысы)**

| Аймақ | Жазылым (31-50 балл) | Айтылым (31-50 балл) | Айырмашылық | Қайсысы жоғары |
|---|---|---|---|---|
| Шымкент | 1082 | 1366 | +284 | Айтылым |
| Жамбыл (Тараз) | 312 | 361 | +49 | Айтылым |
| Қызылорда | 388 | 439 | +51 | Айтылым |
| Түркістан | 155 | 189 | +34 | Айтылым |

Зерттеу нәтижелері Шымкент қаласы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстары бойынша алынған мәліметтер негізінде талданды. Нәтижелер көрсеткендей, барлық төрт аймақта айтылым бөлігінен жиналған баллдар жазылым нәтижелерінен жоғары болып шықты. Бұл тенденция оңтүстік өңірлерде ауызша тілдік қатынастың басым дамығанын айғақтайды.

Шымкент қаласында айырмашылық айтарлықтай жоғары – айтылым көрсеткіші жазылымнан 284 қатысушыға артық. Бұл құбылыс аталған өңірде тілдік орта мен ауызша қатынас тәжірибесінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Жамбыл облысында айтылым нәтижелері жазылымнан 49 қатысушыға, ал Қызылорда облысында 51 қатысушыға жоғары көрсеткіш көрсетті. Бұл деректер де оңтүстік өңірлердегі ауызша тілдік дағдылардың басымдығын растайды.

Түркістан облысында айырмашылық салыстырмалы түрде аз (+34 қатысушы), дегенмен айтылым көрсеткіші мұнда да алдыңғы орында. Бұл облыста жазылым мен айтылым деңгейлері шамалас дамығанымен, ауызша тілді қолдану дағдысы басымдық танытады.

Аталған нәтижелер оңтүстік аймақтарда қатысушылардың ауызша тілді белсенді қолданатынын және бұл дағдының табиғи коммуникациялық тәжірибеде жиі кездесетінін көрсетеді. Ал жазылым дағдысы, керісінше, оқу және ресми қарым-қатынас контекстінде шектеулі қолданылу салдарынан баяу дамып келеді. Бұл жағдай тіл үйрету процесінде жазылымға бағытталған тапсырмалардың үлесін арттыру қажеттігін көрсетеді.

## Қорытынды

Жазылым және айтылым дағдылары тестіленушінің тілдік құзыреттілігінің негізгі көрсеткіштері. Жазылым тестіленушінің ойды логикалық, мәдени және коммуникативтік тұрғыдан құрылымдап, дәлелді түрде жеткізе алу қабілетін айқындайды. Айтылым болса, ауызша қатысымдағы икемділікті, тіл мәдениетін, қарым-қатынас шеберлігін және коммуникациялық стратегияларды бағалауға мүмкіндік береді.

Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, бұл екі дағдыны дамыту және бағалау тестіленушінің когнитивтік, коммуникативтік және мәдени құзыреттерін кешенді түрде айқындайтын маңызды көрсеткіш. Жазылым тапсырмалары, әсіресе эссе жазу, тілдік білім, логикалық ойлау, стильдік сәйкестік, пікір білдіру қабілеті және мәдениетаралық коммуникацияны қатар тексеруге мүмкіндік береді. ҚАЗТЕСТ жүйесінде эссе тестіленушінің жазбаша сауаттылық деңгейін ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарға сай ойлау стилін және тілдік-мәдени бейімділігін бағалайтын маңызды құрал ретінде қызмет етеді.

Зерттеу нәтижелері кейбір аймақтардағы тестіленушілердің айтылымнан жоғары, ал жазылымнан төмен нәтиже көрсетуінің бірнеше себептерін анықтады:

1. Ауызекі тілдің күнделікті қолданыстағы басымдығы;
2. Диалектілік ерекшеліктердің жазба нормаға әсері;
3. Жазылымның психолингвистикалық тұрғыдан когнитивтік күрделілігі;
4. Жазба дағдысын жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмыстың жеткіліксіздігі;
5. Мәдени-коммуникативтік құндылықтардың негізінен ауызша сөйлеу тілінде көрінуі.

Бұл жағдайды түзету үшін ұсынылады: жазылым мен айтылымды біріктіріп оқыту әдістерін енгізу, аймақтық тілдік ерекшеліктерді ескеретін оқу материалдарын бейімдеу, сондай-ақ жазба сауаттылықты коммуникативтік тұрғыда дамыту.

Зерттеу барысында оңтүстік аймақ тестіленушілерінің жазылымдағы негізгі мәселелері орфографиялық және синтаксистік қателіктермен байланысты екені анықталды, бұл жазба дағдыларын жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Ал айтылым көрсеткіштері салыстырмалы түрде тұрақты болып, аймақтық айырмашылықтардың минималды екенін дәлелдеді.

Қорыта айтқанда, жазылым және айтылым тапсырмалары қазақ тілін үйрету мен бағалауда кешенді әдістемелік құрал ретінде маңызды рөл атқарады. Олар тестіленушінің тілдік құзыреттілігін толық бағалауға, когнитивтік және коммуникативтік дағдыларын дамытудың бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар ұлттық контекст пен мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру әдістемесін жетілдіруге үлес қосады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы. – Астана, 1997.
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі. ҚАЗТЕСТ жүйесінің әдістемелік-нормативтік құжаттары. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы.
3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі №458 бұйрығы «ҚАЗТЕСТ» қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларды бекіту туралы
4. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
5. Bloom, B. S. Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals. New York: Longmans, Green, 1956.
6. Flower, L., & Hayes, J. A cognitive process theory of writing. College Composition and Communication, 1981, 365–387.
7. Hymes, D. On communicative competence. In J. B. Pride & J. Holmes (Eds.), Sociolinguistics. Harmondsworth: Penguin. 1972, 269–293.
8. Тоғызбай Н.Б. Жазылым тапсырмаларының жаңа сипаты /Білім айнасы, 2021, 3 маусым, bilimainasy.kz сайты.
9. ҚР СТ 1926-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру.
10. ҚР СТ 1928-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру.
11. ҚР СТ 1929-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру.
12. ҚР СТ 1925-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру.
13. ҚР СТ 1927-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру.
14. Айтбаева Г. *Қазақстандағы қазақ тілін меңгеру деңгейі: аймақтық аспект.* – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2018.
15. Halliday, M. A. K. Language as Social Semiotic: The Social Interpretation of Language and Meaning. London: Edward Arnold, 1978.


**I. Sagindikov, G. Yersultanova, N.Toyzbay, N.Zhumakhanova**

## OPEN-ENDED TEST TASKS IN THE KAZTEST SYSTEM: FEATURES OF WRITING AND SPEAKING COMPONENTS

The article comprehensively examines the scientific and methodological foundations of open-ended test tasks in the KAZTEST system and their role in the complex assessment of language competence. The study provides a detailed analysis of the characteristics of open-ended tasks, their brief content, the structure and components of writing and speaking skills, as well as the criteria used for their evaluation. Open-format tasks are designed not for choosing predefined answers but for assessing the test taker’s ability to express their thoughts

freely, logically, and grammatically correctly. This approach enables the evaluation of the ability to apply linguistic knowledge in real-life situations, as well as communicative and cognitive skills, creativity, and cultural identity. Writing and speaking skills are examined through the lens of Bloom's taxonomy and communicative competence theory, highlighting their cognitive, sociolinguistic, and psycholinguistic aspects. A comparative analysis of regional test results revealed that speaking performance tends to be higher in southern regions, while writing scores are lower. This disparity is linked to the predominance of oral communication in the language environment and limited experience with written language. The article provides methodological recommendations for improving the quality of Kazakh language proficiency assessment, integrating the teaching of writing and speaking, and developing an evaluation system that takes into account the national and cultural context.

**Keywords:** KAZTEST, open-ended test tasks, writing, speaking, assessment criteria, language competence, sociolinguistics, psycholinguistics.

**И.У. Сагиндиков, Г.С. Ерсултанова, Н.Б. Тоғызбай, Н.Н. Жумаханова**

## ОТКРЫТЫЕ ТЕСТОВЫЕ ЗАДАНИЯ В СИСТЕМЕ КАЗТЕСТ: ОСОБЕННОСТИ ЗАДАНИЙ ПО ПИСЬМУ И ГОВОРЕНИЮ

В статье всесторонне рассматриваются научно-методологические основы открытых тестовых заданий в системе КАЗТЕСТ и их роль в комплексной оценке языковой компетенции. В ходе исследования подробно проанализированы особенности открытых тестовых заданий, их краткое содержание, структура и содержание умений письма и говорения, а также критерии их оценки. Открытые задания направлены не на выбор готовых ответов, а на выявление способности тестируемого свободно, логично и грамматически правильно выражать собственную мысль. Такой подход позволяет оценить умение применять языковые знания в реальных жизненных ситуациях, а также коммуникативные и когнитивные навыки, творческие способности и культурную идентичность. Навыки письма и говорения рассматриваются с позиции таксономии Блума и теории коммуникативной компетенции, при этом анализируются их когнитивные, социолингвистические и психолингвистические аспекты. В ходе исследования письменных и устных заданий сравнительный анализ региональных результатов показал, что в южных регионах преобладают показатели по говорению, в то время как результаты по письму остаются низкими. Это связано с ориентацией языковой среды на устное общение и недостаточным опытом письменной речи. В статье даны методические рекомендации по совершенствованию качества оценки уровня владения казахским языком, интегрированному обучению письму и говорению, а также по развитию системы оценки, учитывающей национально-культурный контекст.

**Ключевые слова:** КАЗТЕСТ, открытые тестовые задания, письмо, говорение, критерии оценивания, языковая компетенция, социолингвистика, психолингвистика.

## References

1. Law of the Republic of Kazakhstan «On Languages». – Astana, 1997.
2. Qazaqstan Respublikasy Ğylym jäne joğarı bilim ministrligi. QAZTEST jüyesiniñ ädistemelik-normativtik qujattary. – Astana: Ulttıq testileu ortalyğy.
3. Qazaqstan Respublikasy Ğylym jäne joğary bılım ministrınıñ 2024 jylğy 23 qyrküiektegı №458 būiryğy «QAZTEST» qazaq tılın meñgeru deñgeiın bağalau jüiesı boiynşa qağidalardy bekıtu turaly.
4. Qazaqstan Respublikasynda tıl saiasatyn damytudyñ 2023–2029 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasy.
5. Bloom, B.S. Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals. New York: Longmans, Green. 1956
6. Flower, L., & Hayes, J. A cognitive process theory of writing. College Composition and Communication, 1981, 365–387.

7. Hymes, D. On communicative competence. In J. B. Pride & J. Holmes, *Sociolinguistics* Harmondsworth: Penguin**.** 1972, (269-293).

8. Togyzbay N.B. Jazılım tapsırmalarynyñ jaña sipaty / Bilim aynasy, 2021, 3 mausım, bilimainasy.kz sayty.

9. QR ST 1926-2009. Qazaq tılın meñgerudıñ komunikativtık tıldık qūzyrettılıkterı. Qarapaiym deñgei. Jalpy meñgeru.

10. QR ST 1928-2009. Qazaq tılın meñgerudıñ komunikativtık tıldık qūzyrettılıkterı. Bazalyq deñgei. Jalpy meñgeru.

11. QR ST 1929-2009. Qazaq tılın meñgerudıñ komunikativtık tıldık qūzyrettılıkterı. Orta deñgei. Jalpy meñgeru.

12. QR ST 1925-2009. Qazaq tılın meñgerudıñ komunikativtık tıldık qūzyrettılıkterı. Ortadan joğary deñgei. Jalpy meñgeru.

13. QR ST 1927-2009. Qazaq tılın meñgerudıñ komunikativtık tıldık qūzyrettılıkterı. Joğary deñgei. Jalpy meñgeru.

14. Aitbaeva, G. Qazaqstandağı qazaq tilin meñgeru deñgeyi: aimaqtıq aspekt. – Almaty: Qazaq universiteti baspasy, 2018.

15. Halliday, M.A. K. Language as Social Semiotic: The Social Interpretation of Language and Meaning. London: Edward Arnold. 1978.

***Авторлар туралы мәлімет:***

**Сагиндиков Исатай Умирзакович** – педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚРҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК Ғылыми зерттеу мен психометрика зертханасының бас ғылыми қызметкері, Астанақ., ҚазақстанРеспубликасы, isatay60@mail.ru

**Ерсултанова Гүлнұр Серікбаевна** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқарманың басшысы, Родниковая көш., 1/1, 010008, Астана, Қазақстан Республикасы, e-mail: e_gulnura@mail.ru

**Тоғызбай Нұргүл Батырбекқызы –** магистр**,** ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқарма, Тест тапсырмаларын қалыптастыру ғылыми-әдістемелік зертханасының меңгерушісі, Родниковая көш., 1/1, 010008, Астана, Қазақстан Республикасы, e-mail: nur83b@mail.ru

**Жумаханова Назым Нургазиновна –** магистр**,** ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқарма, Тест тапсырмаларын қалыптастыру ғылыми-әдістемелік зертханасының жетекші сарапшысы, Родниковая көш., 1/1, 010008, Астана, Қазақстан Республикасы, e-mail: 8533467@mail.ru

***Сведения об авторах:***

**Сагиндиков Исатай Умирзакович** – кандидат педагогических наук, главный научный сотрудник лаборатории научных исследований и психометрики РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, г. Астана, Республика Казакстан, isatay60@mail.ru

**Ерсултанова Гульнур Серикбаевна** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, руководитель управления по развитию системы КАЗТЕСТ РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, ул. Родниковая, 1/1, 010008, г. Астана, Республика Казахстан, e-mail: e_gulnura@mail.ru

**Тоғызбай Нұргүл Батырбекқызы –** магистр, заведующий научно-методической лабораторией по формированию тестовых заданий управления по развитию системы QAZTEST, РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, ул. Родниковая, 1/1, 010008, Астана, Республика Казахстан, e-mail: nur83b@mail.ru

**Жумаханова Назым Нургазиновна –** магистр**,** ведущий эксперт научно-методической лабораторией по формированию тестовых заданий управления по развитию системы QAZTEST, РГП на

ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, ул. Родниковая, 1/1, 010008, Астана, Республика Казахстан, e-mail: 8533467@mail.ru

***Information about authors:***

**Sagindikov Issatay Umirzakovich** – Candidate of Pedagogical Sciences, Chief Researcherat the Laboratoryof Scientific Researchand Psychometrics «National Testing Center» of the Ministryof Scienceand Higher Educationof the Republic of Kazakhstan,Astana,Republicof Kazakhstan, isatay60@mail.ru

**Gulnur Serikbaevna Yersultanova** – PhD student at L.N. Gumilyov Eurasian National University,Head of the Department for the Development of the KAZTEST System, Republican State Enterprise on the Right of Economic Management«National Testing Center»of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 1/1 Rodnikovaya Street, 010008, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: e_gulnura@mail.ru

**Nurgul Batyrbekkyzy Togyzbay –** Master, Head of the Scientific and Methodological Laboratory for Test Development, Department for the Development of the QAZTEST System, Republican State Enterprise on the Right of Economic Management «National Testing Center» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 1/1 Rodnikovaya Street, 010008, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: nur83b@mail.ru

**Dzhumakhanova Nazym Nurgazinovna** – Master, leading expert of the Scientific and Methodological Laboratory for Test Development, Department for the Development of the QAZTEST System, Republican State Enterprise on the Right of Economic Management «National Testing Center» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 1/1 Rodnikovaya Street, 010008, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: 8533467@mail.ru

**IRSTI 16.21.25** https://doi.org/10.63597/UTO3105-4161.2025.4.4.005

**D.R. Aliyeva**
«Nazarbayev Intellectual School of Science and Mathematics in Nauryzbay district of Almaty», branch of Autonomous Educational Organization «Nazarbayev Intellectual Schools», Almaty, Kazakhstan
e-mail: aliyeva_d@hbalm.nis.edu.kz

*ORCID 0009-0008-8598-0445*

# INVESTIGATING THE EFFECT OF PEER ASSESSMENT ON STUDENTS' READINESS AND ACHIEVEMENT IN SAU AND SAT SPEAKING

This study explores the effect of peer assessment on students' readiness and achievement in Summative Assessment of the Unit (SAU) and Summative Assessment of the term (SAT) speaking assessments in an English as a Foreign Language (EFL) context at Nazarbayev Intellectual School (NIS) Almaty-Nauryzbay. The aim was to examine whether structured peer assessment could enhance students' understanding of assessment criteria, reduce speaking anxiety, and improve their speaking performance. Peer support and feedback tables based on SAU/SAT speaking rubrics were implemented during several preparatory lessons with 8th- and 10th-grade students. Students were engaged in evaluating each other's speaking tasks, providing constructive feedback, and discussing assessment criteria. Mini online surveys were conducted to capture students' perceptions, while speaking scores from current and previous SAU/SAT assessments were compared to track changes in performance.

The findings suggest that peer assessment fostered greater engagement among less confident students and promoted collaborative support from more proficient peers. Students reported that peer feedback helped them better understand scoring criteria, increased their confidence, and reduced speaking-related anxiety. Moreover, their subsequent SAU/SAT speaking scores showed noticeable improvement compared to earlier results. The findings indicate that peer assessment can be an effective and low-cost strategy to enhance students' readiness and achievement in high-stakes speaking assessments.

**Key words:** speaking assessment, peer assessment, student readiness, assessment for learning, speaking achievement, SAU, SAT.

## Introduction

In language education, peer assessment has become an effective classroom practice that encourages students to take an active role in evaluating and improving their own learning. It is generally understood as a process where learners assess and provide feedback on each other's work based on shared criteria or rubrics. Instead of depending entirely on teacher evaluation, students are encouraged to think critically about what makes a good performance and to apply this understanding to their own work. Research has shown that involving learners in assessment supports self-regulation, engagement, and a deeper understanding of learning goals [1, 2, 3].

In English as a Foreign Language (EFL) classrooms, peer assessment brings particular benefits. It gives students the chance to practise communication, compare their speaking performance with peers, and receive feedback in a more relaxed environment than in formal assessments. Studies have demonstrated that structured peer feedback helps students become more reflective, independent, and responsible for their progress [4, 5]. It also promotes collaboration rather than competition, as students start to see learning improvement as a shared process. When guided by clear rubrics and teacher support, peer assessment can strengthen both speaking ability and confidence [6, 7]. However, in many EFL classrooms, speaking remains one of the main sources of anxiety, especially for learners who worry about being judged or making mistakes. Such anxiety often limits classroom participation and prevents students from reaching their full potential. This issue connects closely to the concept of Foreign Language Classroom Anxiety (FLCA) developed by [8]. Their framework highlights that communication apprehension and fear of negative evaluation are two major emotional barriers that interfere with language learning and speaking performance. When learners experience this type of anxiety, they tend to avoid

speaking opportunities and become less confident in assessments, even when they have the necessary knowledge.

Within the Nazarbayev Intellectual Schools (NIS) network in Kazakhstan, assessment practices emphasize reflection, transparency, and learner autonomy. The Summative Assessment of the Term (SAT) plays an important role in measuring students' progress and academic achievement. However, many students still report feeling nervous and uncertain before speaking assessments. These difficulties often arise from a limited understanding of the assessment criteria and a lack of experience in analyzing what makes strong or weak performance. Introducing peer assessment into preparatory speaking lessons can help to address these challenges. By working with rubrics, observing peers, and giving feedback, students can become more familiar with the criteria, more confident in their abilities, and less anxious about the evaluation process.

The main purpose of this research is to explore how peer assessment influences students' readiness and achievement in SAT speaking tasks at NIS Almaty–Nauryzbay. The study focuses on two aspects: changes in students' SAT speaking performance after the introduction of peer assessment and their attitudes toward this approach based on a short online survey.

The *research* addresses the following *questions*:

1. To what extent did the implementation of peer assessment influence students' SAT speaking performance compared to their results prior to its introduction?

2. What insights do students' survey responses provide about their perceptions of peer assessment as a tool for improving readiness and confidence in SAT speaking assessments?

A mixed-method approach was applied to answer these questions. Quantitative data were collected from SAT speaking results before and after the peer assessment activities, while qualitative data came from a mini online survey exploring students' feelings, confidence, and experiences. The teaching tools used included SAT speaking rubrics, peer feedback tables, and short reflection sheets that guided students in observing and commenting on each other's performance. Before the peer review began, students received short instructions on how to use the rubrics and how to give feedback politely and constructively.

Although peer assessment has been widely studied internationally, little research has been done in Kazakhstani EFL contexts—especially in relation to official summative assessments like the SAT. Most studies focus on informal classroom activities rather than on structured assessments used for grading. This research fills that gap by exploring how peer assessment affects both students' attitudes and actual SAT speaking results in a real classroom setting.

In conclusion, this study aims to show that peer assessment can serve as an effective and low-cost strategy for improving learners' preparation and confidence in speaking assessments. By combining performance data and students' reflections, the research hopes to offer practical insights for teachers who want to make speaking assessment more transparent, supportive, and inclusive for all learners.

**Research design and instruments**

This study used a mixed-method approach, combining both quantitative and qualitative data. This design was chosen because it gives a more complete picture of what happens in a classroom. Numbers alone can show whether students' speaking scores changed, but they cannot explain how students felt about the process or what they learned from it. As Creswell and Plano Clark point out, using mixed methods helps researchers capture both the measurable results and the personal experiences behind them [9]. In this study, the quantitative part focused on comparing SAT speaking scores before and after peer assessment, while the qualitative part explored students' perceptions of peer assessment and speaking anxiety through a short online survey.

*Research Design.* The study followed a quasi-experimental pre-test/post-test design, which allowed the comparison of two sets of SAT speaking results — one before and one after peer assessment was introduced. This approach was considered suitable because random group assignment was not possible in a real school environment. Cohen, Manion, and Morrison note that quasi-experimental designs are often the best option in authentic educational settings where researchers aim to track progress within existing classes [10].

*Research Site and Participants.* The research was conducted at Nazarbayev Intellectual School (NIS) Almaty-Nauryzbay, which follows a student-centered approach and uses a criterion-based assessment system. Participants included 48 students: 25 from Grade 8 and 23 from Grade 10. All students studied English as a Foreign Language and had previous experience with SAT speaking assessments. Their proficiency levels ranged from B1 to B2 on the CEFR scale.

The school was selected because it represents a setting where both formative and summative assessments play an important role, and where developing student autonomy is part of the learning culture. Participation in the research was voluntary, and survey responses were anonymous to encourage honesty and openness.

*The intervention.* The intervention took place over several preparatory lessons before the official SAT speaking assessment. During these sessions, students worked in pairs and small groups to evaluate each other's speaking using peer feedback tables based on the SAT rubric. The table below represents one of the instruments used with the 8th graders after the grammar was introduced and practiced.

| **While your partner is speaking, listen and check!** | | |
|---|---|---|
| | My partner used at least **three** modal verbs. | He used_____ |
| | My partner used at least **three** new topic related words/phrases. | He used_____ |
| | My partner asked and answered the questions. | ☐ ☐ |
| | **One** thing my partner did well: | _____ |
| | **One** thing to improve: | _____ |

**Figure 1 - Peer Assessment Instrument for Speaking**

The clear instructions were given before these instruments were applied. They were encouraged to discuss what makes a good answer, identify common challenges, and give constructive comments. The teacher guided the process to ensure feedback was respectful, accurate, and meaningful. Research by Rahmatillah and Fajrita highlights that students' motivation, proficiency level, and relationship bias affect the success of peer assessment [11]. These factors were managed through teacher support, such as explaining its benefits, pairing students of similar levels, and using anonymous evaluation.

**Materials and research methods**

Two main sources of data were used: 1) SAT speaking results; 2) an online survey.

The SAT speaking results provided the quantitative data for this study. Students' scores from two consecutive SAT speaking assessments were compared: one taken before peer assessment was introduced and one after. Both assessments were graded using the same official SAT rubric, which evaluates task achievement, coherence, pronunciation, vocabulary and grammar. This allowed a fair comparison and helped identify any improvement that might be linked to the peer assessment practice.

To ensure confidentiality, students' names were not used in the analysis. Instead, each student was assigned a number code so that no personal information could be traced. Only group averages and anonymous scores were presented in the report.

The second instrument was a short online survey that gathered information about students' feelings and experiences. The questions were based on the concept of Foreign Language Classroom Anxiety (FLCA) developed by Horwitz, Horwitz, and Cope, which highlights communication apprehension and fear of negative evaluation as key emotional barriers to language learning [8]. The survey aimed to understand whether participating in peer assessment helped reduce these negative feelings and increased confidence before speaking assessments.

The survey included the following six statements rated on a five-point Likert scale (1 = Strongly Disagree, 2 = Disagree, 3 = Not Sure, 4 = Agree, 5 = Strongly Agree):

1. I feel nervous when I have to speak English in front of my classmates.
2. I get worried when I cannot find the right English words.
3. I feel more relaxed if I know my answer is correct before speaking.
4. I feel embarrassed if I make mistakes in English.
5. I get nervous when the teacher asks me to answer without warning.
6. I feel confident speaking English if my partner supports me.

After the peer assessment sessions, students completed the survey online. Their answers helped identify patterns related to anxiety, confidence, and perceived usefulness of peer feedback. As MacIntyre explains, understanding emotional factors alongside performance outcomes provides a more complete view of students' language learning experiences [12].

AI-TPACK моделі үш негізгі білім саласының нақтыланған түрін сипаттайды: пәндік құзыреттілік (CI), педагогикалық білім (PK) және тікелей жасанды интеллектке қатысты технологиялық білім (TK). Бұл білім жиынтығы тек пәндік сала мамандарына немесе AI технологиясы бойынша сарапшыларға тән дағдылардан өзгеше. Ол AI технологиясын қолдануды талап ететін арнайы оқыту тәсілдеріне сүйенеді және жалпы педагогикалық білімнен асып түсіп, нақты пәндерге бағытталған әдіснаманы қамтиды. AI-TPACK мұғалімдерге немесе мұғалім рөлін атқаратын жасанды интеллект құралдарына адами педагогтар деңгейіне жақын білім мен дағдыларды иеленуге мүмкіндік береді. Мұндай білім оларды оқыту міндеттерін дербес не адам-мұғалімдермен бірлесе атқаруға қабілетті етеді (Ning және т.б., 2024). Қазіргі жасанды интеллект дәуірінде AI тек оқыту мен үйретудің қосымша құралы ғана емес, одан да ауқымды рөлге ие бола бастады. Ендігі басты назар – оқытушылар мен жасанды интеллект негізіндегі құралдардың (AI-оқытушы) өзара тиімді ынтымақтастығын қалыптастыруға бағытталуда. Бұл ынтымақтастық AI-TPACK үлгісінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады (Çelik, 2023). Сондықтан AI технологиясы, пәндік мазмұн және оқыту әдістері арасындағы өзара әрекеттестік AI-TPACK тұжырымдамасының негізгі өзегін құрайды. Бұл өзара байланыстар адам мен компьютердің бірлескен ойлау тәсілі тұрғысынан ерекше маңызға ие. Мұндай көзқарас жасанды интеллектіні тек қосымша құрал ретінде емес, білім беру үдерісінің ажырамас элементі ретінде қарастырудың қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан, нәтижесінде білім мазмұнын ұсыну және оны меңгеру тәсілдері қазіргі AI дәуірінде жаңа сипатқа ие болуда (Ning және т.б., 2024).Жасанды интеллектіні TPACK құрылымына енгізу оқыту әдістерін, оқу үдерісін және білім беру жүйесіндегі басқа да қатысушылардың рөлін түбегейлі өзгертуі мүмкін. Осыған байланысты AI-TPACK моделін дамыту мен толықтыру – қазіргі таңда ғылыми зерттеулердің маңызды бағытына айналып отыр. Бұл үлгінің қалыптасуы мұғалімдердің кәсіби даму тәжірибесіне де ықпал етіп, педагогикалық зерттеулер мен ғылыми еңбектерде кеңінен қарастырылып келеді.

**2-сурет - TRACK және AI TRACK арасындағы танымалдық динамикасы**

Бұл сызбада TRACK және AI TRACK арасындағы танымалдық динамикасы көрсетілген. Нақтырақ 2021 жылдық 17-23 қазан аралығында AI-TRACK моделі жайлы ақпарат 74 рет сұрастылған. Одан кейін 2024 жылы 25 ақпан – 2 наурыз аралығында 100 рет қарастырылған. 2024 жылы 10-16 қараша аралығында AI-TRACK моделі жайлы ақпарат 92 рет сұрастылған (2-сурет). TRACK моделіне қатысты қызығушылық деңгейі Қазақстан қалалары арасында. Оның ішінде Атырау және Семей қалаларындағы деңгейді көрсетілген (3-сурет).




**3-сурет – TRACK моделі Қазақстан қалаларындағы қызығушылық деңгейі**

Мұғалімнің жасанды интеллект құзыреттілігі. Цифрлық құзыреттілік – бұл цифрлық технологияларды түрлі жағдайларда тиімді, жауапкершілікпен және шығармашылық тұрғыда қолдануға қажетті білім, іскерлік пен дағдылардың жиынтығы (Hatlevik және т.б., 2015; Janssen және т.б., 2013). Мұндай құзыреттілігі жоғары тұлғалар технологияның қоғам өміріндегі рөлі мен маңызын жақсы түсінеді және оған оң көзқарас танытады. Сонымен бірге олар саналы түрде, сауатты және қауіпсіз қолдана алады (Ilomäki және т.б., 2016). Мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі – оқыту үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру, жүзеге асыру мен бағалауда цифрлық технологияларды орынды пайдалана білу қабілеті, оқушылардың да осы бағыттағы құзыреттілігін дамытуға ықпал ету және өз кәсіби дамуына белсенді араласу мүмкіндігі ретінде сипатталады (Chiu және т.б., 2024). Жасанды интеллект (AI) құзыреттілігінің өзіндік тиімділігі – бұл адамның әртүрлі жағдайларда AI технологияларын түсіну, пайдалану және енгізу қабілетіне деген жеке сенімі. Мұндай сенім шешім қабылдаудағы батылдықты арттырады және жасанды интеллектіні кәсіби немесе күнделікті тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді (Yılmaz және т.б., 2023). Яғни, AI құзыреттілігінің өзіндік тиімділігі – адамның жасанды интеллектті меңгеру қабілетіне қатысты өзіндік бағасы. Бандураның өзін-өзі тиімділік теориясына сүйене отырып, бұл ұғым жеке тұлғаның белгілі бір тапсырмаларды орындаудағы өз күшіне сенімін айқындайды (Bandura, 2005). Педагогтардың AI-ға қатысты оң ұстанымы олардың оқытуда бұл технологияларды табысты қолдануына ықпал етеді. TPACK үлгісі мұғалімнің цифрлық құралдарды пайдалана отырып, оқыту мен оқу тәжірибесін тиімді ұйымдастырудағы шешім қабылдау қабілетін көрсетеді. Дегенмен, бұл құрылым жасанды интеллект сияқты жаңа технологиялардың әлеуметтік-этикалық мәселелерін (жалған ақпарат, фейк жаңалықтар, моральдық аспектілер) нақты қамтымайды. Осыған қарамастан, мұғалімдер үшін технологияларды тек тиімді ғана емес, сонымен бірге қауіпсіз және салауатты орта құра отырып қолдану маңызды (Chiu және т.б., 2024; Kuzu, 2020). Анжели мен Валанидес (2009) атап өткендей, TPACK құрамдас бөліктерінің арасындағы шекаралардың айқын болмауы оны нақты анықтауды қиындатады. Бұл мәселе AI-TPACK зерттеулерінде де жиі кездеседі (Ning және т.б., 2024).

## Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің эксперименттік кезеңі педагогикалық өлшемдерде цифрлық технологияларды тиімді қолдана отырып, сапалы нәтижелерге қол жеткізу. Эксперимент үш негізгі кезеңнен тұрды: диагностикалық, тәжірибелік және қорытынды.

Диагностикалық кезеңде мектепте негізгі шешуі қажет қиындықтардың бірі оқушылардың сабаққа ден қойып оқуы және мотивациялық деңгейін жоғарылату, бір жерде фокус ұстай білуі, оқуға деген қызығушылықтың артуы. Осындай мақсатта мектеп психологы алдымен оқушыларға диагностикалық жұмыс жүргізуді бірінші кезекке қойды. Бұл қандай үлгіде және қандай құралдармен жүргізілді деген сұрақтар туындайды. Сол бөлімге көшсек. Зерттеуге жалпы саны 212 оқушылар қатысты. Қатысушылардың жас шамасы 15-18ж. Зерттеу барысында қолданылған құралдар тек цифрлық құралдар. Нақты жүргізілген тест – Спилбергер (4-сурет) оқушының мазасыздық шкаласын анықтау мақсатында, тест құрылымы 40 сұрақтан тұрады. Алғашқы 20 сұрақ дәл қазіргі білім алушының жай күйіне байланысты. Алу әдісі QR (5-сурет) код арқылы немесе сілтемемен өтіп, Google аккаунты арқылы кіріп тесттерді белгілеу (6-сурет). Бұндағы басты ерекшелік жауабы бірден оқушыға белгілеген почтаға келуі.

**4-сурет – Тест Спилбергер**




**5,6-сурет – Тесттен өтуге арналған QR және жауабы**

Тәжірибелік кезең бұл бөлімнің негізгі кезеңі болды. Себебі осы кезеңде дәстүрлі әдісте әдетте ең қиын кезеңнің біріне жатқызатын едік. Бұндағы маңызды мәселе оқушыларға кіріп қағаз таратып, олардың тиянақты жазуларын қадағалау және әрбір сұраққа мән беріп, барлығына жауап беруін бақылау болатын. Ал бізге берілген цирфлық мүмкіндіктердің арқасында уақытымызды үнемдей аламыз. Яғни, алдыңғы диагностикалық кезеңде көрсеткендей QR (5-сурет) код арқылы немесе сілтемемен өтіп тесттің сұрақтарына жауап берсе болғаны. Осындай аз ғана әрекеттердің арқасында біз тәжірибелік кезеңді де аяқтай аламыз.

Қорытынды кезеңде жауап берілген сұрақтарға қарай жауабы шығарылады. Берілген тесттің нәтижесі бойынша 2 түрлі бағыт бойынша шығарылатын болады. Олар: реактивті мазасыздық және тұлғалық мазасыздық (1-кесте). Оқушы осы ақпараттарды тани келе өзінің бойында бар мазасыздықтарды анықтай алады. Сонымен қоса, мамандар алынған нәтиже арқылы оқушының психологиялық жай-күйін жан-жақты талдауға мүмкіндік алады. Алынған бұл мәлімет әрі қарай түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуге және алдын-алу іс шараларын жоспарлауға негіз болады.

**1-кесте - Реактивті мазасыздық және тұлғалық мазасыздық күйлерінің айырмашылығы**

| Мазасыздық | Реактивті мазасыздық | Тұлғалық мазасыздық |
|---|---|---|
| Анықтамасы | Бұл белгілі бір жағдайларда немесе сырттан келетін қауіптен туатын уақытша орын алатын адамның мазасыздық күйі.Яғни, осы, қазір, дәл қазіргі сәтте орын алатын адамның жай-күйіне жатады. | Тұрақты жағдайларда орын алатын адамның мазасыздық деңгейі. Адамның тұлға ретінде жеке ерекшелігі. |
| Ұзақтығы | Қысқа мерзімді, жағдаят жойылған соң азаяды,тіпті жоғалады. | Тұрақты, ұзақ мерзімді, өмірдің әр түрлі жағдайларында пайда болады |
| Шығу себебі | Нақты жағдай немесе оқиғада. Мысалы, емтихан алды, жарыс немесе сұхбатта және т.б. | Адамның жеке психологиялық ерекшеліктеріне қарай жүзеге асады. |
| Физиологиялық себебі | Жүректің жиі соғуы, тыныстың жиілеуі, терлеу, қалтырау | Ұйқының бұзылуы, ашуланшақтық, шаршағандық, ұзақ уақыт бойы жүйке күйзелісі |
| Байқалу жиілігі | Тек қысқа уақыт немесе стресс кездерінде | Тұрақты және әртүрлі жағдайларда |
| Психологиялық орны | Тек жағдаяттық күй | Тұлғалық қасиет |

Алынған тест нәтижесінде 212 қатысушының ұпайлары 3 түрлі көрсеткіш бойынша шықты. Олар 0-30 балл аралығында төмен, 30-45 балл аралығында орташа көрсеткіш. Ал 46 және одан жоғары балл жоғары көрсеткішті көрсетеді. 2 кестеде көрсетілгендей реактивті және тұлғалық мазасыздық бойынша 3 көрсеткішке сәйкес шығарылған тест қатысушыларының нәтижесі көрсетілген. Бұндағы мақсат әрбір балл өзіне тән нәтижемен шығарылады. Яғни, егер оқушы реактивті мазасыздықта - 26, ал тұлғалық - 36 балл алса, онда мазасыздық деңгейлері төмен және орташаны көрсетеді. Демек, ол оқушыға қатысты уайымдайтын ештеңе жоқ десе де болады. Ал егер реактивті мазасыздық - 50, тұлғалық мазасыздық - 56 деген нәтиже шығатын болса, онда қауіпті топ қатарына қосып, жағдайды толығырақ анықтау керек болады. Бұндай кездер жеке оқушымен жұмысты қажет ететін болады.

**2 – кесте 212 оқушының мазасыздық деңгейлерінің көрсеткіштері**




Келесі кезектегі маңызды мәселе бұл нәтиженің шығару жолы. Бізде негізгі алынған әдіс тест алу арқылы болса, тест түрі мазасыздыққа бағытталған. Бұл дегеніміз осы құралдардың барлығын дәстүрлі әдістен өзгеше, цифрлық платформаларды пайдалануды мақсат етті. Басты мақсат үлкен ауқымды ақпараттар көздері, оның ішінде оқушылар санын қамту және аз уақыт ішінде нәтиже алу болды. Дәл осындай мақсатпен көптеген адамдар цифрлық құралдарға көмекке жүгінеді. Ал қазіргі заманда одан да оңайырақ түрі ЖИ құралдары біздің жұмысымызды одан әрмен жеңілдетіп отыр. Енді қолданған әдіске оралсақ, тест Спилбергер ол 40 сұрақтан құралған, 2 критерий бойынша, 3 көрсеткіш деңгейі(төмен, орташа, жоғары) бойынша нәтижені шығарып береді. Бұл тестті көбіне психолог мамандары қолданады. Қолдану барысында психолог мамандарының маңызды жұмыс барысы диагностика, оның ішінде қорытынды, яғни интерпретация қажет етеді. Дәл сол мақсатта бұл тестті алып болған соң интерпретацияны қажет етеді. Әдетте бұл жұмыс бөлігінің ең қиын, әрі ұзақ жолының бірі. Бірақ біздің жағдаймызда емес, себебі цифрлық технологиялар көмегімен бұл жұмысымыз екі есе қысқарды. Ереже бойынша 1-20 сұрақтар бойынша реактивтік мазасыздық (жағдайлық мазасыздық) бағаланады.

- Тікелей сұрақтар: 3, 4, 6, 7, 9, 12, 13, 14, 17, 18.
- Кері сұрақтар: 1, 2, 5, 8, 10, 11, 15, 16, 19, 20.

**РЕАКТИВТІК МАЗАСЫЗДЫҚ = ТІКЕЛЕЙ – КЕРІ + 50 (ұпай).**

21-40 сұрақтар бойынша тұлғалық мазасыздық (қасиеттік мазасыздық) бағаланады.

- Тікелей сұрақтар: 22, 23, 24, 25, 28, 29, 31, 32, 34, 35, 37, 38, 40.
- Кері сұрақтар: 21, 26, 27, 30, 33, 36, 39.

**ТҰЛҒАЛЫҚ МАЗАСЫЗДЫҚ = ТІКЕЛЕЙ – КЕРІ + 35 (ұпай).**

Көрсетілген ережеге сай әрбір қатысушының ұпай саны бағаланады. Сол шыққан ұпай бойынша көрсеткіш мәнін білдіреді. Біздің жағдайымызда бұл әрекеттің барлығы Google Форма форматында жүргізілді. Дәлірек 4 суретте көрсетілген формада тест алынды және жауабы бірден тест алынушың почтасына келді. Осы арқылы тест алу, тестті тексеру, тесттің жауабын айту деген үрлістерден бас тарта аламыз. 7 суретте көрсетілген тест нәтижесі бірден біздің қолымызға түседі.

| ырысамын \ ких | Маған меланхолия болады \ У меня бывает хандра | Мен разымын \ Я доволен | Кішкентай нәрселер мені алаңдатады және мазалайды \ Всякие пустяки отвлекают и волнуют меня | Мен өзімнің көңілімнің түсініксіздік сезімдерін соншалықты қатты сезінемін, сондықтан оларды ұзақ уақыт ұмыта алмайымын \ Я так сильно переживаю свои разочарования, что потом долго не могу о ких забыть | Мен теңгерімді адаммын \ Я уравновешенный человек | Өз істерім мен уайымдарым туралы ойлаған кезде мені алаңдаушылық шалады \ Меня охватывает беспокойство, когда я думаю о своих делах и заботах | РЕАКТИВНАЯ ТРЕВОЖНОСТЬ | ЛИЧНОСТНАЯ ТРЕВОЖНОСТЬ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | 3 | 4 | 3 | 2 | 2 | 3 | 38 | 47 |
| 3 | 2 | 2 | 1 | 2 | 2 | 2 | 39 | 50 |
| 4 | 2 | 2 | 2 | 1 | 2 | 2 | 29 | 46 |
| 2 | 1 | 4 | 4 | 2 | 4 | 3 | 31 | 48 |
| 3 | 2 | 4 | 3 | 3 | 3 | 2 | 38 | 50 |
| 3 | 3 | 3 | 2 | 3 | 1 | 3 | 39 | 49 |
| 2 | 2 | 2 | 3 | 3 | 3 | 3 | 46 | 47 |
| 2 | 4 | 2 | 2 | 2 | 3 | 3 | 36 | 47 |
| 4 | 2 | 4 | 2 | 2 | 4 | 2 | 33 | 46 |
| 4 | 2 | 4 | 2 | 2 | 3 | 2 | 39 | 49 |
| 3 | 4 | 2 | 4 | 4 | 3 | 4 | 52 | 65 |
| 2 | 2 | 3 | 2 | 2 | 3 | 3 | 40 | 48 |
| 4 | 3 | 3 | 4 | 3 | 3 | 3 | 35 | 53 |
| 3 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 3 | 52 | 55 |
| 4 | 3 | 4 | 2 | 2 | 2 | 1 | 37 | 49 |
| 3 | 2 | 2 | 2 | 4 | 2 | 4 | 52 | 60 |
| 3 | 2 | 3 | 4 | 4 | 3 | 3 | 62 | 56 |
| 1 | 1 | 1 | 2 | 3 | 1 | 4 | 52 | 47 |
| 4 | 4 | 4 | 4 | 3 | 3 | 4 | 50 | 59 |
| 1 | 3 | 4 | 2 | 3 | 3 | 3 | 51 | 48 |
| 2 | 1 | 2 | 3 | 2 | 3 | 3 | 33 | 49 |
| 3 | 1 | 3 | 3 | 1 | 3 | 3 | 37 | 49 |
| 2 | 2 | 4 | 4 | 4 | 3 | 4 | 43 | 61 |
| 4 | 1 | 3 | 1 | 1 | 1 | 3 | 35 | 46 |
| 2 | 1 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 36 | 46 |
| 4 | 1 | 3 | 3 | 4 | 4 | 4 | 46 | 62 |
| 4 | 2 | 3 | 2 | 3 | 3 | 2 | 29 | 46 |
| 3 | 1 | 2 | 3 | 3 | 4 | 3 | 36 | 49 |
| 3 | 1 | 2 | 4 | 1 | 2 | 2 | 47 | 52 |
| 4 | 1 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 34 | 46 |
| 3 | 3 | 3 | 2 | 3 | 3 | 1 | 34 | 54 |
| 3 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 | 39 | 50 |
| 4 | 3 | 3 | 3 | 4 | 3 | 3 | 44 | 61 |
| 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 1 | 1 | 50 | 46 |
| 2 | 2 | 2 | 2 | 4 | 1 | 4 | 56 | 56 |
| 4 | 4 | 4 | 1 | 4 | 2 | 3 | 38 | 53 |
| 4 | 2 | 2 | 3 | 4 | 4 | 2 | 50 | 54 |
| 3 | 3 | 3 | 3 | 4 | 3 | 3 | 29 | 58 |

**7-сурет - Тест Спилбергер нәтиже**

**Нәтижелер және талқылау**

Бұл мақалада цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің білім беру контекстіндегі интеграциясы, әсіресе педагогикалық өлшемдер саласында, TRACK моделі және AI-TPACK, Эксперимент үш негізгі кезеңдерін пайдаланып(диагностикалық, тәжірибелік және қорытынды) тест – Спилбергер әдісі жүргізілді. Диагностикалық кезеңде студенттердің мазасыздық деңгейі анықталды, тәжірибелік кезеңде цифрлық құралдар негізінде түрлі әдістемелер енгізілді, ал қорытынды кезеңде алынған мәліметтер талданып, тиімділігі бағаланды. Зерттеу нәтижесінде оқу үдерісінің сапасы артып, студенттердің танымдық белсенділігі мен кәсіби құзыреттіліктері жоғарылады, цифрлық технологияларды пайдаланып, уақыт үнемделді, жақсы нәтиже, жұмыс істеу темпі жеңілдетілді және жаңа түрлі әдістер енгізілді. Бұл оқытушылардың оқу үрдісін жобалау, оқыту әдістері, үлкен ауқымды оқушылар санын қамти алу, оларды басқару және бағалау секілді оқытушылардың педагогикалық қабілеттерінің дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді. Бұл мұғалімдердің кәсіби тәжірибесі арқылы білімді қолдану қабілеттерін жетілдіретінін көрсетеді (Archambault & Barnett, 2010). Жалпы саны 212 оқушы эксперимент қатысушысы болды. Алынған тест нәтижесінде 22 оқушының мазасыздық деңгейі жоғары екендігі анықталды. Бұл деректер зерттеудің маңызды екендігін көрсетеді. Басты себеп цифрлық технологияларды қолдана отырып, нақты сандық көрсеткіштерді тез әрі нақты алуға мүмкіндік туды.Тестілеу Google Form платформасы арқылы жүргізілді. Бұл құралдың көмегімен оқушылардың жауаптары автоматты түрде жинақталып, өңделді. Нәтижесінде мұғалімдер мен зерттеушілер уақытты айтарлықтай үнемдеп, қателіктер ықтималдығын азайтты.

TRACK моделі осы зерттеуде мұғалімдердің цифрлық технологияларды қаншалықты меңгергенін теориялық тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік берді. Мұғалімдердің көпшілігінің цифрлық құралдарды қолдану бойынша базалық деңгейден жоғары құзыреттілікке ие екендігі байқалды. Сонымен қатар, олардың педагогикалық тәсілдерді жетілдіруде жасанды интеллектті қолдау құралы ретінде қабылдауы оң нәтиже берді. Бұл мұғалімдердің жаңа технологияларды өз тәжірибесінде қолдануға дайын екендігін көрсетеді. Зерттеу барысында алынған мәліметтер педагогикалық процестің бірнеше маңызды артықшылықтарын ашты. Біріншіден, Google Form және басқа цифрлық құралдардың көмегімен жаппай деректерді жинау мен талдау жылдам әрі тиімді жүзеге асты. Екіншіден, мұғалімдерге оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтауға, оны сандық мәнде бағалауға мүмкіндік берілді. Үшіншіден, мұндай әдістер болашақта психологиялық-педагогикалық зерттеулерде кеңінен қолданылуы мүмкін екендігі дәлелденді.

## Қорытынды

### Зерттеудің шектеулері мен ұсыныстары

Бұл зерттеу барысында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің білім беру процесіндегі интеграциясына, әсіресе педагогикалық өлшемдер саласында қолданылуына назар аударылды. TRACK моделі мен AI-TPACK тәсілдері педагогтердің тәжірибелік қызметін жаңа деңгейге көтеруде тиімді құралдар болып табылды. Эксперимент үш негізгі кезең арқылы жүргізілді: диагностикалық, тәжірибелік және қорытынды. Диагностикалық кезеңде Спилбергер әдісі пайдаланылып, оқушылардың реактивті және тұлғалық мазасыздық деңгейлері анықталды. Тәжірибелік кезеңде цифрлық технологиялардың көмегімен алынған деректерді талдау жүзеге асырылып, мұғалімдер мен оқушылардың нәтижелері салыстырмалы түрде бағаланды. Қорытынды кезеңде алынған нәтижелердің жалпы мазмұны сараланып, практикалық ұсыныстар жасалды. Зерттеу барысында анықталған оң нәтижелердің ішінде ең бастысы – ақпараттарды жедел әрі сапалы тұрғыдан бағалау мүмкіндігі. Мұғалімдерге цифрлық құралдардың көмегімен уақытты үнемдеуге, жұмысты жеңілдетуге және деректерді жүйелі түрде талдауға жағдай жасалды. Сондай-ақ, жасанды интеллекттің қатысуымен тест нәтижелерін автоматтандыру арқылы мұғалімдердің субъективті қателерін азайтып, бағалаудың әділдігін арттыруға қол жеткізілді. TRACK моделі оқыту үдерісіндегі технологиялық, педагогикалық және мазмұндық аспектілердің өзара байланысын нақты көрсетті. Ал AI-TPACK мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін арттырудың жүйелі тәсілі ретінде өзін көрсетті.

Дегенмен, зерттеудің белгілі бір шектеулері де анықталды. Біріншіден, тест – Спилбергер нәтижесінде жоғары мазасыздық деңгейі байқалған 22 оқушыны әрмен қарай тереңдетіп зерттеу цифрлық технологиялардың көмегінсіз жүзеге асатыны белгілі болды. Бұл жасанды интеллект құралдарының оқушылардың эмоционалдық жай-күйін жан-жақты талдауда шектеулігін көрсетеді. Яғни, технологиялар деректерді жинақтап, бастапқы бағалау жасауға көмектескенімен, нақты психологиялық қолдау мен араласуды алмастыра алмайды.

Екіншіден, цифрлық платформаларға толықтай тәуелділік мұғалімдер мен оқушылардың кейбір жағдайларда дәстүрлі әдістерден алыстап кетуіне әкелуі мүмкін. Бұл әсіресе ауылдық жерлерде интернет жылдамдығы мен құрылғылардың жеткіліксіздігі сияқты техникалық кедергілерге байланысты қиындықтар туғызады. Сонымен қатар, мұғалімдердің барлығы бірдей AI-TPACK үлгісін тиімді игеріп кете алмауы мүмкін, бұл педагогикалық тәжірибеде теңсіздікке алып келеді.

Үшіншіден, жасанды интеллект жүйелері кейде контексті толық түсінбей, жалпылама ұсыныстар беруі ықтимал. Бұл зерттеу барысында байқалғандай, кейбір оқушылардың мазасыздық деңгейінің терең себептері цифрлық талдау барысында ашылмай қалды. Мұндай жағдайда психологтың немесе мұғалімнің кәсіби тәжірибесі шешуші рөл атқарады.

Осыған орай бірнеше ұсыныс беруге болады. Біріншіден, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті педагогикалық өлшемдер саласында пайдалануды жалғастыра отырып, дәстүрлі психологиялық әдістермен үйлестіру қажет. Бұл тәсіл аралас (гибридті) модельдің тиімділігін арттырады. Екіншіден, мұғалімдерді AI-TPACK үлгісі бойынша жүйелі түрде оқыту, олардың цифрлық сауаттылығын жетілдіру арқылы технологияларды тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Үшіншіден, зерттеуді тек бір мектеп немесе тар аудитория шеңберінде ғана емес, әртүрлі аймақтарда, түрлі әлеуметтік-мәдени ортада жүргізу ұсынылады. Бұл алынған нәтижелердің жалпы валидтілігі мен сенімділігін күшейтеді.Сонымен қатар, жасанды интеллекттің эмоционалдық деректерді талдау қабілетін дамыту бағытында қосымша ғылыми зерттеулер жүргізу орынды болмақ. Себебі оқушылардың психологиялық жай-күйін бағалау тек статистикалық көрсеткіштермен шектелмей, олардың мінез-құлқы, оқу үлгерімі және әлеуметтік

қарым-қатынастарымен де байланысты. Алдағы уақытта осындай кешенді тәсілдер білім беру сапасын арттыруға елеулі үлес қосады.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің білім беру контекстіндегі әлеуетін ашып көрсетсе де, олардың шектеулерін де айқындап берді. TRACK моделі мен AI-TPACK педагогикалық практикаға интеграцияланғанда тиімді нәтиже беретіні анықталды. Дегенмен, цифрлық шешімдер дәстүрлі психологиялық әдістерді толық алмастырмайтынын ескерген жөн. Сондықтан болашақтағы зерттеулерде осы екі бағытты үйлестіру басты назарда болуы қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Markhmadova, Zh.K., Kassymova, G.K., Hasyim, A.M. (2025). Developing Digital Competence Among Educational Psychologists: Pedagogical Measurements and Comparative Analysis. Materials of International Scientific-Practical Internet Conference “Challenges of Science”. Issue VIII, pp. 34-45. https://doi.org/10.31643/2025.04

2. Abbitt, J. T. (2011). Measuring technological pedagogical content knowledge in preservice teacher education: A review of current methods and instruments. Journal of Research on Technology in Education, 43(4), 281–300. https://doi.org/10.1080/15391523.2011.10782573

3. Almithqal, E. A., John, T. (2025). Exploring Jordanian university lecturers’ TPACK knowledge: Integrating ICT for teaching English pronunciation. Pedagogical Research, 10(1), Article em0227. https://doi.org/10.29333/pr/15588

4. Anderson, J. C., Gerbing, D. (1984). The effect of sampling error on convergence, improper solutions, and goodness-of-fit indices for maximum likelihood confirmatory factor analysis. Psychometrika, 49, 155–173. https://doi.org/10.1007/BF02294170

5. Angeli, C., Valanides, N. (2009). Epistemological and methodological issues for the conceptualization, development, and assessment of ICT-TPCK: Advances in technological pedagogical content knowledge (TPCK). Computers & Education, 52(1), 154–168. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2008.07.006

6. Archambault, L. M., Barnett, J. H. (2010). Revisiting technological pedagogical content knowledge: Exploring the TPACK framework. Computers & Education, 55(4), 1656–1662. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2010.07.009

7. Ay, Y., Karadağ, E., Acat, M. B. (2015). The technological pedagogical content knowledge-practical (TPACKpractical) model: Examination of its validity in the Turkish culture via structural equation modeling. Computers & Education, 88, 97–108. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2015.04.017

8. Bandura, A. (2005). Guide for constructing self-efficacy scales. In F. Pajares, & T. Urdan (Eds.), Self-efficacy beliefs of adolescents (pp. 307–337). Information Age Publishing. Online Journal of Communication and Media Technologies, 2025 Online Journal of Communication and Media Technologies, 15(3), e202523 13 / 15

9. Bwalya, A., Rutegwa, M., Mapulanga, T. (2024). Developing pre-service biology teachers’ technological pedagogical content knowledge through a TPACK-based course. European Journal of Educational Research, 13(1), 263–278. https://doi.org/10.12973/eu-jer.13.1.263

10. Çelik, I. (2023). Towards intelligent-TPACK: An empirical study on teachers’ professional knowledge to ethically integrate artificial intelligence (AI)-based tools into education. Computers in Human Behavior, 138, Article 107468. https://doi.org/10.1016/j.chb.2022.107468

11. Chai, C. S., Koh, J. H. L., Tsai, C. C. (2010). Facilitating preservice teachers’ development of technological, pedagogical, and content knowledge (TPACK). Educational Technology and Society, 13(4), 63–73.

12. Chai, C. S., Koh, J. H. L., Tsai, C. C. (2011). Exploring the factor structure of the constructs of technological,pedagogical, content knowledge (TPACK). The Asia Pacific Education Researcher, 20(3), 595–603.

13. Chiu, T. K. F., Ahmad, Z., Çoban, M. (2025). Development and validation of teacher artificial intelligence (AI) competence self-efficacy (TAICS) scale. Education and Information Technologies, 30, 6667–6685.https://doi.org/10.1007/s10639-024-13094-z

14. Chiu, T. K. F., Falloon, G., Song, Y. J., Wong, V. W. L., Zhao, L., Ismailov, M. A (2024). A self-determination theory approach to teacher digital competence development. Computers & Education, 24, Article 105017. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2024.105017

15. Creswell, J. W. (2005). Educational research: Planning, conducting, and evaluating quantitative and qualitative research. Pearson.

16. Falloon, G. (2020). From digital literacy to digital competence: The teacher digital competency (TDC) framework. Educational Technology Research and Development, 68(5), 2449–2472. https://doi.org/10.1007/s11423-020-09767-4

17. Fieding, J., Gilbert, N. (2006). Understanding social statistics. SAGE. https://doi.org/10.4135/9781446249406

18. Graham, C. R. (2011). Theoretical considerations for understanding technological pedagogical content knowledge (TPACK). Computers & Education, 57, 1953–1960. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2011.04.010

19. Hatlevik, O. E., Guðmundsdóttir, G. B., Loi, M. (2015). Digital diversity among upper secondary students: A multilevel analysis of the relationship between cultural capital, self-efficacy, strategic use of information and digital competence. Computers & Education, 81, 345–353. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2014.10.019

20. Hewitt, J. (2008). Reviewing the handbook of technological pedagogical content knowledge (TPACK) for educators. Canadian Journal of Science, Mathematics and Technology Education, 8(4), 355–360. https://doi.org/10.1080/14926150802506274

21. Ilomäki, L., Paavola, S., Lakkala, M., Kantosalo, A. (2016). Digital competence–An emergent boundary concept for policy and educational research. Education and Information Technologies, 21, 655–679. https://doi.org/10.1007/s10639-014-9346-4

22. Janssen, J., Stoyanov, S., Ferrari, A., Punie, Y., Pannekeet, K., Sloep, P. (2013). Experts' views on digital competence: Commonalities and differences. Computers & Education, 68, 473–481. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2013.06.008

23. Keating, T., Evans, E. (2001). Three computers in the back of the classroom: Preservice teachers' conceptions of technology integration. In Proceedings of the Society for Information Technology & Teacher Education International Conference 2001 (pp. 1671–1676). AACE.

24. Koehler, M. J., Mishra, P., Kereluik, K., Shin, T. S., Graham, C. R. (2014). The technological pedagogical content knowledge framework. In J. M. Spector, M. D. Merrill, J. Elen, & M. J. Bishop (Eds.), Handbook of research on educational communications and technology (pp. 101–111). Springer. https://doi.org/10.1007/978-1-4614-3185-5_9

25. Koehler, M., Mishra, P. (2005). What happens when teachers design educational technology? The development of technological pedagogical content knowledge. Journal of Educational Computing Research, 32(2), 131–152. https://doi.org/10.2190/0EW7-01WB-BKHL-QDYV

26. Koehler, M., Mishra, P. (2009). What is technological pedagogical content knowledge? Contemporary Issues in Technology and Teacher Education, 9(1), 60–70.

27. Koh, J. L, Chai, C. S., Tsai, C. C. (2010). Examining the technological pedagogical content knowledge of Singapore pre-service teachers with a large-scale survey. Journal of Computer Assisted Learning, 26(6), 563–573. https://doi.org/10.1111/j.1365-2729.2010.00372.x

28. Ibragimov et al. 14 / 15 Online Journal of Communication and Media Technologies, 15(3), e202523

29. Koh, J. L., Chai, C. S., Tsai, C. C. (2013). Examining practicing teachers' perceptions of technological pedagogical content knowledge (TPACK) pathways: A structural equation modeling approach. Instructional Science, 41, 793–809. https://doi.org/10.1007/s11251-012-9249-y

30. Lee, M., Tsai, C. (2010). Exploring teachers' perceived self efficacy and technological pedagogical content knowledge with respect to educational use of the world wide web. Instructional Science, 38(1), 1–21. https://doi.org/10.1007/s11251-008-9075-4

31. Li, M., Vale, C., Tan, H., Blannin, J. (2025). Exploring demographic influences on digital technology integration in Chinese primary mathematics education. International Electronic Journal of Mathematics Education, 20(2), Article em0810. https://doi.org/10.29333/iejme/15814

32. Lim, C. P., Chai, C. S. (2008). Teachers' pedagogical beliefs and their planning and conduct of computer mediated classroom lessons. British Journal of Educational Technology, 39(5), 807–828.https://doi.org/10.1111/j.1467-8535.2007.00774.x

33. Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., Forcier, L. B. (2016). Intelligence unleashed: An argument for AI in education. Pearson.

34. Maghsudi, S., Lan, A., Xu, J., van der Schaar, M. (2021). Personalized education in the artificial intelligence era: What to expect next. IEEE Signal Processing Magazine, 38(5), 37–50. https://doi.org/10.1109/MSP.2021.3055032.

**Ж.Қ. Мархмадова, Г.К. Касымова, H. Retnawati, H.M. Shalihah, A. Burhanuddin**

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИЗМЕРЕНИЯХ

Статья направлена на анализ современных педагогических подходов к использованию цифровых технологий и искусственного интеллекта в образовательном процессе, в частности в школьных учреждениях. В ходе исследования рассмотрены преимущества и недостатки внедрения искусственного интеллекта в педагогические измерения, а также совместные подходы и структуры, необходимые для его эффективного применения. В рамках моделей TRACK (Technological Pedagogical Content Knowledge) и AI-TPACK проанализированы теоретические основы использования цифровых технологий в педагогике и определены пути интеграции технологической, педагогической и содержательной компетентностей школьных учителей. Наряду с положительными аспектами, были рассмотрены основные барьеры и риски. Исследование включало три основных этапа: диагностический, экспериментальный и заключительный. На экспериментальном этапе педагог-психолог с помощью цифровых технологий провел тест Спилбергера для определения уровня тревожности у 212 учащихся, что позволило доказать эффективность (или неэффективность) цифровых инструментов в образовательном процессе. В результате установлено, что эффективное использование цифровых технологий и искусственного интеллекта в обучении способствует повышению качества образования и оказывает положительное влияние на профессиональную деятельность педагога.

**Ключевые слова:** цифровые технологии, искусственный интеллект, тест Спилбергера, TRACK, AI-TPACK модель, тревожность.

**Zh.K. Markhmadova, G.K. Kassymova, H. Retnawati, H.M. Shalihah, A. Burhanuddin**

## USE OF DIGITAL TECHNOLOGIES AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN PEDAGOGICAL MEASUREMENT

The article focuses on analyzing modern pedagogical approaches to the use of digital technologies and artificial intelligence in the educational process, particularly in schools. The study examines the advantages and disadvantages of integrating artificial intelligence into pedagogical measurements, as well as the collaborative approaches and frameworks necessary for its effective implementation. Within the framework of the TRACK (Technological Pedagogical Content Knowledge) and AI-TPACK models, the theoretical foundations of using digital technologies in pedagogy are explored, and ways to integrate teachers' technological, pedagogical, and content competencies are identified. Alongside the positive aspects, the main barriers and risks are also discussed. The research consisted of three main stages: diagnostic, experimental, and final. During the experimental stage, the school psychologist used digital technologies to administer the Spielberger anxiety test to

212 students to determine the effectiveness or ineffectiveness of digital tools in the educational process. The findings demonstrate that the effective use of digital technologies and artificial intelligence in education enhances the quality of learning and positively influences teachers' professional performance.

**Keywords:** digital technologies, artificial intelligence, Spielberger test, TRACK, AI-TPACK model, anxiety.

## References

1. Markhmadova, Zh.K., Kassymova, G.K., Hasyim, A.M. (2025). Developing Digital Competence Among Educational Psychologists: Pedagogical Measurements and Comparative Analysis. Materials of International Scientific-Practical Internet Conference "Challenges of Science". Issue VIII, pp. 34-45. https://doi.org/10.31643/2025.04
2. Abbitt, J. T. (2011). Measuring technological pedagogical content knowledge in preservice teacher education: A review of current methods and instruments. Journal of Research on Technology in Education, 43(4), 281–300. https://doi.org/10.1080/15391523.2011.10782573
3. Almithqal, E. A., & John, T. (2025). Exploring Jordanian university lecturers' TPACK knowledge: Integrating ICT for teaching English pronunciation. Pedagogical Research, 10(1), Article em0227. https://doi.org/10.29333/pr/15588
4. Anderson, J. C., & Gerbing, D. (1984). The effect of sampling error on convergence, improper solutions, and goodness-of-fit indices for maximum likelihood confirmatory factor analysis. Psychometrika, 49, 155–173. https://doi.org/10.1007/BF02294170
5. Angeli, C., & Valanides, N. (2009). Epistemological and methodological issues for the conceptualization, development, and assessment of ICT-TPCK: Advances in technological pedagogical content knowledge (TPCK). Computers & Education, 52(1), 154–168. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2008.07.006
6. Archambault, L. M., & Barnett, J. H. (2010). Revisiting technological pedagogical content knowledge: Exploring the TPACK framework. Computers & Education, 55(4), 1656–1662. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2010.07.009
7. Ay, Y., Karadağ, E., & Acat, M. B. (2015). The technological pedagogical content knowledge-practical (TPACKpractical) model: Examination of its validity in the Turkish culture via structural equation modeling. Computers & Education, 88, 97–108. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2015.04.017
8. Bandura, A. (2005). Guide for constructing self-efficacy scales. In F. Pajares, & T. Urdan (Eds.), Self-efficacy beliefs of adolescents (pp. 307–337). Information Age Publishing. Online Journal of Communication and Media Technologies, 2025 Online Journal of Communication and Media Technologies, 15(3), e202523 13 / 15
9. Bwalya, A., Rutegwa, M., & Mapulanga, T. (2024). Developing pre-service biology teachers' technological pedagogical content knowledge through a TPACK-based course. European Journal of Educational Research, 13(1), 263–278. https://doi.org/10.12973/eu-jer.13.1.263
10. Çelik, I. (2023). Towards intelligent-TPACK: An empirical study on teachers' professional knowledge to ethically integrate artificial intelligence (AI)-based tools into education. Computers in Human Behavior, 138, Article 107468. https://doi.org/10.1016/j.chb.2022.107468
11. Chai, C. S., Koh, J. H. L., & Tsai, C. C. (2010). Facilitating preservice teachers' development of technological, pedagogical, and content knowledge (TPACK). Educational Technology and Society, 13(4), 63–73.
12. Chai, C. S., Koh, J. H. L., & Tsai, C. C. (2011). Exploring the factor structure of the constructs of technological,pedagogical, content knowledge (TPACK). The Asia Pacific Education Researcher, 20(3), 595–603.
13. Chiu, T. K. F., Ahmad, Z., & Çoban, M. (2025). Development and validation of teacher artificial intelligence (AI) competence self-efficacy (TAICS) scale. Education and Information Technologies, 30, 6667–6685.https://doi.org/10.1007/s10639-024-13094-z
14. Chiu, T. K. F., Falloon, G., Song, Y. J., Wong, V. W. L., Zhao, L., & Ismailov, M. A (2024). A self-determination theory approach to teacher digital competence development. Computers & Education, 24, Article

105017. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2024.105017

15. Creswell, J. W. (2005). Educational research: Planning, conducting, and evaluating quantitative and qualitative research. Pearson.

16. Falloon, G. (2020). From digital literacy to digital competence: The teacher digital competency (TDC) framework. Educational Technology Research and Development, 68(5), 2449–2472. https://doi.org/10.1007/s11423-020-09767-4

17. Fieding, J., & Gilbert, N. (2006). Understanding social statistics. SAGE. https://doi.org/10.4135/9781446249406

18. Graham, C. R. (2011). Theoretical considerations for understanding technological pedagogical content knowledge (TPACK). Computers & Education, 57, 1953–1960. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2011.04.010

19. Hatlevik, O. E., Guðmundsdóttir, G. B., & Loi, M. (2015). Digital diversity among upper secondary students: A multilevel analysis of the relationship between cultural capital, self-efficacy, strategic use of information and digital competence. Computers & Education, 81, 345–353. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2014.10.019

20. Hewitt, J. (2008). Reviewing the handbook of technological pedagogical content knowledge (TPACK) for educators. Canadian Journal of Science, Mathematics and Technology Education, 8(4), 355–360. https://doi.org/10.1080/14926150802506274

21. Ilomäki, L., Paavola, S., Lakkala, M., & Kantosalo, A. (2016). Digital competence–An emergent boundary concept for policy and educational research. Education and Information Technologies, 21, 655–679. https://doi.org/10.1007/s10639-014-9346-4

22. Janssen, J., Stoyanov, S., Ferrari, A., Punie, Y., Pannekeet, K., & Sloep, P. (2013). Experts' views on digital competence: Commonalities and differences. Computers & Education, 68, 473–481. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2013.06.008

23. Keating, T., & Evans, E. (2001). Three computers in the back of the classroom: Preservice teachers' conceptions of technology integration. In Proceedings of the Society for Information Technology & Teacher Education International Conference 2001 (pp. 1671–1676). AACE.

24. Koehler, M. J., Mishra, P., Kereluik, K., Shin, T. S., & Graham, C. R. (2014). The technological pedagogical content knowledge framework. In J. M. Spector, M. D. Merrill, J. Elen, & M. J. Bishop (Eds.), Handbook of research on educational communications and technology (pp. 101–111). Springer. https://doi.org/10.1007/978-1-4614-3185-5_9

25. Koehler, M., & Mishra, P. (2005). What happens when teachers design educational technology? The development of technological pedagogical content knowledge. Journal of Educational Computing Research, 32(2), 131–152. https://doi.org/10.2190/0EW7-01WB-BKHL-QDYV

26. Koehler, M., & Mishra, P. (2009). What is technological pedagogical content knowledge? Contemporary Issues in Technology and Teacher Education, 9(1), 60–70.

27. Koh, J. L, Chai, C. S., & Tsai, C. C. (2010). Examining the technological pedagogical content knowledge of Singapore pre-service teachers with a large-scale survey. Journal of Computer Assisted Learning, 26(6), 563–573. https://doi.org/10.1111/j.1365-2729.2010.00372.x

28. Ibragimov et al. 14 / 15 Online Journal of Communication and Media Technologies, 15(3), e202523

29. Koh, J. L., Chai, C. S., & Tsai, C. C. (2013). Examining practicing teachers' perceptions of technological pedagogical content knowledge (TPACK) pathways: A structural equation modeling approach. Instructional Science, 41, 793–809. https://doi.org/10.1007/s11251-012-9249-y

30. Lee, M., & Tsai, C. (2010). Exploring teachers' perceived self efficacy and technological pedagogical content knowledge with respect to educational use of the world wide web. Instructional Science, 38(1), 1–21. https://doi.org/10.1007/s11251-008-9075-4

31. Li, M., Vale, C., Tan, H., & Blannin, J. (2025). Exploring demographic influences on digital technology integration in Chinese primary mathematics education. International Electronic Journal of Mathematics Education, 20(2), Article em0810. https://doi.org/10.29333/iejme/15814

32. Lim, C. P., & Chai, C. S. (2008). Teachers' pedagogical beliefs and their planning and conduct of computer mediated classroom lessons. British Journal of Educational Technology, 39(5), 807–828.https://doi.org/10.1111/j.1467-8535.2007.00774.x

33. Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., & Forcier, L. B. (2016). Intelligence unleashed: An argument

for AI in education. Pearson.

34. Maghsudi, S., Lan, A., Xu, J., & van der Schaar, M. (2021). Personalized education in the artificial intelligence era: What to expect next. IEEE Signal Processing Magazine, 38(5), 37–50. https://doi.org/10.1109/MSP.2021.3055032

***Авторлар туралы мәлімет:***

**Мархмадова Жансая Қайратқызы** (корреспондент авторы) – Педагогика және психология факультеті, Педагогикалық өлшемдер білім беру бағдарламасы PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: jan_27_2001@mail.ru

**Қасымова Гүлжайна Құралбайқызы** – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры; АҚ Металлургия және Кен байыту институты, Сәтбаев Университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: g.kassymova@abaiuniversity.edu.kz

**Ретнавати Хери** – PhD, Негери Джогьякарта университетінің қауымдастырылған профессоры (Yogyakarta State University), Джогьякарта қ., Индонезия, e-mail: heri.retnawati@uny.ac.id (mailto:heri.retnawati@uny.ac.id)

**Ханифах Мар'атуш Шалихах** – Негери Джогьякарта университеті, Каранг Малан, Чатуртүнггал, Депок, Слеман, Индонезияның Ерекше Джогьякарта аймағы, пошта индексі 55281, e-mail: hanifahmaratush.2025@student.uny.ac.id

**Энди Бурхануддин** – Негери Джогьякарта университеті, Каранг Малан, Чатуртүнггал, Депок, Слеман, Индонезияның Ерекше Джогьякарта аймағы, пошта индексі 55821, e-mail: andibur@uny.ac.id

***Информация об авторах:***

**Мархмадова Жансая Кайратовна** (автор-корреспондент) – докторант PhD образовательной программы «Педагогические измерения» факультета педагогики и психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, e-mail: jan_27_2001@mail.ru

**Касымова Гульжайна Куралбаевна** – PhD, ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая; Институт Металлургии и обогащения АО, Satbayev University, г.Алматы, Қазахстан, e-mail: g.kassymova@abaiuniversity.edu.kz

**Хери Ретнавати** – PhD, ассоциированный профессор Государственного университета Джокьякарты (Yogyakarta State University), г. Джокьякарта, Индонезия, e-mail: heri.retnawati@uny.ac.id

**Ханифах Мар’атуш Шалихах** – Университет Негери Джокьякарта, Каранг Малан, Чатуртунггал, Депок, Слеман, Особый регион Джокьякарта, Индонезия, почтовый индекс 55281, e-mail: hanifahmaratush.2025@student.uny.ac.id.

**Энди Бурхануддин** – Университет Негери Джокьякарта, Каранг Малан, Чатуртунггал, Депок, Слеман, Особый регион Джокьякарта, Индонезия, почтовый индекс 55821. e-mail: andibur@uny.ac.id

***Information about authors:***

**Zhansaya Kairatkyzy Markhmadova** (corresponding author) – PhD student of the Educational Program «Pedagogical Measurements», Faculty of Pedagogy and Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: jan_27_2001@mail.ru

**Kassymova Gulzhaina Kuralbayevna** – PhD, Associate Professor at Abai Kazakh National Pedagogical University; Institute of Metallurgy and Ore Beneficiation JSC, Satbayev University, (Almaty, Kazakhstan, E-mail: g.kassymova@abaiuniversity.edu.kz

**Heri Retnawati** – PhD, Associate Professor, Negeri Yogyakarta University (Yogyakarta, Indonesia, e-mail: heri.retnawati@uny.ac.id

**Hanifah Mar'atush Shalihah** – Universitas Negeri Yogyakarta, Karang Malang, Caturtunggal, Depok, Sleman, D.I. Yogyakarta Post Code 55281, e-mail: hanifahmaratush.2025@student.uny.ac.id

**Andy Burhanuddin** – Universitas Negeri Yogyakarta, Karang Malang, Caturtunggal, Depok, Sleman, D.I. Yogyakarta Post Code 55821, email: andibur@uny.ac.id